ISSN 1563-0218
Индекс 75866; 25866

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Биология сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия биологическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

Biology series

№1 (66)

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ISSN 1563-0218
Индекс 75866; 25866

ХАБАРШЫ

БИОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ №1 (66)

25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Куәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ
Оразова С.Б. – б. ғ. к. *(Қазақстан)*

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Заядан Б.К., б.ғ.д., профессор – ғылыми редактор (*Қазақстан*)
Бисенбаев А.К., б.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі – ғылыми редактордың орынбасары (*Қазақстан*)
Тулеуханов С.Т., б.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Айташева З.Г., б.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Канаев А.Т., б.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Кистаубаева А.С., б.ғ.к. (*Қазақстан*)
Жубанова А.А., б.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Иващенко А.Т., б.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Мухитдинов Н.М., б.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Нуртазин С.Т., б.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Шулембаева К.К., б.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Берсимбай Р.И., б.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі (*Қазақстан*)
Туруспеков Е.К., б.ғ.к., ассоциацияланған профессор (*Қазақстан*)

Бекманов Б.О., б.ғ.к., доцент (*Қазақстан*)
Омаров Р.Т., б.ғ.к., доцент (*Қазақстан*)
Искаков Б.К., б.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Сарбасов Д., PhD докторы, профессор (*АҚШ*)
Абжанов А., PhD докторы, профессор (*АҚШ*)
Раццакуэ М., PhD докторы, профессор (*АҚШ*)
Орынбаева З.С., PhD докторы (*АҚШ*)
Поляк Б., PhD докторы (*АҚШ*)
Фридман Г., PhD докторы (*АҚШ*)
Курмашева Р.Т., PhD докторы (*АҚШ*)
Сапарбаев М., PhD докторы, профессор (*Франция*)
Партон С., PhD докторы, профессор (*Ұлыбритания*)
Дигель И., PhD докторы, профессор (*Германия*)
Даниленко М.П., PhD докторы (*Израиль*)
Тургай Т., PhD докторы (*Туркия*)
Лось Д., б.ғ.д., профессор (*Ресей*)
Маторин Д.Н., б.ғ.д., профессор (*Ресей*)

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы
Гульмира Шаккозова
Телефон: +77017242911
E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Компьютерде беттеген:
Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші
Мөлдір Өміртайқызы
Телефон: +7(727)377-34-11
E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ №9887

Басуға 27.06.2016 жылы қол қойылды.
Пішімі 60x84 $^{1}/_{8}$. Көлемі 18.5 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.
Тапсырыс №2958. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

1-бөлім
БОТАНИКА

Раздел 1
БОТАНИКА

Section 1
BOTANY

Дурмекбаева Ш.Н.,
Хамитова Г.Ж., Мемешов С.К.,
Жумабаева А.А.

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Қазақстан, Көкшетау

Ақмола облысы Зеренді ауданы аймағы флорасының түрлік құрамы

Бұл жұмыста Ақмола облысы Зеренді ауданы аймағының флорасында кездескен өсімдіктер түрлеріне систематикалық талдау жүргізілген. Зерттелген аймақтың флорасында 41 тұқымдасқа, 108 туысқа жататын өсімдіктердің 136 түрі анықталған: Pinophyta 1 түрін немесе жалпы түрлер санының 0,73%-ын, Қосжарнақтылар (Magnolopsida) класының 115 түрін немесе 84,56%-ын және Даражарнақтылар (Liliopsidae) класының 20 түрін немесе 14,71%-ын қамтыған. Magnolopsida класында жалпы түр саны бойынша бірінші орынды Asteraceae (25 түр); екінші орынды Rosaceae (14 түр); үшінші орынды Fabaceae (11 түр) тұқымдасы алады; Liliopsidae класында Poaceae (10 түр); Juncaceae Juss. (4 түр); Liliaceae Juss. тұқымдасы (2 түр) алады. Тіршілік формаларына байланысты ағаштар – 3 түр, бұталар – 8 түр, жартылай бұталар – 7 түр, шөптесін өсімдіктер – 118 түрді біріктіретіні анықталды. Көпжылдық шөптесін өсімдіктер (92 түр), біржылдық шөптесін өсімдіктер (20 түр), бұталар (8 түр), жартылай бұталар (7 түр), екіжылдық шөптесін өсімдіктер (6 түр), ағаштар (3 түр). Тіршілік формаларының зерттеу сараптамасы бойынша өсімдіктерінің жасына қарай өзгеруі поликарпты (80,88%) және монокарпты (19,12%) түрлері анықталды.

Түйін сөздер: флора, класс, тұқымдас, туыс, түр, систематикалық талдау, гербарий.

Durmekbayeva Sh.N.,
Hamitova G.Zh., Memeshov S.K.,
Zhumabayeva A.A.

Sh. Ualikhanov Kokshetau State University, Kazakhstan, Kokshetau

The species composition of flora on territory of Akmola region Zerendi district

The article presents the results of a systematic analysis of the flora on the territory of Akmola region Zerendi district. The flora of the investigated area consists of 136 plant species, belonging to 108 genera and 41 families: gymnosperms (Pinophyta) are represented by one species, dicotyledonae (Magnolopsida) is represented by 115 species, and monocotyledonae (Liliopsidae) is represented by 20 species of plant. Dominant position according to the number of species in the Magnolopsida class belongs to Asteraceae family (25 species); on the second place Rosaceae (14 species); on the third place Fabaceae (11 species); in the Liliopsidae class belongs to Poaceae family (10 species); on second place Juncaceae Juss. (4 species); on third place Liliaceae Juss. (2 species). According to life-form plants divides into trees (3 species), shrubs (8 species), subshrubs (7 species), herbaceous plants (118 species). Occurrence of plants occurring to life-forms can show on this scheme: perennial plants (92 species), annual herbaceous plants (20 species), shrubs (8 species), subshrubs (7 species), biennial herbaceous plants (6 species), trees (3 species). A polycarpic plants prevail (80,88 %) than monocarpic plants (19,12%).

Key words: flora, class, family, genus, species, systematic analysis, herbarium.

Дурмекбаева Ш.Н.,
Хамитова Г.Ж., Мемешов С.К.,
Жумабаева А.А.

Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова, Казахстан, Кокшетау

Видовой состав флоры территории Зерендинского района Акмолинской области

В статье представлены результаты систематического анализа флоры территории Зерендинского района Акмолинской области. Было выявлено 136 видов растений относящихся к 108 родам и 41 семействам: голосеменные растения (Pinophyta) представлены одним видом, двудольные (Magnolopsida) представлены 115 видами, а однодольные (Liliopsidae) 20 видами. По количеству видов в класе Magnolopsida преобладает семейства Asteraceae (25 видов или 21,74%); на втором месте Rosaceae (14 видов или 12,17%); на третьем месте Fabaceae (11 видов или 9,56%). В классе Liliopsidae по количеству видов преобладает род Poaceae (10 видов или 50%); на втором месте Juncaceae Juss. (4 вида или 20%); на третьем месте Liliaceae Juss. (2 вида или 10%). По жизненным формам растения исследуемого района подразделяются на деревья (3 вида), кустарники (8 видов), полукустарнички (7 видов), травянистые растения (118 видов). Встречаемость растений по жизненным формам можно показать по следующей схеме: многолетние травянистые растения (92 вида), однолетние травянистые растения (20 видов), кустарники (8 видов), полукустарнички (7 видов), двулетние травянистые растения (6 видов) и деревья (3 вида). В основном преобладают поликарпные растения (80,88%), чем монокарпные (19,12%).

Ключевые слова: флора, класс, семейство, род, вид, систематический анализ, гербарий.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 581.9 (5Қ)

***Дурмекбаева Ш.Н., Хамитова Г.Ж., Мемешов С.К., Жумабаева А.А.**

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.
*E-mail: durmekbaeva@mail.ru

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ЗЕРЕНДІ АУДАНЫ АЙМАҒЫ ФЛОРАСЫНЫҢ ТҮРЛІК ҚҰРАМЫ

Биологиялық әртүрлілік органикалық тіршіліктің ұзақ мерзімді эволюциясының нәтижесі болып табылады. Оның адамзаттың экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін маңызы ерекше. Оны сақтап қалу қоршаған ортаны қорғаудың ең басты міндеті, өйткені ортаның өзгеруі биотаның өзгеруіне әкеледі.

Табиғи қорлар мен биологиялық алуан түрлілікті сақтау – жалпы мемлекеттік міндет болғандықтан табиғи флораның алуан түрлілігін сақтап қалу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып саналады.

Флора – табиғи тарихи түзіліс болғандықтан, экожүйенің құрамды бөлігі болып саналады. Әр флораның негізгі белгісі – ол оның түрлік құрамы. Белгілі бір территорияда өсетін өсімдіктердің түрлерін есепке алу, яғни флоралық инвентаризация жасау – ол әрбір флоралық зерттеу жұмыстарының негізі болып саналады. Флорадағы түрлердің құрамын есепке алу олардың жалпы саны туралы және олардың қандай туыстарға, тұқымдастарға жататындықтары туралы түсінік береді. Флораны құрайтын түрлердің саны оның байлығын тікелей көрсетеді [1].

Қазақстанда жоспарлы ботаникалық зерттеулердің басталуы Кеңес үкіметінің орнауымен (1920) сәйкес келген. Әсіресе, 1932 ж. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ғылым академиясының (КСРО ҒА) Қазақстандағы базасының жанындағы ботаникалық сектордың ашылуымен байланысты болған. Ботаникалық сектордың міндеттері – Қазақстанның аз зерттелген аудандарына тиянақты түрде флористикалық зерттеулер жүргізу, ауқымды гербарий қорын жинау. Зерттеу жұмыстарын М.Г. Попов, одан кейін Н.В. Павлов, В.П. Голоскопов басқарған [2].

1932 жылы КСРО ҒА Қазақстандағы филиалы базасында Н.В. Павловтың бастамасымен ұйымдастырылған Ботаникалық сектор республиканың пайдалы өсімдіктерін жаппай зерттей бастаған. Соғыс жылдары ботаниктер дәрілік және тағамдық өсімдіктерді зерттеуде белсенді жұмыстар атқарған [3].

1933-1959 жылдар аралығында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Ғылым академиясының (Қаз.КСР ҒА) Ботаникалық институты Қазақстанның әртүрлі аудандарына 70 флористикалық экспедиция ұйымдастырған [4].

1957-1962 жылдар аралығында КСРО ҒА және Қаз.КСР ҒА Ботаникалық институттары Орталық Қазақстанның ұсақ шоқыларында стационарлық және маршруттық зерттеулер жүргізген. Осы кешенді зерттеулердің нәтижелері «Биокомплексные исследования в Центральном Казахстане» (1969) монографиясында көрсетілген. 1964 ж. КСРО ҒА Ботаникалық институтымен Шығысқазақстандық экспедиция ұйымдастырылып, жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде «Ботаническая география степной части Центрального Казахстана» (1973) атты еңбек жарық көрген [5].

1959-1960 жылдары О.М. Демина және Г.А. Байгозова Есіл өзені алқабының өсімдік жамылғысына зерттеу жұмыстарын жүргізген. Зерттеу нәтижесі Есіл өзені алқабында өсімдіктердің далалық типі басым екенін көрсеткен [6].

XX ғасырдың 50 жылдардың ортасынан бастап 60 жылдардың аяғына дейін Қазақстанда КСРО Ғылым академиясымен экспедициялар ұйымдастырылған. Оларға: 1954-1955 жж. жаңа жерлерді игеру бойынша кешенді экспедициясы; 1957-1959 жж. және 1961 ж. Зоология және Ботаника институттарының биокешендік экспедициясы; 1964-1966 жж. және 1968 ж. Ботаника институтының Шығысқазақстандық экспедициясы. Нәтижесінде З.В. Карамышева және Е.И. Рачковскаяның (1973) монографиясы, сондай-ақ «Карта растительности степной части Казахского мелкосопочника» (1975) атты еңбек жарық көрген [7].

Арыстанғалиев С.А. «К флоре хребтов Кетмень и Терскей-Алатау» атты ғылыми еңбегінде аз зерттелген Теріскей-Алатау мен Кетмен қыраты территориясына қосымша мәліметтер беріп, Солтүстік пен Орталық Тянь-Шань арасындағы аудандарды зерттеп, алғаш рет белгілі аудандарда жиналған өсімдіктердің 158 түрін анықтаған. Теріскей – Алатау мен Кетмен қыраты (1974-1975 жж.) флорасының құрамына: 428 туысқа және 82 тұқымдасқа кіретін жоғары өсімдіктердің 1146 түрі, соның ішіне 17 түрі папоротниктәрізділер, 8 – ашықтұқымды, 210 – даражарнақтылар, 911 – қосжарнақтылар өсімдіктері кіреді. 45 эндемикалық түрлерінің 17 түрі күрделігүлділер, 8 түрі асбұршақтар, 8 – лалагүлділер тұқымдастарына жататыны анықталған. Іле Алатау жотасында өсімдіктердің 63 тұқымдасқа, 308 туысқа жататын 800-ден аса түрі анықталған [8].

Ситпаева Г.Т. (1998) жүргізген зерттеу нәтижелері бойынша Торғай ойпатында түтікті өсімдіктердің 99 тұқымдас, 482 туысқа жататын 1314 түрі кездескен. Олардың ішінде төрт географиялық жаңалық ашылып, жаңа бір түр анықталған (*Astragalus subkarakugensis Sitpaeva)*. Аталған өңір флорасының 98%-ы жабықтұқымды өсімдіктердің үлесіне тиетіні анықталған, олардың ішінде қосжарнақтылар –80%, даражарнақтылар –18%, жоғары сатыдағы споралы өсімдіктер мен ашықтұқымдылар –2% [9].

Егеубаева Р.А. (2003) Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс бөлігін зерттеу нәтижесінде 298 эфирмайлы өсімдіктің түрлерін анықтап, олар табиғи өсімдіктердің 152 туысына, 40 тұқымдастарына жатқызылған. Эфирмайлы өсімдіктерге ең байы *Apiaceae* тұқымдасы, оған өсімдіктердің 41 туысына жататын 79 түрі, *Lamiaceae* тұқымдасына 17 туысына кіретін 41 түрі, *Asteraceae* тұқымдасының 20 туысына кіретін 71 түрі анықталған. Эфирмайлы өсімдіктердің Қазақстандағы 25 түрі эндемиктер [10].

Мырзағалиева А.Б. (2003) Қалбы қыратындағы пайдалы өсімдіктердің түрлерін зерттеген. Зерттелген қыраттың флорасында 5 тұқымдас, 14 туысқа жататын эфирмайлы өсімдіктің 26 түрі және құрамындағы эфир майларының мөлшері анықталған [11].

Утебеков Қ.И. (2006) Қазақстан Алтайының *Ranunculaceae Juss*. тұқымдасын зерттеу барысында 25 туысқа бөлінген 86 түрін зерттеген. Түрлік құрамы бойынша үлкен туыстарға *Ranunculus L.(*20 түр*), Aconitum Spach (*12 түр*), Thalictrum L.* (11 түр) жататыны және өсімдіктердің басым көпшілігі, яғни 91,7%-ы көпжылдық, 4 түрі біржылдық шөптесін өсімдіктер, 3түрі бұталар, лианалар екені анықталған [12].

2001-2007 жылдары аралығында Іле өзенінің ортаңғы және төменгі ағыс аңғарының флорасында жүргізілген зерттеулерде 66 тұқымдас, 274 туыс, 563 түрден тұратыны көрсетілген және флораның басым бөлігін гүлді өсімдіктер құраған [13].

2004-2007 жылдар аралығында Ертіс өңірінің өсімдіктер дүниесі зерттеліп, өсімдіктердің 545 түрі мен түр тармақтары, оның ішінде 256 туыс және 64 тұқымдас тіркелген[14].

Ситпаева Г.Т. (2010) жүргізген зерттеу нәтижелері бойынша Заволжск-Қазақстан далалық провинциясында таралған астық тұқымдас өсімдіктердің 253 түрі, олардың басым бөлігі мал-азықтық (жем-шөптік), тағамдық, құрылысқа пайдаланылатын және әсемдік түрлерге жатқызылған. Астық тұқымдас өсімдіктердің түрлік құрамының 69%-дан артығы *Pooideae* тұқымдас тармағына кіретін *Aveneae, Poeae, Stipeae* трибасына жатады. Астық тұқымдасы-

ның ең ірі туыстарына: *Stipa* (39 түр.), *Elymus* (25 түр.), *Poa* (20 түр.), *Festuca* (15 түр.), *Leymus* (12 түр.), *Calamagrostis* (9 түр.), *Puccinella* (8 түр.), *Agrostis* (7 түр.), *Elytrigia* (6 *түр*.), *Agropyron* (5 түр.), *Hordeum* (4 түр.) кірген [15].

Кез келген табиғи жүйенің бүгінгі жағдайы анықталмайынша, оны қорғаудың ғылыми негіздерін жасау мүмкін емес. Әсіресе, аз зерттелген аймақтарда зерттеу жүргізудің маңызы зор. Осындай аймақтардың бірі болып Ақмола облысы Зеренді ауданының аймағы саналады. Осы мәселелерді шешудің практикалық маңызы зор, себебі, зерттелетін аймақ флорасында кездесетін кейбір өсімдік түрлерінің халық шаруашылығындағы мәнін бағалауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты зерттеу жұмысымыздың мақсаты: Ақмола облысы Зеренді ауданы аймағының флорасын жан-жақты талдау.

Зерттеу материалдары және әдістері

Жүргізілген жұмысымыздың зерттеу орны Ақмола облысы Зеренді ауданы аймағының флорасы.

Зеренді ауданы – Ақмола облысының солтүстігіндегі әкімшілік бөлік. Аудан солтүстік-батысында Солтүстік Қазақстан облысымен, шығысында Бурабай, оңтүстігінде Сандықтау аудандарымен шектеседі. Жерінің аумағы 8,0 мың шаршы км. Аудан Көкшетау қыратының солтүстігін алып жатыр. Жер бедері – аласа таулы, ұсақ шоқылы, ойлы-белесті жазық. Ірі таулары: Зеренді (587 м), Жыланды (609 м), Қараүңгір, Қаратау т.б. [16].

Климаты континентті: қысы ұзақ (қар 140-160 күн жатады), суық, қары аз (20 см), жазы – жылы әрі құрғақ. Ауаның орташа температурасы қаңтарда – 18^0С, шілдеде 19^0С. Оңтүстіктен, солтүстік-батыстан жиі жел соғады, кейде дауыл тұрады. Аязсыз мерзім 120 күн шамасында [16].

Өсімдіктердің түрлері Ақмола облысы, Зеренді ауданы Зеренді көлінің солтүстік-батыс жағалауынан; Қошқарбай ауылының солтүстік-батыс бөлігінің 5 км қашықтықта орналасқан шоқыдан; Садовый ауылының солтүстік бөлігінің 2 км қашықтықта орналасқан аймақтан және Заборовка-Зеренді тас жолының бойынан жиналды.

Зерттеу барысында негізгі әдіс ретінде маршруттық-аймақтық (рекогносцировтық) және А.И. Толмачевтың (1986) нақты флоралар әдісі алынды [17]. Өсімдіктерді жинау, кептіру және оларды дұрыс өңдеу жалпыға таныс А.К. Скворцовтың (1977) әдістемесі бойынша жүргізілді [18].

Жиналған түрлерді анықтау және олардың конспектісін түзу үшін «Флора Казахстана» (1956-1966) еңбектері пайдаланылды [19-20]. Флораның конспектісін жасауда және флористикалық спектрдегі түрлердің орналасуы мен түрүсті категорияларын анықтау А.Л. Тахтаджянның (1964, 1970, 1978) филогенетикалық жүйесі бойынша жүргізілді [21-23]. Тіршілік формаларына байланысты түрлердің жіктелуі И.Г. Серебряковтың (1962) [24] еңбегі бойынша жүргізілді. Зерттелген өсімдіктердің түрлері мен туыстарының латынша атаулары С.К. Черепановтың (1995) еңбегіне сәйкес берілді [25]. Өсімдіктердің орысша және қазақша атауларын жазуда С.А. Арыстанғалиев және Е.Р. Рамазановтың (1977) еңбегі пайдаланылды [26].

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Зерттеу жұмысымыздың нәтижелері бойынша Ақмола облысы Зеренді ауданы аймағының флорасы 41 тұқымдас, 108 туыс, 136 түрден тұратыны анықталды (1-кесте).

Зерттелген аймақтың флорасы ашықтұқымдылардың (*Pinophyta*) 1 түрін немесе түрдің жалпы санына шаққанда 0,73%, қосжарнақтылар (*Magnolopsida*) класының 115 түрін немесе 84,56% және даражарнақтылар (*Liliopsidae*) класының 20 түрін немесе 14,71% қамтиды.

Magnolopsida класында жалпы түр саны бойынша бірінші орынды *Asteraceae* (25 түр немесе 21,74%); екінші орынды *Rosaceae* (15 түр немесе 13,04%); үшінші орынды *Fabaceae* (11 түр немесе 9,56%) тұқымдасы алады (1-сурет).

Scrophulariaceae Juss. тұқымдасы 6 түр немесе 5,22%; *Caryophyllaceae* тұқымдасы 5 түр немесе 5,22%; *Boraginaceae Juss*., *Cruciferae Juss., Ranunculaceae Juss.* және *Lamiaceae Lindl.*тұқымдастары – 4 түрден немесе 3,48%; *Campanulaceae Juss., Geraniaceae Juss*. және *Polygonaceae Juss*. тұқымдастары 3 түрден немесе 2,61% құралған.

Даражарнақтылар (*Liliopsidae*) класында жалпы түр саны бойынша бірінші орынды *Poaceae* (10 түр немесе 50%); екінші орынды *Juncaceae Juss*. (4 түр немесе 20%); үшінші орынды *Liliaceae Juss*. тұқымдасы (2 түр немесе 10%) алады (2-сурет).

Alismataceae DC., Cyperaceae Juss., Potamogetonaceae Engl. және *Iridaceae Juss.* тұқымдастары 1 түрден немесе 5,88% құрайды.

1-кесте – Ақмола облысы Зеренді ауданы аймағы флорасында кездескен өсімдіктер түрлері

№	Тұқымдас атауы	Түр атауы
1.	*Pinaceae*	*Pinus sylvestris L.*
2.	*Alismataceae Vent.*	*Alisma plantago-aquatica L.*
3.	*Cyperaceae Juss.*	*Carex supina Willd.*
4.	*Iridaceae Juss.*	*Iris humilis (Iris flavissima Pall.)*
5.	*Juncaceae Juss.*	*Juncus compressus Jacq.*
		Juncus filiformis L.
		Juncus nastanthus V. Krecz. et Gontsch.
		Lusula pilosa (L.) Willd.
6.	*Liliaceae Juss.*	*Asparagus officinalis L.*
		Hemerocallis flava L. Sp. pl.
7.	*Poaceae Barnhart (Gramineae Juss.)*	*Agropyron repens (L.)*
		Beckmannia eruciformis (L.) Host.
		Bromus inermis Leyss. Fl. Hal.
		Calamagrostis epigeios (L.) Roth.
		Echinochloa crusgalli (L.) Beauv.
		Festuca pratensis Huds.
		Festuca sulcata
		Poa pratensis L. Sp. Pl.
		Setaria viridis (L.) Beauv.
		Stipa lessingiana Trin. et Rupr.
8.	*Potamogetonaceae Dumort.*	*Potamogeton perfoliatus L.*
9.	*Amaranthaceae Juss.*	*Amaranthus retroflexus L.*
10.	*Apiaceae Lindl.*	*Eryngium planum L.*
		Silaus besseri DC.
11.	*Asteraceae Dumort.*	*Achillea millefolium L.*
		Antennaria dioica (L.) Gaerthn.
		Arctium tomentosum Mill.
		Artemisia absinthium L. Sp. Pl.
		Artemisia austriaca Jacq.
		Artemisia dracunculus L.
		Artemisia frigida Willd. Sp. Pl.
		Artemisia glauca Pall. ex Willd.
		Artemisia vulgaris L.
		Aster alpinus L.
		Bidens tripartita L. Sp. Pl.
		Carduus crispus L.
		Centaurea scabiosa L.
		Echinops ritro
		Erigeron acris L. (Erigeron acer L.)
		Hieracium umbellatum L.
		Inula Britannica L.
		Lactuca tatarica (L.) C.A. Mey.
		Matricaria recutita
		Saussurea DC
		Senecio Jacobaea L.
		Tanacetum vulgare
		Taraxacum officinale Wigg.
		Tragopogon orientalis L.
		Tripolium vulgare Nees Gen. et sp. Aster
12.	*Betulaceae S.F.Gray.*	*Betula pendula Roth.*

1-кестенің жалғасы

№	Тұқымдас атауы	Түр атауы
13.	*Boraginaceae Juss.*	*Echium vulgare L.*
		Lappula squarrosa (Lappula echinata Gilib.)
		Nonea pulla DC.
		Onosma simplicissima L.
14.	*Brassicáceae Burnett (Cruciferae Juss.)*	*Berteroa incana (L.) DC.*
		Capsella bursa-pastoris (L.) Medik.
		Clausia aprica (Steph.) Korn.-Tr.
		Lepidium ruderale L.
15.	*Campanulaceae Juss.*	*Adenophora lilifolia (L.) A. DC.*
		Campanula bononiensis L.
		Campanula wolgensis P. Smirn.
16.	*Cannabaceae Endl.*	*Cannabis ruderalis Janisch.*
17.	*Caryophyllaceae Juss*	*Cerastium arvense L.*
		Dianthus acicularis Fisch. ex Ledeb.
		Gypsophila paniculata L.
		Silene sibirica (L.) Pers.
		Stellaria graminea L.
18.	*Chenopodiaceae Vent.*	*Chenopodium album L.*
		Chenopodium glaucum L.
19.	*Convolvulaceae Juss.*	*Convolvulus arvensis L.*
20.	*Crassulaceae DC.*	*Sedum hybridum L.*
		Sedum Telephium L.
21.	*Dipsacaceae Juss.*	*Scabiosa Ochroleuca*
22.	*Euphorbiaceae Juss.*	*Euphorbia virgata Waldst. ex Kit.*
23.	*Fabaceae Lindl*	*Astragalus danicus Retz.*
		Caragana arborescens Lam.
		Lathyrus tuberosus L.
		Medicago falcata L.
		Melilotus officinalis (L.) Pall.
		Orobus vernus L. Sp. pl.
		Oxytropis pilosa (L.) DC.
		Trifolium lupinaster pentaphyllus (Trifolium lupinaster)
		Trifolium repens L.
		Vicia cracca L.
		Vicia silvatica
24.	*Geraniaceae Juss.*	*Erodium cicutarium (L.)*
		Geranium dissectum
		Geranium pratense L.
25.	*Grossulariaceae DC.*	*Ribes nigrum L.*
26.	*Lamiaceae Lindl.*	*Phlomoides agraria (Phlomis agraria Bge.)*
		Salvia stepposa Shost.
		Thymus mongolicus (Ronn.) (Thymus asiaticus)
		Thymus serpyllum L.
27.	*Lythraceae J.St.-Hil.*	*Lythrum virgatum L.*
28.	*Malvaceae Juss.*	*Malva pusilla Smith.*
29.	*Onagraceae Juss*	*Chamaenerium Adans*
30.	*Plantaginaceae Juss.*	*Plantago major L.*
		Plantago media L.
31.	*Plumbaginaceae Juss.*	*Limonium Gmelinii*
32.	*Polygalaceae R. Br.*	*Polygala comosa (Polygala hybrida)*
33.	*Polygonaceae Juss.*	*Polygonum aviculare L.*
		Rumex acetosa L.
		Rumex confertus Willd.

1-кестенің жалғасы

№	Тұқымдас атауы	Түр атауы
34.	*Primulaceae Vent.*	*Androsace septentrionalis L.*
		Lysimachia vulgaris L.
35.	*Pyrolaceae Dumort.*	*Pyrola rotundifolia*
36.	*Ranunculaceae Juss.*	*Anemone sylvestris L.*
		Pulsatilla patens (L.) Mill.
		Ranunculus acris (Ranunculus acer)
		Ranunculus sceleratus
37.	*Rosaceae Juss.*	*Cerasus fruticosa Pall.*
		Cotoneaster melanocarpa Lodd. Bot.Cab.
		Filipendula vulgaris (Filipendula hexapetala Gilib.)
		Filipendula ulmaria (L.) Maxim.
		Fragaria viridis (Duch.) Weston.
		Potentilla anserina L.
		Potentilla arenaria Borkh.
		Potentilla argentea L.
		Potentilla erecta (L.) Racusch.
		Potentilla humifusa Willd ex Schlecht.
		Rosa acicularis L.
		Rubus saxatilis L.
		Sanguisorba officinalis L.
		Spiraea crenata L.
		Spiraea hypericifolia L.
38.	*Rubiaceae Juss.*	*Galium verum L.*
39.	*Salicaceae Mirb.*	*Populus tremula L.*
		Salix rosmarinifolia L.
40.	*Scrophulariaceae Juss.*	*Linaria vulgaris L.*
		Verbascum phoeniceum L.
		Veronica incana L.
		Veronica longifolia L.
		Veronica prostrata L.
		Veronica spicata L.
41.	*Urticaceae Juss.*	*Urtica dioica L.*
		Urtica urens L.



1-сурет – Қосжарнақтылар (Magnolopsida) класы тұқымдастарының жалпы түрлер мен туыстар саны (%)



2-сурет – Даражарнақтылар (Liliopsidae) класы тұқымдастарының жалпы түрлер мен туыстар саны (%)

Зерттелген аймақ флорасы тіршілік формаларына байланысты ағаштар – 3 түр, бұталар – 8 түр, жартылай бұталар – 7 түр, шөптесін өсімдіктер – 118 түрді біріктіретіні анықталды. Ақмола облысы Зеренді ауданы флорасында шөптесін өсімдіктер басым келеді. Өсімдіктердің тіршілік формалары бойынша кездесуін мынадай қатар бойынша көрсетуге болады: көпжылдық шөптесін өсімдіктер (92 түр), біржылдық шөптесін өсімдіктер (20 түр), бұталар (8 түр), жартылай бұталар (7 түр), екіжылдық шөптесін өсімдіктер (6 түр), ағаштар (3 түр) (3-сурет).



3-сурет – Ақмола облысы Зеренді ауданы аймағындағы өсімдіктердің тіршілік формалары бойынша таралуы

Ағаштарға *Pinus sylvestris L. (Pinaceae Lindl.*), *Betula pendula Roth* (*Betulaceae S.F. Gray*), *Populus tremula L. (Salicaceae Mirb.)* түрлері кіреді.

Бұталарға *Caragana arborescens Lam.* (*Fabaceae Lindl.)*, *Ribes nigrum L.* (*Grossulariaceae DC.*), *Cerasus fruticosa Pall.*, *Cotoneaster melanocarpa Lodd. Bot.Cab., Spiraea crenata L., Spiraea hypericifolia L., Rosa acicularis Lindl.* (*Rosaceae Juss.)*, *Salix rosmarinifolia L.* (*Salicaceae Mirb.)* түрлері жатады.

Onosma simplicissima L. (*Boraginaceae Juss.)*, *Thymus mongolicus (Ronn.) (Thymus asiaticus), Thumus serpyllum L. (Lamiaceae Lindl.), Artemisia absinthium L., Artemisia frigida Willd., Artemisia dracunculus L*. (*Asteraceae Dumort.)*, *Dianthus acicularis Fisch. ex Ledeb. (Caryophyllaceae Juss.)* түрлері жартылай бұталар болып саналады.

Зерттеу жұмыстары бойынша шөптесін өсімдіктердің біржылдық, екіжылдық және көпжылдық тіршілік формалары анықталды. Шөптесін өсімдіктерге 118 түр кіреді, оның ішінде біржылдық шөптесін өсімдіктерге 14 тұқымдасқа жататын 20 түр кіреді.

Екіжылдық шөптесін өсімдіктерге 6 түр (6 тұқымдас), көпжылдық шөптесін өсімдіктерге 33 тұқымдасқа жататын 92 түр кіреді.

Табиғатта өсімдіктердің бір-, екі- және көпжылдық деп бөлінуі, оларды монокарпты және поликарпты формаларға топтастыруға негіз болды. Тіршілік формаларының зерттеу сараптамасы бойынша Ақмола облысы Зеренді ауданы аймағы өсімдіктерінің жасына қарай өзгеруі поликарпты (80,88%) және монокарпты (19,12%) түрлері анықталды. Зерттелген аймақта поликарпты өсімдіктер басым келеді.

Әдебиеттер

1 Иващенко А.А. Қазақстанның өсімдіктер әлемі. – Алматы: Алматыкітап, 2004. – 176 б.

2 Быков Б.А. Геоботанические и флористические исследования в Казахстане. В сб.: Ботаника в Казахстане. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1959. – С. 7–18.

3 Кукенов М.К. Ботаническое ресурсоведение Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1999. – 160 с.

4 Голоскоков В.П. Гербарий и флористическая изученность Казахстана. В сб.: Материалы к флоре и растительности Казахстана. – Алма-Ата, 1961. – Т. 11. – С. 3–22.

5 Карамышева З.В., Рачковская Е.И. Ботаническая география степной части Центрального Казахстана. – Л.: Наука, 1973. – 279 с.

6 Демина О.М. Пойменные луга Ишима. В сб.: Ботанические исследования в Казахстане. – Алма-Ата : Наука, 1964. – Т. 18. – С. 55–77.

7 Горчаковский П.Л. Лесные оазисы Казахского мелкосопочника. – М.: Наука, 1987. – 160 с.

8 Эфирномасличные растения Казахстана и их рациональное использование / Академия наук Казахской ССР, Институт ботаники ; отв. ред. П. М. Мырзакулов. АлмаАта : Наука Казахской ССР, 1990. 143 с.

9 Ситпаева Г.Т. Анализ флоры Тургайского прогиба : автореф. дисс. канд. биол. наук. – Алматы, 1998. – 25 с.

10 Егеубаева Р.А. Эфирномасличные растения Юго-Востока Казахстана и пути их рационального использования: автореф. дис. докт. биол. наук. – Алматы, 2003. – 49 с.

11 Мырзагалиева А.Б. Растительные ресурсы Калбинского хребта : автореф. дис. канд. биол. наук. – Алматы, 2003. – 27 с.

12 Утебеков Қ.И. Қазақстан Алтайының сарғалдақтар *(Ranunculaceae Juss*.) тұқымдасы : автореф. дис. биол. ғылым. канд. – Алматы, 2006. – 20 б.

13 Инелова З.А. Анализ флоры долины среднего и нижнего течения р. Иле : автореф. дисс. кан. биол. наук – Алматы, 2009. – 21 с.

14 Жумадилов Б.З. Анализ флоры Ертысского флористического округа Восточно-Казахстанской степной провинции: автореф. дисс. кан. биол. наук. – Алматы, 2010. – 25 с.

15 Ситпаева Г.Т. Злаки Заволжско-Казахстанской степной провинции (систематический состав, экология, география) : автореф. дис. докт. биол. наук. – Алматы, 2010. – 48 с.

16 Ақмола облысы : Энциклопедия. – Алматы : «Қазақ энциклопедиясы» ЖСШ, 2009. – Б. 303–305.

17 Толмачев А.И. Методы сравнительной флористики и проблемы флорогенеза. – Новосибирск : Наука, 1986. – 192 с.

18 Скворцов А.К. Гербарий. Пособие по методике и технике. – М.: Наука, 1977. – 199 с.

19 Флора Казахстана. – Алма-Ата : Изд-во Академии Наук Казахской ССР, 1956–1966. – Т. I–IX.

20 Байтенов М.С. Флора Казахстана. – Алматы : Ғылым, 1999. – Т. 1–2.

21 Тахтаджян А.Л. Основы эволюционной морфологии покрытосеменных. – Л.: Наука, 1964. – 235 с.

22 Тахтаджян А.Л. Происхождение и расселение цветковых растений. – Л.: Наука, 1970. – 147 с.

23 Тахтаджян А.Л. Флористические области Земли. – Л.: Наука, 1978. – 248 с.

24 Серебряков И.Г. Экологическая морфология растений. – М.: Высшая школа, 1962. – 378 с.

25 Czerepanov S.K. Vascular plants of Russia and adjacent states (the former USSR). 1995. – 516 с.

26 Арыстанғалиев С.А., Рамазанов Е.Р. Қазақстан өсімдіктері. – Алма-Ата: Ғылым, 1977. – 288 б.

Referenses

1 Ivashchenko AA (2004) Vegetable world of Kazakhstan [Qazaqstanny'nh o'simdikter a'lemi]. Almaty'kitap, Almaty, Kazakhstan. (In Kazakh). ISBN: 9965-24-194-5.

2 Bykov BA (1959) Geobotanical and floristic researches in Kazakhstan. Botany in Kazakhstan [Geobotanicheskie i floristicheskie issledovaniia v Kazakhstane. Botanika v Kazakhstane]. Nauka KazSSR, Alma-Ata, Kazakhstan. (In Russian).

3 Kukenov MK (1999) Botanical resources of Kazakhstan [Botanicheskoe resursovedenie Kazakhstana]. Ghy'ly'm, Almaty, Kazakhstan. (In Russian). ISBN: 562802497X : Б.

4 Goloskokov VP (1961) Herbarium and floristic study of Kazakhstan. Materials to flora and vegetation of Kazakhstan [Gerbarii i floristicheskaia izuchennost' Kazakhstana. Materialy k flore i rastitel'nosti Kazakhstana] 11: 3–22. (In Russian).

5 Karamysheva ZV, Rachkovskaia EI (1973) Botanical geography of the Central Kazakhstan steppe zone [Botanicheskaia geografiia stepnoi chasti Tsentral'nogo Kazakhstana]. Nauka, Leningrad, Russia. (In Russian).

6 Demina OM (1964) Inundated meadows of Ishim. Botanical researches in Kazakhstan [Poimennye luga Ishima. Botanicheskie issledovaniia v Kazakhstane] 18: 55–77 (In Russian).

7 Gorchakovskii PL (1987) Forest oases of the Kazakh shallow hills [Lesnye oazisy Kazakhskogo melkosopochnika]. Nauka, Moscow, Russia. (In Russian).

8 Essential oil plants of Kazakhstan and their use rational (1990) [Efirnomaslichnye rasteniia Kazakhstana i ikh ratsional'noe ispol'zovanie]. Nauka Kazakhskoi SSR, Alma-Ata, Kazakhstan. (In Russian).

9 Sitpaeva GT (1998) Analysis of flora of the Turgaysky deflection [Analiz flory Turgaiskogo progiba] : avtoref. diss. kand. biol. nauk. Almaty, Kazakhstan. (In Russian).

10 Egeubaeva RA (2003) Essential oil plants of Southeast of Kazakhstan and ways of their rational use [Efirnomaslichnye rasteniia Iugo-Vostoka Kazakhstana i puti ikh ratsional'nogo ispol'zovaniia] : avtoref. dis. dokt. biol. nauk. Almaty, Kazakhstan. (In Russian).

11 Myrzagalieva AB (2003) Vegetable resources of Kalbinsky ridge [Rastitel'nye resursy Kalbinskogo khrebta] : avtoref. diss. kand. biol. nauk. Almaty, Kazakhstan. (In Russian).

12 Wtebekov QI (2006) Family buttercup (Ranunculaceae Juss.) of the Kazakhstan Altai [Qazaqstan Altajy'ny'nh sarghaldaqtar *(Ranunculaceae Juss.)* tuqy'mdasy']: avtoref. diss. kand. biol. nauk. Almaty, Kazakhstan. (In Kazak).

13 Inelova ZA (2009) Analysis of flora of the valley of an average and lower current of river Ile [Analiz flory doliny srednego i nizhnego techenija r. Ile] : avtoref. diss. kand. biol. nauk. Almaty, Kazakhstan. (In Russian).

14 Zhumadilov BZ (2010) Analysis of flora of the Ertyssky floristic district of the East Kazakhstan steppe province [Analiz flory Ertysskogo floristicheskogo okruga Vostochno-Kazahstanskoj stepnoj provincii] : avtoref. diss. kand. biol. nauk. Almaty, Kazakhstan. (In Russian).

15 Sitpaeva GT (2010) Cereals of the Zavolzhye-Kazakhstan steppe province (systematic structure, ecology, geography) [Zlaki Zavolzhsko-Kazahstanskoj stepnoj provincii (sistematicheskij sostav, jekologija, geografija)] : avtoref. dis. dokt. biol. nauk. Almaty, Kazakhstan. (In Russian).

16 Zhakyp BO (2009) Akmolinsky area: Encyclopaedia [Aqmola obly'sy: Entsiklopediia]. Almaty, Kazakhstan. (In Kazakh).

17 Tolmachev AI (1986) Methods of comparative floristics and problem of a florogenez [Metody sravnitel'noj floristiki i problemy florogeneza]. Science, Novosibirsk, Russia. (In Russian).

18 Skvorcov AK (1977) Gerbary. A grant by a technique and equipment [Gerbarij. Posobie po metodike i tehnike]. Nauka, Moscow, Russia. (In Russian).

19 Flora of Kazahstan [Flora Kazahstana] (1956–1966) Vol. I–IX. Akademii Nauk Kazakhskoi SSR, Alma-Ata, Kazakhstan. (In Russian).

20 Bajtenov MS (1999) Flora of Kazakhstan [Flora Kazahstana]. Vol. I–II. Almaty, Kazahstan. (In Russian). ISBN: 5-628-02318-3 (V.I); ISBN: 9965-07-036-9 (V.II).

21 Tahtadzhjan AL (1964) Fundamentals of evolutionary morphology of the angiospermous [Osnovy jevoljucionnoj morfologii pokrytosemennyh]. Nauka, Moscow, Russia. (In Russian).

22 Tahtadzhjan AL (1970) Origin and moving of floral plants [Proishozhdenie i rasselenie cvetkovyh rastenij]. Nauka, Leningrad, Russia. (In Russian).

23 Tahtadzhjan AL (1978) Floristic areas of Earth [Floristicheskie oblasti Zemli]. Nauka, Leningrad, Russia. (In Russian).

24 Serebrjakov IG (1962) Ecological morphology of plants [Jekologicheskaja morfologija rastenij]. Vysshaja shkola. Moscow, Russia. (In Russian).

25 Cherepanov SK (1995) Vascular plants of Russia and adjacent states (the former USSR). Cambridge University Press, USA. ISBN**:** 0-521-45006-3 (hc).

26 Ary'stanghali'ev SA, Ramazanov ER (1977) Plants of Kazakhstan [Qazaqstan o'simdikteri]. Alma-Ata, Kazakhstan. (In Kazakh).

[1,2]Қарашолақова Л.Н.,
[1]Мұхитдинов Н.М.,
[1]Ахметова А.Б.

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы
[2]Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты, Қазақстан, Алматы

Сирек кездесетін эндем *Lonicera iliensis* Pojark. өсімдігі жапырағының анатомиялық-морфологиялық ерекшеліктері

Мақалада сирек кездесетін эндемик түр Lonicera iliensis Pojark. өсімдігінің анатомиялық-морфологиялық құрылысының ерекшеліктері берілген. Lonicera iliensis Pojark. өсімдігінің жас, орта және генеративтік дарақтары жапырақ тақтасының анатомиялық құрылысын зерттеу үш популяция, тоғыз ценопопуляцияда жүргізілді. Іле ұшқатының бірінші популяциясы – Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас елді-мекеніне жақын Іле өзені жағалауынан, екінші популяциясы – Алматы облысы, Райымбек ауданы, Алғабас елді-мекеніне жақын Шелек өзені жағалауынан, үшінші популяциясы Алматы облысы, Райымбек ауданы, Ақтоғай шатқалындағы, Шарын өзені жағалауынан табылды. Lonicera iliensis Pojark. өсімдігінің әр түрлі ценопопуляцияларындағы жас, орта және генеративтік дарақтардың жапырақ тақтасының анатомиялық құрылысын салыстыру нәтижесінде олардың бір-біріне ұқсастығы анықталды. Зерттелген барлық дарақтарда дорзовентральдық құрылыс және мезофиллдің көпқабаттылығы байқалды. Барлық популяциялардың үшінші ценопопуляция (№ 3, № 6 және № 9) дарақтары жалпақ жапырақ тақтасына ие. Lonicera iliensis Pojark. өсімдігінің № 5 және № 8 ценопопуляциялары орта генеративтік дарақтары жапырақ тақталарының ірі өлшемімен ерекшеленді. Сонымен қатар, № 5 және № 8 ценопопуляциялардың дарақтарында ксероморфтық ұйымдасу белгілері анықталды.

Түйін сөздер: Lonicera iliensis Pojark., эпидерма, склеренхима, флоэма, паренхима, трихомалар,өткізгіш шоқ.

[1,2]Karascholakova L.N.,
[1]Mukchitdinov N.M.,
[1]Akchmetova A.B.

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
[2]Institute of Plant Biology and Biotechnology, Kazakhstan, Almaty

Anatomy and morphological characteristics of the leaf blade of rare endemic species *Lonicera iliensis* Pojark.

The article presents characteristics of anatomical and morphological structure of a rare, endemic species Lonicera iliensis Pojark. The study of the anatomical structure of the leaf blades of young, medium and old generative plant Lonicera iliensis Pojark. was conducted on nine coenopopulations of three populations in Almaty region. The first population of Ili honeysuckle was found in the floodplain of river Ili near village Bakanas in the Balkhash district, the second population – in the floodplain of river Chilik near village Algabas, Raiymbek district, the third population – in the floodplain of the Charyn River in the tract in Aktogai, Raiymbek district. Comparison of the anatomical structure of the leaf blades of young, medium and old generative plant individuals Lonicera iliensis Pojark. different coenopopulations showed their great similarity. The all individuals are characterized by dorsoventral and multi-layered mesophyll. In the third coenopopulations all populations (№ 3, № 6 and № 9), all individuals have the widest leaf blade. In the medium generative individuals of Lonicera iliensis Pojark. coenopopulations №5 and №8 leaf blades were characterized by large size. Also, the individuals of number № 5 and № 8 coenopopulations therewere identified the most features of xeromorphic organization.

Key words: Lonicera iliensisPojark.,epidermis, sclerenchyma, phloem, parenchyma, trichomes, conductive beam.

[1,2]Карашолакова Л.Н.,
[1]Мухитдинов Н.М.,
[1]Ахметова А.Б.

[1]Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, Алматы
[2]Институт биологии и биотехнологии растений, Казахстан, Алматы

Анатомо-морфологические особенности листовой пластинки редкого эндемичного вида *Lonicera iliensis* Pojark.

В статье приводятся особенности анатомо-морфологического строения редкого эндемичного вида Lonicera iliensis Pojark. Исследование анатомического строения листовых пластинок молодых, средних и старых генеративтых особей растений Lonicera iliensis Pojark. проводилось в девяти ценопопуляциях трёх популяций. Первая популяция жимолости илийской была найдена в пойме реки Иле возле села Баканас в Балхашском районе, Алматинской области, вторая популяция – в пойме реки Чилик возле села Алгабас, Райымбекском районе, Алматинской области, третья популяция – в пойме реки Чарын в урочище Актогай в Райымбекском районе, Алматинской области. Сравнение анатомического строения листовых пластинок молодых, средне и старых генеративтых особей растений Lonicera iliensis Pojark. разных ценопопуляций показало их большое сходство. Для всех особей характерны дорзовентральность и многослойность мезофилла. В третьей ценопопуляции всех популяций (№ 3, № 6 и № 9) все особи имеют наиболее широкую листовую пластинку. У среднегенеративных особей Lonicera iliensis Pojark. в ценопопуляциях № 5 и № 8 листовые пластинки отличаются более крупными размерами. Также, у особей данных № 5 и № 8 ценопопуляций выявлены наиболее ксероморфные черты организации.

Ключевые слова: Lonicera iliensis Pojark., эпидерма, склеренхима, флоэма, паренхима, трихомы, проводящий пучок.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 581.8

[1,2*]Қарашолақова Л.Н., [1]Мұхитдинов Н.М., [1]Ахметова А.Б.

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[2]Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[*]E-mail: karasholakova.lazzat@mail.ru

СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ЭНДЕМ *LONICERA ILIENSIS* POJARK. ӨСІМДІГІ ЖАПЫРАҒЫНЫҢ АНАТОМИЯЛЫҚ-МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кіріспе

Қоршаған ортада тіршілік ететін адамзат пен барлық тірі организмдер өзара байланысқан физикалық және биологиялық факторлардың тұтас жүйесін құрайды. Антропогендік және табиғи факторлар экологиялық тепе-теңдікке әсер етеді және тірі организмдердің тіршілік ету жағдайларына өз әсерлерән тигізеді [1, 2].

Қазіргі кезде табиғатқа өте жоғары қауіп төндіруші антропогендік фактор болғандықтан, қоршаған ортаны қорғау және биологиялық алуантүрлілікті сақтау ең негізгі міндеттердің бірі болып табылады [3]. Өсімдіктерді қорғау және олардың генофондын сақтау мәселесі, әсіресе, жоғалып бара жатқан, сирек кездесетін, эндем және реликті өсімдік түрлерін сақтап қалу қазіргі күні ең өзекті мәселелердің біріне айналды. Қазіргі күні табиғатта жоғалып кету қаупі төніп тұрған, сирек кездесетін, эндем және реликті өсімдіктердің түрлерін сақтап қалу үшін осы өсімдік түрлерінің популяцияларының қазіргі жағдайын зерттеп, бағалау керек.

Сирек түрлердің биологиясы, олардың вегетативтік мүшелері мен популяцияларының құрылысын білу популяцияның болашақта қалай дамитынын, сондай-ақ, қоршаған ортаның жағымсыз факторларының әсеріне өсімдіктердің бейімделу мүмкіндіктерін болжауға мүмкіндік береді.

Вегетативтік мүшелерді салыстырмалы анатомиялық зерттеу өсімдіктердің құрылымдық ұйымдасуының заңдылықтарын, оның онтогенез бен филогенездегі қалыптасуын танып-білудің маңызды көзі болады. Өсімдіктердің вегетативтік мүшелерінің морфо-анатомиялық құрылысының өсу ортасына тәуелділігі белгілі және көптеген жұмыстарда сипатталған [4].

Lonicera iliensis Pojark.– *Caprifoliaceae* тұқымдасы, *Caerulea* Rehd. секция тармағына жататын, географиялық және экологиялық жекеленген, ареалы қысқарған сирек, эндем түр. Қоры өте аз, ареалдың бір бөлігін Қапшағай суқоймасының сулары басып қалған. Бұл өсімдік жарықсүйгіш, әлсіз көлеңкеге төзімді. Топырақтың батпақтануына төзе алмайды. Мезофит. Топырақ құрамына талабы жоғары емес, сондықтан да кедей топырақтарда өсе алады. Алайда, бейтарап және әлсіз сілтілі то-

пырақтарды (pH 7.6-8.2) жөн көреді [5-8]. Эндемдер әдетте тіршілік ортасының белгілі бір қатаң жағдайларында өсуге бейімделген. Осының салдарынан негізгі ареал шекарасында біркелкі таралмайды. Осыған байланысты, эндем түрлер аймақтық флоралардың ең әлсіз, осал бөлігі болып табылады, ал антропогендік факторлар қысымының артуы оларды ареалдарының одан әрі қысқаруына әкеліп соғады.

Іле ұшқатының 3 популяциясының 9 ценопопуляциясындағы жас, орта және кәрі генеративтік дарақтарының сабақтарының анатомиялық-морфологиялық ерекшеліктері зерттелген [9]. Зерттеу нәтижесінде төмендегідей мәліметтер алынған. №2 және № 4 ценопопуляция жас генеративтік дарақтарының өткізгіш шоқтары кеңсәулелі ксилемалық түтікшелерден түзілген. Өткізгіш шоқтар ауданының артуы су мен суда еріген заттардың өткізгіштігін жоғарылатады. № 2, № 4 және № 6 ценопопуляциялардың жас және кәрі генеративтік дарақтары сабақтарының өзек паренхимасы жақсы дамыған.

2 популяцияның жас генеративтік дарақтарында камбийдің әр түрлі белсенділігі анықталды. Бұл сабақтың бірқалыпты дамымауына әкеліп соғады.

1 популяцияның № 2 ценопопуляциясы орта генеративтік дарақтарында эпидермис клеткалары қалыңдығы, склеренхима қабаты және өзек диаметрінің қысқаруы байқалды.

№ 6 және № 9 ценоценопопуляцияларда кәрі генеративтік дарақтарда склеренхималық талшықтардан түзілген механикалық ұлпаның күшті дамуы және қалың кутикула қабатының есебінен жабынды ұлпаның жуандауы анықталды.

Жұмыстың мақсаты – әр түрлі экологиялық-ценотикалық жағдайда өскен Іле ұшқаты жапырағының салыстырмалы анатомиялық-морфологиялық құрылысы мен кейбір биометриялық көрсеткіштерін зерттеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу объектілері – Іле ұшқаты популяциялары :

1) 1 популяция – Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас елді-мекеніне жақын Іле өзені жағалауы. GPS координаттары: N $44^0$45.784/ , E $076^0$19.710/, теңіз деңгейінен биіктігі 351-398 м;

2) 2 популяция –Алматы облысы, Райымбек ауданы, Алғабас елді-мекеніне жақын Шелек өзені жағалауы. GPS координаттары: N $43^0$12.079/, E $078^0$31.412/, теңіз деңгейінен биіктігі 1216-1232 м;

3) 3 популяция – Алматы облысы, Райымбек ауданы, Ақтоғай шатқалындағы Шарын өзені жағалауы. GPS координаттары: N $43^0$12.959/, E $078^0$50.576, теңіз деңгейінен биіктігі 1142-1156 м.

Іле ұшқаты өсімдігі жапырақтарыСтрасбургер-Флемминг әдісімен фиксацияланды. Сақтаушы сұйықтық спирт-глицерин-судың қоспасы ретінде 1:1:1 қатынаста жасалды. Фиксация 96% этил спиртінде жүргізілді. Анатомиялық препараттар мұздатушы ТОС-2 қондырғысы бар микротом көмегімен дайындалды. Кесінділер жалпыға белгілі әдістер бойынша [10] дайындалды. Анатомиялық кесінділердің қалыңдығы 10-15 мкм құрады.

Сандық талдау үшін биометриялық көрсеткіштер МОВ-1 окуляр-микрометрі (ұлғайтылуы 10,7 есе, обьектив х 9) көмегімен өлшенді. Анатомиялық кесінділердің суреттері CAM V400/1.3M видеокамерасы бар МС-300 микроскопында жасалды. Биометриялық көрсеткіштерді статистикалық өңдеу Г.Ф. Лакин және Н.Л. Удольская бойынша жүргізілді [11, 12]. Өсімдіктердің ішкі құрылымын сипаттауда жалпы қабылданған терминология қолданылды [13, 14].

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Lonicera iliensis өсімдігі жас генеративтік дарағының жапырақ тақтасының анатомиялық құрылысы

Жапырақ тақтасының көлденең кесіндісі эпидермис, мезофилл, өткізгіш және механикалық ұлпалардан тұрады. Жапырақ тақтасының сыртын клеткалары бір қатарға орналасқан эпидермис қаптаған. Эпидермис клеткалары бірбірімен тығыз қабысқан, клеткааралықтары жоқ. Эпидермисті жұқа кутикула қабаты қаптаған. Бірінші популяция өсімдіктерінде эпидермальды клеткалар тангентальды бағытта созылған: олардың ені биіктігінен әлдеқайда артық. № 3 ценопопуляция өсімдіктерінде жабынды түктер байқалады (1-сурет). Екінші популяция дарақтарында бірнеше трихомалар бар. Үшінші популяцияның № 3 ценопопуляциясы өсімдіктерінің жапырақ тақташалары біршама жалпақ, басты жүйке орналасқан жерде, жапырақтың астыңғы жағынан ірі дөңес байқалады (1-сурет).

Жоғарғы және төменгі эпидермис аралығындағы кеңістіктекұрамында хлорофилл бар ұлпаның клеткалары – мезофилл орналасқан. Мезофилл клеткааралықтары мен ауаға толы

қуыстар көп болатын бағаналы және борпылдақ мезофиллге дифференциацияланған. Бағаналы мезофилл екі-үш қабат клеткалардан, ал борпылдақ мезофилл қабат саны мен жалпы қалыңдығы бойынша бағаналы мезофиллге сәйкес келеді. Мезофилл клеткалары пішіндері бойынша біркелкі келген: бағаналы мезофилл клеткалары аздап созылыңқы-сопақша, борпылдақ – біршама дөңгелек пішінді. Бағаналы мезофилл клеткалары жапырақтың бетіне перпендикулярлы созылған.



в.э – жоғарғы эпидермис, н.э – төменгі эпидермис, тр – трихомалар, п.мф – бағаналы мезофилл, г.мф – борпылдақ мезофилл, скл – склеренхима, пр.п – өткізгіш шоқ; 1 популяция ценопопуляциялары – 1, 2, 3; 2 популяция ценопопуляциялары – 4, 5, 6; 3 популяция ценопопуляциялары – 6, 7, 8.

1-сурет – *Lonicera iliensis*жас генеративтік дарақтары жапырақ тақтасының анатомиялық құрылысы (х40)

1 популяцияда өткізгіш шоқтар коллатеральды жабық, жапырақ тақтасының қалыңдығы бойымен бір қатарға орналасқан. Жапырақтың ортасында ірі өткізгіш шоғы орналасқан, ал бүйір жағында мезофилл қалыңдығында майда өткізгіш шоқтары орналасқан (1-сурет).

№ 5 ценопопуляция дарақтарында бағаналы паренхима клеткаларының сопақша-созылыңқы болуы байқалады. Ксилема мен флоэма жабық (камбийсіз) коллатеральды өткізгіш шоқтарға біріккен. Ксилема жапырақтың жоғарғы жағына, ал флоэма төменгі жағына бұрылған (1-сурет).

№ 1 және 2 ценопопуляциялардағы көптеген өсімдіктердің төменгі эпидермисінің клеткалары жоғарғы эпидермис клеткаларынан қалыңдықтары артық. Бұл эпидермистің сыртқы қабатын жауып тұратын қалың кутикула қабатына байланысты болуы мүмкін. Биометриялық мәліметтер бойынша, № 1 ценопопуляцияның жас генеративті өсімдіктері, № 2 және 3 ценопопуляциялармен салыстырғанда, біршама қалыңдаған жапырақ тақтасына ие. № 6 ценопопуляцияда жапырақ тақтасының қалыңдағаны, борпылдақ мезофиллдің біршама дамығандығы анықталды (1-кесте).

1-кесте – *Lonicera iliensis* жас генеративтікдарақтары жапырақ тақтасыныңбиометриялықкөрсеткіштері

Ценопопуляция	Жапырақ тақтасының қалыңдығы, мкм	Эпидермис қалыңдығы, мкм		Мезофилл қалыңдығы, мкм		Склеренхималық қоршау қалыңдығы, мкм
		жоғарғы	төмен	бағаналы	борпылдақ	
1 популяция						
1	115,25±2,12	7,95±1,37	9,44±0,24	52,33±2,41	49,30±1,31	27,26±2,66
2	112,03±2,44	9,85±1,03	10,88±1,95	41,67±1,39	46,76±2,69	38,70±2,53
3	113,00±1,62	8,46±0,87	7,98±1,05	30,98±2,28	56,15±1,84	43,37±2,45
2 популяция						
4	105,25±2,13	7,05±0,47	8,45±1,24	51,23±2,15	47,31±1,21	25,16±2,44
5	103,03±2,11	8,75±1,13	8,89±1,85	43,57±2,73	46,56±2,72	36,75±2,37
6	112,00±1,32	8,56±1,97	7,88±1,15	31,78±1,28	56,25±2,31	42,35±2,25
3 популяция						
7	111,54±1,56	8,59±1,73	9,43±1,47	49,37±2,19	45,03±1,11	32,63±1,46
8	109,30±2,10	8,95±1,34	9,68±1,05	45,75±2,15	46,66±2,28	36,73±2,57
9	113,43±1,87	8,64±1,79	8,85±1,15	43,95±1,33	46,25±2,13	41,74±2,55

Lonicera iliensis өсімдігі орта генеративтік дарағының жапырақ тақтасының анатомиялық құрылысы

Жапырақ тақтасының көлденең кесіндісі эпидермис, мезофилл, өткізгіш шоқтар мен механикалық ұлпалардан тұрады. Эпидермисі бірқабатты. Жабынды ұлпа клеткалары тығыз біріккен, клеткааралықтары жоқ, жұқа кутикула және балауыз жұғынымен жабылған. Түктілік байқалады. Жапырақ тақтасының мезофилі хлоропласттарға бай бағаналы паренхима және борпылдақ паренхиманың екі немесе үш қабат клеткаларынан тұрады. Бағаналы мезофилл клеткалары жапырақ тақтасының бетіне перпендикулярлы созылған.

Өткізгіш шоқтар коллатеральды жабық, жапырақ тақтасының қалыңдығы бойынша бір қатарға орналасқан. Жапырақтың ортасында ірі өткізгіш шоғы орналасқан, ал бүйір жағында мезофилл қалыңдығында майда өткізгіш шоқтары орналасқан. Өткізгіш шоқтардың барлық жүйесі склеренхималық қоршауға ие (2-сурет).

№ 3 ценопопуляцияның орта генеративтік дарақтарының жапырақ тақтасы біршама ірі өлшемдері және склеренхималық қоршаудың күшті дамуымен ерекшеленеді. № 2 ценопопуляция өсімдіктерінде, керісінше, жоғарғы эпидермис клеткаларының қалыңдығы, мезофилл қалыңдығы және механикалық ұлпа клеткаларының қалыңдығы жұқарған (2-кесте).

Іле ұшқатының № 5 ценопопуляция дарақтары жапырақ тақтасы ірі өлшемдерімен ерекшеленді. Осы ценопопуляция дарақтарында ксероморфтық ұйымдасу (жапырақ тақтасының максималды қалыңдығы және көпқабатты болуы, бағаналы паренхима клеткаларының пішіні сопақша-созылыңқы, эпидермистің күшті кутинизациясы) байқалды. Төменгі эпидермистің қалыңдығы № 4 және 6 ценопопуляциялардағы өсімдіктердің көрсеткіштерінен әлдеқайда артық (2-кесте).

№ 8 ценопопуляцияның орта генеративтік дарақтарында ксероморфтық ұйымдасу белгілері (жапырақ тақташасының максимальды қалыңдығы мен көпқабаттылығы, бағаналы паренхима клеткаларының пішіндері сопақша-созылыңқы, склеренхималық қоршаудың қалың қабаты және төменгі эпидермистің күшті кутинизациясы) табылды (2-кесте).



в.э – жоғарғы эпидермис, н.э – төменгі эпидермис, тр – трихомалар, п.мф – бағаналы мезофилл, г.мф – борпылдақ мезофилл, скл – склеренхима, пр.п – өткізгіш шоқ; 1 популяция ценопопуляциялары – 1, 2, 3; 2 популяция ценопопуляциялары – 4, 5, 6; 3 популяция ценопопуляциялары – 6, 7, 8.

2-сурет – *Lonicera iliensis*орта генеративтік дарақтары жапырақ тақтасының анатомиялық құрылысы (х40)

2-кесте – *Lonicera iliensis* орта генеративтік дарақтары жапырақ тақтасының биометриялық көрсеткіштері

Ценопопуляция	Жапырақ тақтасының қалыңдығы, мкм	Эпидермис қалыңдығы, мкм		Мезофилл қалыңдығы, мкм		Склерен-хималық қоршау қалың-дығы, мкм
		жоғарғы	төмен	бағаналы	борпылдақ	
1 популяция						
1	107,67±1,17	6,79±1,40	7,11±1,56	43,54±2,48	37,43±2,39	33,68±1,49
2	106,91±2,76	5,51±0,47	8,75±1,57	23,58±1,19	24,31±1,54	23,40±0,65
3	135,11±1,16	6,35±1,54	6,17±0,48	29,57±5,79	35,05±2,86	36,23±2,41
2 популяция						
4	117,67±2,17	7,89±2,40	7,12±2,56	21,56±1,29	35,41±3,76	32,68±2,39
5	125,12±1,10	7,36±1,73	8,85±1,67	46,84±3,18	22,29±1,52	21,40±1,55
6	112,71±2,96	5,61±0,56	6,18±2,14	27,57±3,97	32,03±1,86	34,13±1,12
3 популяция						
7	127,79±1,07	6,77±2,41	7,17±2,06	56,45±3,28	32,34±3,87	30,86±1,39
8	136,18±2,67	6,17±2,94	8,55±2,74	63,85±2,69	26,33±1,45	33,33±2,21
9	125,15±2,55	6,54±2,43	7,73±2,83	42,57±2,59	35,15±4,86	28,41±2,65

Lonicera iliensis өсімдігі кәрі генеративтік дарағының жапырақ тақтасының анатомиялық құрылысы

Жапырақ тақтасының сырты бір қабатты эпидермис клеткаларымен қапталған. Эпидермис клеткалары тығыз қабысқан, клеткааралықтары жоқ. Жапырақ тақтасының эпидермальды клеткаларының негізгі массасы тығыз орналасқан және суды жоғалтуды төмендететін жұқа кутикула қабатымен жабылған. Бірінші популяцияның № 2 ценопопуляция өсімдіктерінде қалың емес түктілік байқалады. Ал екінші популяция дарақтарында жабынды трихомалар жапырақ бетінің әр жерлерінде кездеседі.

Жапырақ тақтасының жоғарғы және төменгі эпидермисі арасында құрамында хлорофилл бар ұлпа клеткалары – мезофилл орналасқан. Мезофилл клеткаралықтары мен ауаға толы қуыстары көп бағаналы және борпылдақ мезофиллге дифференцияланған.



в.э – жоғарғы эпидермис, н.э – төменгі эпидермис, тр – трихомалар, п.мф – бағаналы мезофилл, г.мф – борпылдақ мезофилл, скл – склеренхима, пр.п – өткізгіш шоқ; 1 популяция ценопопуляциялары – 1, 2, 3; 2 популяция ценопопуляциялары – 4, 5, 6; 3 популяция ценопопуляциялары – 6, 7, 8.

3-сурет – *Lonicera iliensis*кәрі генеративтік дарақтары жапырақ тақтасының анатомиялық құрылысы (х40)

Бірінші популяцияда № 3 ценопопуляция өсімдіктері жапырақ тақталарында борпылдақ мезофилл қалыңдығы бойынша бағаналы мезофилл клетка қабатынан асады. Бағаналы мезофилл клеткалары жапырақ бетіне перпендикулярлы созылған, тығыз қабат түрінде 2 қатарға орналасқан (3-сурет).

№ 2 және 3 ценопопуляция өсімдіктерінде бағаналы мезофилл клеткалары жапырақ тақтасының бетіне перпендикулярлы біршама созылыңқы келген, тығыз қабат түрінде дұрыс қатармен орналасқан. Мезофиллдің құрылысы мен орналасуы бойынша барлық зерттелген дарақтарда жапырақ тақтасы – бифациальды, яғни бағаналы мезофилл жапырақ тақтасының жоғарғы жағына шоғырланған. Өткізгіш шоқтар жапырақ тақтасы қалыңдығы бойынша бір қатарға орналасқан (3-сурет).

Екінші популяцияда бағаналы паренхимада жоғарғы эпидермиске тік бұрышпен түскен клеткалар ұзын оське ие, бағаналы пішінді келеді. Борпылдақ паренхимада клеткалар бұ-

рыс пішінді келеді. Жапырақтарда ассимиляциялық ұлпалардың дамуы өсімдіктердің өсу ортасында жарық түсуі азды-көпті жағдайда дамиды. № 5 ценопопуляция өсімдіктерінде мезофилл қалыңдығы ең қалың, ал бағаналы және борпылдақ паренхималардың қатынасы бірдей. Мезофил қалыңдығының ұлғаюы жалпы жапырақ тақтасының қалыңдауына әсер етеді. Жапырақ мезофилінде көптеген өткізгіш шоқтар орналасқан. Ең ірі өткізгіш шоқ жапырақ осі бойымен негізгі және механикалық ұлпалармен бірге созылып жатыр және оның үстіңгі бетінде жота түрінде болады. Өткізгіш шоқ ксилема мен флоэмаға ие (3-сурет).

Үшінші популяцияда № 7 ценопопуляция өсімдіктерінде барлық зерттелген құрылымдардың қалыңдығының қысқаруы байқалды. Жапырақ тақтасы басқа ценопопуляциялармен салыстырғанда жұқа болды. Сәйкесінше, мезофиллдің жалпы қалыңдығы да төмендеу болды. Склеренхималық қоршау әлсіз дамыған (3-сурет, 3-кесте).

№ 9 ценопопуляция өсімдіктері қалыңдаған жапырақ тақтасына ие, сонымен қатар, құрамында хлорофилл бар және механикалық ұлпаларының клеткалары күшті дамыған. Бағаналы мезофилл қалыңдығының аздап жұқа болуы клеткалардың ұсақтығына байланысты (3-кесте).

3-кесте – *Lonicera iliensis* кәрі генеративтік дарақтарыжапырақ тақтасының биометриялықкөрсеткіштері

Ценопопуляция	Жапырақ тақтасының қалыңдығы, мкм	Эпидермис қалыңдығы, мкм		Мезофилл қалыңдығы, мкм		Склеренхималық қоршау қалыңдығы, мкм
		жоғарғы	төмен	бағаналы	борпылдақ	
1 популяция						
1	112,10±1,98	8,06±1,29	8,67±1,38	43,61±2,35	43,71±2,79	35,58±2,45
2	126,37±2,63	8,79±1,83	9,02±0,81	60,34±2,33	53,22±2,14	43,92±2,34
3	141,45±1,16	10,65±1,76	9,81±1,29	46,39±2,68	61,17±2,83	41,97±2,59
2 популяция						
4	116,16±2,13	8,10±1,33	8,71±1,42	47,65±2,21	47,72±2,39	39,58±2,39
5	145,15±1,46	8,80±1,87	9,06±0,81	64,74±2,73	57,26±2,54	47,96±2,34
6	130,39±2,79	9,69±1,80	9,91±1,69	46,43±2,66	66,27±2,47	41,07±2,46
3 популяция						
7	126,01±2,84	8,60±1,92	8,76±1,85	44,18±3,22	42,18±2,32	30,85±2,54
8	157,54±2,61	8,98±1,32	9,12±1,81	58,33±2,31	52,12±2,54	44,29±2,44
9	153,73±2,49	9,54±1,68	9,38±1,93	54,93±2,16	56,17±2,49	45,74±2,16

Қорытынды

Іле ұшқатының үш популяциясы, тоғыз ценопопуляциясы өсімдіктерінің әр түрлі жастық күйлеріндегі дарақтардың жапырақ тақтасының анатомиялық-морфологиялық құрылысы зерттелді. Жүргізілген жұмыстар негізінде келесі қорытындылар жасалды:

1) *Lonicera iliensis* өсімдігінің ценопопуляцияларындағы әр түрлі жастық күйлеріндегі дарақтардың жапырақ тақтасының анатомиялық-морфологиялық құрылысын салыстыру олардың бір-біріне ұқсастығын көрсетті. Барлық дарақтарға дорзовентральдыққұрылыс және мезофиллдің көпқабаттылығы тән.

2) Барлық популяциялардыңүшінші ценопопуляциясында,№ 3, № 6және № 9, дарақтары жалпақ жапырақ тақтасына ие. Бұл бағаналы және борпылдақ мезофилл клеткалары қабатының артуына байланысты.

3) Екінші және үшінші популяциялардың № 5 және№ 8 ценопопуляциялары орта генеративтік дарақтары жапырақ тақталары біршама ірі өлшемдерімен ерекшеленді. Осы ценопопуляциялар дарақтарында ксероморфтық ұйымдасу белгілері табылды.

Әдебиеттер

1 Parmesan C(2006) Ecological and evolutionary responses to recent climate change.Annu Rev EcolEvol S, 37:637–669.

2 Cramer W., Bondeau A., Woodward F.I., Prentice I.C., Betts R.A., Brovkin V., Cox P.M., Fisher V., Foley J.A., Friend A.D., Kucharik C., Lomas M.R., Ramankutty N., Sitch S., Smith B., White A., Young-Molling C. (2001) Global response of terrestrial ecosystem structure and function to $CO_2$and climate change: Results from six dynamic global vegetation models.Glob Change Biol, 7:357–373.

3 Тихонова В.Л., Беловодова Н.Т. (2002) Реинтродукция дикорастущих травянистых растений, Состояние проблемы и перспективы. Бюллетень Главного Ботанического сада, 183:90-107.

4 Серебряков И.Г. (1952) Морфология вегетативных органов высших растений.Советская наука. – М., ISBN:978-5-4458-5466-1

5 Қазақстанның Қызыл Кітабы (2014) 2-басылым. 2-ші том: Өсімдіктер, АртPrintXXI. – Астана, ISBN:978-601-80334-7-6.

6 Пояркова А.И. (1958) Род *Lonicera* L. Флора СССР. – М.: Л.: Изд-во АН СССР. – Т. 23. – С. 467-573.

7 Флора Казахстана (1965). – Алматы: Наука. – Т. 8. – 448 с.

8 Куклина АГ, Скворцов АК (1990) К интродукции жимолости илийской. Бюллетень Главного Ботанического Сада, 157:3-9.

9 Мухитдинов НМ, Ахметова АБ, Аметов АА, Абидкулова КТ, Карашолакова ЛН(2012) Сравнительная анатомо-морфологическая характеристика стебля *Lonicera Iliensis* Pojark. из разных эколого-ценотических условий. Вестник КазНУ, серия экологическая, 3(35):63-73.

10 Барыкина Р.П., Веселова Т.Д., Девятов А.Г., Джалилова Х.Х., Ильина Г.М., Чубатова Н.В. (2004) Справочник поботаническоймикротехнике. Основы и методы. МГУ. – М., ISBN: 5-211-06103-9.

11 Лакин Г.Ф. (1990) Биометрия. Высшая школа. – М., ISBN: 5-06-000471-6.

12 Удольская Н.Л. (1976) Введение в биометрию.Наука Казахской ССР. – Алма-Ата. – 83 с.

13 Лотова Л.И. (2007) Ботаника: морфология и анатомия высших растений. КомКнига. – М., ISBN:978-5-484-00698-4.

14 Лотова Л.И., Тимонин А.К. (1989) Сравнительная анатомия высших растений.Учебно-методическоепособие.МосковскийУниверситет. – М., ISBN: 5-211-01190-2.

References

1 Parmesan C(2006) Ecological and evolutionary responses to recent climate change.Annu Rev EcolEvol S, 37:637–669.

2 Cramer W., Bondeau A., Woodward F.I., Prentice I.C., Betts R.A., Brovkin V., Cox P.M., Fisher V., Foley J.A., Friend A.D., Kucharik C., Lomas M.R., Ramankutty N., Sitch S., Smith B., White A., Young-Molling C. (2001) Global response of terrestrial ecosystem structure and function to CO2and climate change: Results from six dynamic global vegetation models.Glob Change Biol, 7:357–373.

3 Tihonova V.L., Belovodova N.T. (2002) Reintrodukcija dikorastushhih travjanistyh rastenij, Sostojanie problemy i perspektivy. Bjulleten’ Glavnogo Botanicheskogo sada, 183:90-107.

4 Serebrjakov I.G. (1952) Morfologija vegetativnyh organov vysshih rastenij.Sove-tskaja nauka. – M., ISBN:978-5-4458-5466-1

5 Қазақстаннуң Қyzyl Kitaby (2014) 2-basylym. 2-shi tom: Өsimdikter, ArtPrintXXI. – Astana, ISBN:978-601-80334-7-6.

6 Pojarkova A.I. (1958) Rod Lonicera L. Flora SSSR. – M.: L.: Izd-vo AN SSSR. – T. 23. – S. 467-573.

7 Flora Kazahstana (1965). – Almaty: Nauka. – T. 8. – 448 s.

8 Kuklina AG, Skvorcov AK (1990) K introdukcii zhimolosti ilijskoj. Bjulleten’ Glavnogo Botanicheskogo Sada, 157:3-9.

9 Muhitdinov NM, Ahmetova AB, Ametov AA, Abidkulova KT, Karasholakova LN(2012) Sravnitel’naja anatomo-morfologicheskaja harakteristika steblja Lonicera Iliensis Pojark. iz raznyh jekologo-cenoticheskih uslovij. Vestnik KazNU, serija jekologicheskaja, 3(35):63-73.

10 Barykina R.P., Veselova T.D., Devjatov A.G., Dzhalilova H.H., Il’ina G.M., Chubatova N.V. (2004) Spravochnik pobotanicheskojmikrotehnike. Osnovy i metody. MGU. – M., ISBN: 5-211-06103-9.

11 Lakin G.F. (1990) Biometrija. Vysshaja shkola. – M., ISBN: 5-06-000471-6.

12 Udol’skaja N.L. (1976) Vvedenie v biometriju.Nauka Kazahskoj SSR. – Alma-Ata. – 83 s.

13 Lotova L.I. (2007) Botanika: morfologija i anatomija vysshih rastenij. KomKniga. – M., ISBN:978-5-484-00698-4.

14 Lotova L.I., Timonin A.K. (1989) Sravnitel’naja anatomija vysshih rastenij.Ucheb-no-metodicheskoeposobie.MoskovskijUniversitet. – M., ISBN: 5-211-01190-2.

[1]Қоңырова Ж.Б.,
[1]Давлетова А.Н.,
[1]Қуатбаев А.Т.,
[2]Таирова С.К.,
[1]Назарбекова С.Т.,
[1]Чилдибаева А.Ж.

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы
[2]«Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Қазақстан, Алматы

Талас өзені аңғарындағы табиғи мал жайылымдарындағы өсімдіктер қауымдастықтарының ерекшеліктері

Мақалада Талас ауданына қарасты Талас өзені аңғарындағы табиғи мал жайылымдарыныңөсімдіктер қауымдастықтарының флоралық құрамы анықталып, маңызды өсімдіктер топтарына сипаттама берілген. Зерттеу нысаны ретінде Талас ауданындағы Кеңес және Шакиров ауылдық округтері алынды. Талас ауданының Кеңес және Шакиров ауылдық округіндегі өсімдік жабынының флоралық құрамы – 22 тұқымдас, 65 туысқа жататын 97 өсімдік түрінен тұрады. Кездесетін түрлер саны жөнінен басым алғашқы бес орынды Алабұталар тұқымдасы (Chenopodiaceae Vent), Қоңырбастар (Poaceae Barn.), Күрделігүлділер (Asteraceae Bercht), Бұршақ тұқымдасы (Fabaceae Lindl), Лалагүлділер (Liliaceae Hall) алады. Қорғасыншөптер (Plumbaginaceae Juss.), Түйетабандар (Zygophyllaceae R.BR.), Крестгүлділер (Cruciferae Juss.), Қияқөлеңдер (Cyperaceae Juss.), Қалампырлар (Caryophyllaceae Juss.) мен Құртқашаштар тұқымдастары (Iridaceae Juss.) 1–4 түрден кездеседі. 1978 жыл мен 2015 жылдағы зерттеу нәтижелерін салыстырғанда өсімдіктер жабынында, атап айтқанда метеорологиялық динамикасы, экологиялық жағдайлары, өсімдік түрлері мен жекелеген контурлардың құрамында өзгерістер анықталды. Соңғы жылдардағы мал басының азаюы мен мал жаюды шектеу аталған аудандағы бағалы жайылымдық өсімдіктердің дамуына оңтайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: доминант түрлер, жайылым, өсімдіктер жабыны, өсімдіктер тұқымдастары, флоралық құрамы,шабындық.

[1*]Konyrova Zh.B.,
[1]Davletova A.N.,
[1]Kuatbayev A.T.,
[2]Tairova S.K.,
[1]Nazarbekova S.T.

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
[2]Scientific-Production Center of Land Cadastre, Kazakhstan, Almaty

Features of plant communities of natural forage lands of Talas river delta

The article describes and defines the floristic composition of plant communities of natural forage lands of Talas River delta, Zhambyl Region. Talas River flows through the lands of Bayzak, Talas, and Sarysu Districts. The study was conducted in Kenes and Shakirov rural districts of Talas District. The study revealed 97species belonging to 65 genera and 22 families in the floristic composition of the vegetation cover of Kenes and Shakirov rural districts. Top 5 in the number of dominant species includes Chenopodiaceae Vent, Poaceae Barn, AsteraceaeBercht, Fabaceae Lindl, and Liliaceae Hall families. Such families as Plumbaginaceae Juss, Zygophyllaceae R.BR, Cruciferae Juss, Cyperaceae Juss., Caryophyllaceae Juss, and Iridaceae Juss are represented by 1-4 species. Ecological analysis of the local flora of the survey district shows the widespread of xerophytes on piedmont plain, mesophytes and halophytes – in the depressions and ancient alluvial delta of the Talas River. The comparison of results of the surveys of 1978 and 2015 revealed some changes in vegetation, mainly related to the dynamics of the weather, environmental conditions, specification of plant species and the maintenance of separate circuits.

Key words: vegetation, pasture, hay, floristic composition, dominant species, plant families.

---

[1]Қоңырова Ж.Б.,
[1]Давлетова А.Н.,
[1]Қуатбаев А.Т.,
[2]Таирова С.К.,
[1]Назарбекова С.Т.

[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы
[2]Республиканское государственное предприятие «Научно-производственный центр Земельного кадастра», Казахстан, Алматы

Особенности растительных сообществ природных кормовых угодий дельты реки Талас

В статье дано описание и определение флористического состава растительных сообществ природных кормовых угодий дельти реки Талас Жамбылской области. Река Талас протекает через земли районов Байзак, Талас и Сарысу. Объектами исследования были выбраны сельские округи Таласского района – Кенес и Шакиров. В результате исследования в флористическом составе растительного покрова сельских округов Кенес и Шакиров выявлены 97 видов, относячихся к 65 родам и 22 семействам. В первую пятерку по видовому разнообразиювходят семейства Маревые (Chenopodiaceae Vent), Злаковые (Poaceae Barn.) Сложноцветковые (Asteraceae Bercht), Бобовые (Fabaceae Lindl) и Лилейные (Liliaceae Hall). Семейства Свинчатковые (Plumbaginaceae Juss), Парнолистниковые (Zygophyllaceae R.BR), Крестоцветные (Cruciferae Juss), Осоковые (Cyperaceae Juss.), Гвоздичные (Caryophyllaceae Juss) и Касатиковые (Iridaceae Juss) встречаются 1-4 видам. Сопоставление результатов обследования 1978 и 2015 годов позволило выявить некоторые изменения в растительности, связанные в основном с динамикой метеорологических, экологических условий, уточнением видов растений и содержания отдельных контуров.

Ключевые слова: доминантные виды, пастбище,растительность, семейства растений, сенокос,флористический состав.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 631.617.581.14:631.53.02

[1*]Қоңырова Ж.Б., [1]Давлетова А.Н., [1]Қуатбаев А.Т., [2]Таирова С.К., [1]Назарбекова С.Т., [1]Чилдибаева А.Ж.

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[2]«Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» Республикалық мемлекеттік
кәсіпорны, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[*]E-mail: zhuldyz-91.23@mail.ru

ТАЛАС ӨЗЕНІ АҢҒАРЫНДАҒЫ ТАБИҒИ МАЛ ЖАЙЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ ӨСІМДІКТЕР ҚАУЫМДАСТЫҚТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кіріспе

Өсімдіктер жабыны – биосфераның ең маңызды компоненті. Жер барлық тірі организмдерге алғашқы биологиялық өнімділіктің негізгі қайнар көзі бола отырып, олардың тіршілік мүмкіндігін айқындайды. Өсімдіктердің жай-күйі мен дамуы қоршаған ортаның барлық параметрлерінің тұрақтылығына тәуелді.

Бүгінгі таңда республика аумағындағы 187 миллион гектар көлемді алып жатқан жайылым, 5 миллион гектар шалғындық және 2,4 миллион гектар мал азықтық дақылдардың егістіктері жем-шөптің негізгі қоры болып табылады [1].

Жайылым көлемі жағынан Қазақстан дүние жүзінде бесінші орын алады. Еліміздің бүкіл жер көлемінің 67% және ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жердің 80% жайылымның үлесіне тиеді. Жайылымның азықтық сыйымдылығы 25–28 млн. тонна азық өлшеміне тең. Дүниежүзілік банк сарапшыларының деректеріне сүйенсек, жайылымдардың жыл сайынғы қайта қалпына келетін азықтық ресурстары 1,2 млрд. АҚШ долларымен бағаланады екен [2].

Қазақстан территориясының негізгі аумағын далалы, шөлді белдемдер алып жатқандықтан және аграрлық ел болғандықтан табиғи мал жайылымдарындағы өсімдіктер қауымдастықтарын, олардың флоралық құрамын, мал азықты өсімдіктердің қорын, өнімділігін анықтау өзекті мәселелердің бірі. Біздің зерттеу жұмыстарымыз осы мәселені шешу мақсатында Жамбыл облысы, Талас ауданы, Шакиров ауылдық округіне қарасты мал жайылымдарының өсімдіктер қауымдастықтарының флоралық құрамын, ондағы малазықты, улы және дәрілік өсімдік түрлерін анықтауға арналған.

Табиғи мал жайылымдарындағы қазіргі таңдағы өсімдіктер жабынын, қауымдастықтағы малазықты өсімдіктердің өнімділігін анықтау мақсатында зерттеу жұмыстары «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны мекемесі қызметкерлерімен бірге Жамбыл облысы, Талас ауданының Кеңес және Шакиров ауылдық округтерінің территориясында жүргізілді.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмыстары классикалық әдістер бойынша, малазықты өсімдіктердің маусым бойынша өнімділігін анықтау модельдік әдіс бойынша жүргізілді [3]. Зерттеу жұмыстары үшін алдымен нысан және зерттеу масштабы жоспарланып, жоспарлы-картографиялық материалдар жинақталды, зерттеу жұмысы жүргізілетін аумақтың шекарасы нақтыланып, нысан туралы мәліметтер (өсімдік жабыны, топырағы, климаты және т.б.) жинақталды. Талдау жүргізу үшін алдыңғы жылдарда жүргізілген геоботаникалық және топырақ қабатын зерттеу туралы жұмыстардың нәтижелері қаралып, топокарталар, фотожоспарлар, сызбалар таңдалып алынды.

Далалық кезеңде территория ландшафтының ерекшеліктерімен, өсімдіктер жабынының таралу заңдылықтары мен мәденитехникалық жағдайымен өсімдіктер жабыны мен топырағымен танысумақсатында рекогносцировка жүргізіліп, Жамбыл облысы Талас ауданы Кеңес және Шакиров ауылдық округтерінің өсімдіктер үлгілері жиналды.

Камералдық кезеңде далалық кезеңде жинақталған материалдар өңделді. Өңдеу жұмыстары кезінде зерттеліп отырған аймақтың флоралық құрамы анықталып, нақтыланды [4].

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Зерттелетін аймақ территориясы тау етегі-шөлді-далалы белдемге, солтүстіктің ашық сұр топырағы мен сұр-құба топырақ белдем тармағына жатады. Рельефтің негізгі типтері – тау етегіндегі толқынды-көлбеу, толқынды, аз толқынды жазық; ежелгі және қазіргі Талас өзені аңғарлары (оның ішінде құмдар).

Өсімдіктер жабыны жартылай шөлді (шөлді-далалы) өсімдіктермен сипатталады. Мұнда шөлді жартылай бұташықтар, жартылай бұталар мен далалық тығыз шымқабатты қоңырбастар кездеседі .

Зерттеу аймағы флорасын экологиялық талдау тау етегі мен тау етегіндегі жазықтарда ксерофиттердің, мезофиттер мен галофиттердің – ежелгі және қазіргі Талас өзені аңғарында, псаммофиттердің ұсақтөмпешікті құмдарда кеңінен таралғандығын көрсетті.

Ксерофиттер – жартылай шөлдер мен шөлдерде тіршілік етуге бейімделген өсімдіктер тобы. Зерттеу аумағында мынадай ксерофиттер түрлері кездеседі: боз жусан (*Artemisia terrae-albae* Krasch.) және тұран жусаны (*Artemisia turanica* Krasch.), күйреуік (*Salsola orientalis* S. G. Gmel.), мүйізтүс теріскен (*Kraschenninnikovia ceratoides* (L.) Gueldenst.), баялыш (*Salsola arbuscula*Pall) және т.б.

Галофиттерге шалғындық қоңырбастар – кәдімгі қамыс *(Phragmitescommunis* Trin), қызыл тамыр ажырық (*Aeluropusintermedius*. Link) жатады. Мезофильді қоңырбастар – жатаған бидайық (*Agropyron repens* (L.) Beauv.), шалғындық қоңырбас (*Poa pratensis* L.). Әдетте шабындықтарда олардың өнімділігі жоғары болады.

Тау етегі шөлді далалы зонаға даму циклі қысқарғанкөктемгі вегетациясы қысқа өсімдіктер – эфемероидтар мен эфемерлер (жуашықты қоңырбас *(Poa bulbosa* L.), толық қияқөлең (*Carex pachystylis* J. Gay.), шығыс мортығы (*Eremopyrum orientale* L.), құм жауылшасы (*Alyssum desertorum* Stapf)) тән. Бұл өсімдіктердің өнімділігі әр жылда әрқалай болатын көктем маусымындағы ылғалдылық мөлшеріне тәуелді.

Далалық зерттеу жұмыстары нәтижесінде Кеңес ауылдық округінің флоралық құрамында 21 тұқымдас, 64 туысқа жататын 84 өсімдік түрі, ал Шакиров ауылдық округінде – 20 тұқымдас, 60 туыс, 78 түр анықталды (1-сурет).

Тіршілік формасы бойынша көпжылдық өсімдіктер басым болып келеді. Вегетациялық кезеңі ұзақ болып келетін көпжылдық шөптесін өсімдіктер – 40 түр, бұталар – 12 түр, жартылай бұталар – 5 түр, бұташықтар – 4 түр, жартылай бұташықтар – 2 түр, ағаш текті өсімдіктер – 2 түр.

Көпжылдық шөптесін өсімдіктерге қоңырбастар тұқымдасы өкілдері, сонымен бірге жусан мен күрделігүлділер тұқымдастарынан алуаншөптер жатады.

Бұталар – Қылшалар (*Ephedraceae* Wettst), Алабұталар (*Chenopodiaceae* Vent.), Раушангүлділер (*Rosaceae* Juss.), Бұршақ тұқымдастар (*Fabaceae* Lindl.), Түйетабандар (*Zygophyllaceae* R.BR.), Тарандар (*Polygonaceae* Lindl.), Құртқашаштар (*Iridaceae* Juss.), Жыңғылдар (*Tamaricaceae* Link.) тұқымдастары. Жартылай бұталар – Алабұталар (*Chenopodiaceae* Vent.), Кеуелдер (*Capparidaceae* Juss.); жартылай бұташықтар мен бұташықтар – Алабұталар (*Chenopodiaceae* Vent.), Күрделігүлділер (*Asteraceae* Bercht.) және т.б. тұқымдастарының өкілдері.

Біржылдықтар тобын негізінен Қоңырбастар (*Poaceae* Barn.), Крестгүлділер (*Cruciferae* Juss.), Ерінгүлділер (*Labiatae* Juss.), Күрделігүлділер (*Asteraceae* Bercht.), Жидек (*Elaeagnaceae* Juss.)

тұқымдастарына жататан өсімдіктер құрайды. Екіжылдық өсімдіктер саны 1 түр.

Біржылдықтар әдетте модификациялық шабындықтарды (құмебелек (*Ceratocarpus arenarius* L.) пен қалталы ебелек (*C.utriculosus* Bluk.), шығыс мортығы (*E.orientale*), ақшыл жусан (*Artemisia pallens* Wall.), тарбақ торғайоты (*Climacoptera brachiata* Pall.) қалыптастырады .

Зерттеу аумағында таралған өсімдіктерді мал азықтық және емдік қасиеттері бойынша 4 топқа бөліп қарастыруға болады. Олар: 1) мал азықты өсімдіктер; 2) мал азықтық және мал нашар жейтін өсімдіктер; 3) улы өсімдіктер; 4) дәрілік өсімдіктер.

Мал азықты өсімдіктер. Боз жусан (*A.terrae-albae*) – көпжылдық шөптесін өсімдік, ұзындығы 45 см, вегетативті және генеративті шыбықтармен қалың тығыз және кең шымды болып келеді. Жапырағы жұмыртқа пішінді. Тамыз-қарашада гүлдейді. Жайылымда көктемде қойлар жақсы және өте жақсы қоректенеді, жазда – қанағаттанарлық немесе нашар, күзде және қыста жылқы және түйе жақсы қоректенеді. Көктемде ірі қара малдар қанағаттанарлықтай қоректенеді, күз бен қыста және жазда мүлдем қоректенбейді. Азықтық сапасы орташадан жоғары.

Бүрлі сарсазан (*Halocnemum strobilaceum* (Pall.) M.B.) – бұташық, ұзындығы 5-40 см, жайылып тармақталған, ағаштекті жас бұтақтар сұр түппен қалыптасқан. Цилиндр тәрізді, тік тұратын, сулы мүшелі, қарама – қарсы дөңгелек бүршіктермен және ұзақ дамымайтын немесе олардан шығатын гүлденгіш бұтақшалардан тұратын біржылдық өсімдік. Гүлдеу және жеміс беруі тамыз-қараша айында. Қой мен ешкі аз қоректенеді. Қыста кезінде жылқылар әр кезде қоректенеді. Пішеннің азықтық құндылығының сапасы жоғары емес.



1-сурет – Кеңес және Шакиров ауылдық округі флорасындағы саны басым тұқымдастар

Жатаған бидайық (*A.repens)* – көпжылдық тамырсабақты өсімдік, биіктігі 50-100 см, тамырсабақтары ұзын, жатаған. Мамыр-шілде айларында гүлдейді. Кең таралған жемшөптік өсімдіктердің бірі. Сумен орташа қамтамасыз етілген топырақта өссе де, құрғақшылыққа және топырақтың тұзденуіна төзімді. Тіршілік ету ортасына байланысты өнімділігі де әр түрлі: құрғақ жерлерде 50-70 см биіктіте өссе, ылғалды шалғындарда 100 см-ден жоғары өседі. Таза бидайықты шабындықтар 25-30 ц/га және одан да көп өнім береді.Вегетациясы басқа өсімдіктерден кеш, бірақ ерте көктемде бастайды. Жайылымда бас масақтануға дейін жақсы желінеді, гүлдені кезінде мал жемейді. Жылқы, қой, ешкі нашар жейді. Балауса кезінде малдың барлық түрі жақсы жейді. Сондықтан бидайықты бас масақтанбай тұрып шауып тастап, жоғары

құнарлыққа ие балаусасын пайдалану керек. Пішенге шабылған шөптерін мал жақсы жейді.

Жуашықты қоңырбас (*P.bulbosa* L.) – тамыры өте жұқа, пиязшықты өсімдік, эфемероид. Кең тараған түр. Дамуы бойынша өте иілгіш өсімдік (2, а-сурет). Қолайлы жағдайда биіктігі 45-50 см-ге дейін жетіп, 15.0 ц/га өнімділік береді. Малдың барлық түрі жейді. Көктем жаз кезінде жайылымда өте жақсы желінеді. Күзде бұндай көрсеткіш төмендейді. Қойлар үшін өте құнарлы азық.

Күздік жусан (*Artemisia serotina* Bunge*.)* – тамыры жуан, ағаштанған болып келеді. Жақсы жапырақтанған қысқарған вегетативті және биіктігі 35-80 см болатын, генеративті өркендер береді. Қыркүйек айында гүлдейді. Жайылымда қойлар, түйелер және ешкілер жақсы жейді. ірі қара мүйізді мал мен жылқылар нашар жейді. Жаз, көктем айларында мүлдем желінбейді. Жапырағы мен жас бұтақтарын мал жақсы жейді, гүлшоғыры мүлдем желінбейді. Күздік жусанды сиыр жесе, оның сүті ащы болады. Өте құнарлы азық. Жартылай ылғалды топырақта өсетіндігіне қарамастан, өте көп тараған мал азықты өсімдік. Сортаңданған топыраққа және құрғақшылыққа төзімді. Өнімділігі өсетін жеріне байланысты құбылмалы болып келеді. Құрғақ аймақта биіктігі 50-70 см болса, шалғынды жерлерде 100 см ге дейін жетеді. Таза жатаған бидайық 25-30 ц/га өнімділік береді (2, ә-сурет).

Кірпі тасбұйырғыны (*Nanophyton erinaceum* (Pall.) Bge.) – бұташық, ұзындығы 5-15 см, жиі қысқа бұтақталған, ағаштекті, жуан сабақпен сипатталады. Тамыз-қыркүйекте гүлдейді. Өте жылдам өседі, жазда тармақтар 1-4 см өседі. Бұл таза жайылым өсімдігі. Жыл бойы қойлар қоректенеді, әсіресе күз бен қыста өте жақсы қоректенеді. Қой және түйелер үшін таптырмайтын азық, күзде шабындық пішенінен төмен емес, сапасы жақсы. Өсімдікте сапонин (0,1%), алкалоид (0,1-0,15%) кездеседі. Халық медицинасында түрлі ауруларға қарсы дәрі ретінде қолданылады. Дамудың барлақ фазасында жоғары азықтық құндылыққа ие. Өсімдікте органикалық қышқыл, алколоид (0,15-3,5%) болады.

Қара сексеуіл (*Haloxylon aphyllum* (Minkw.) Iljin.) – биіктігі 10 м дейінгі ағаш. Бұтақтары жіңішке, ашық-сұр түсті, біржылдық бұталары шөптесін, сәуір-маусым айларында гүлдеді. Жоғары колориялы отын, түйе, қойлар үшін азық.

Қырғыз жантағы (*Alhagi kirghisorum* Schrenk.) – биіктігі 55-100 см болатын, тегіс, жапырақтанған бұтақтары бар жартылай бұталы өсімдік. Маусым-шілде айларында гүлдеп, тамыз айында жеміс береді. Тамыр жүйесі мықты, 10 м және одан да тереңге тараған. Осыған байланысты құрғақшылық кезінде де грунттық суларды қолдануға мүмкіндік береді. Жапырақтың қалташаларында тікенектер орналасқан. Жоғарғы тікенектері – ұзын, ал төменгі тікенектері қысқа, әрі өте мықты болып келеді. Түйе, қой, ешкі малы жақсы жейді. Балды өсімдік.

Тарбақ торғайоты (*C.brachiata*) – биіктігі 10-30 см болатын, біржылдық шөптесінді өсімдік. Жапырағы тік, етженді, ұшы өткір болады. Жемісінің қанаты күлгін, сары. Шілде-қыркүйек айларында гүлдейді. Күздік-қыстық мал азығы. Бұл өсімдікте тұздың мөлшері көп болғандықтан, түйе малы ғана сүйсініп жейді. Күзде қойлар мен түйелер жақсы жейді. Түйелер үшін өте қоректік азық болып саналады. Ірі қара мал мен жылқылар нашар жейді. Мал азығы ретінде өте құнарлы.

Толық қияқөлең (*C.pachystylis*). Көп жылдық өсімдік, тамыры өркенденген. Сабағы тік, биіктігі 30-60 см, жапырақтары қатты. Мамыр-маусым айларында гүлдейді. Орташа деңгейдегі мал азықты өсімдік болып саналады. Өсуінің алғашқы фазасында түйеден басқа барлық өсімдіктер жақсы жейді. соңына қарай мүлдем желінбейді. Ірі қара мүйізді мал мен жылқылар қыстауда жақсы жейді. Түйелер, ешкі, қойлар қыстауда нашар жейді (2, б-сурет).

Мүйізтүс теріскен (*K.ceratoides)* − жартылай бұта, ұзындығы 30-100 см. Жапырағы қалың, кезектесіп орналасады. Шілде-қыркүйекте гүлдейді. Жайылым мен шабындықтың жақсы өсімдігі. Жайылымда қой мен түйелер жақсы қоректенеді, күзде олар үшін жақсы азық болып табылады. Жылқылар түйеге қарағанда нашар, ал ірі қара малдар мүлде қоректенбейді. Азықтық өсімдік вегетациялық кезеңнің ұзақтығы сәуір-мамыр айында басталып, күздің аяғында аяқталады. Сапонин, алкалоид және витамин С кездеседі.

*Мал азықтық және мал нашар жейтін өсімдіктер.*Балқаш қарағаны (*Caragana balchaschensis* (Kom.) Pojark.). Биіктігі 30-100 см болатын, аласа, жоғары жағы сұр-күлгін түсті, бұталы өсімдік. Жас өркендері бос орналасқан. Гүлдерінің түсі – ашық сары. Сәуір-мамыр айларында гүлдеп, маусым айында жеміс береді. Жапырақтарын, гүлдерін және жас өркендерін мал жақсы жейді. Малға азық ретінде сапасы өте төмен.

Көбікше қосмүшелік (*Diarthron vesiculosum* Fisch. et Mey., C.A. Mey.) – биіктігі 20-50 см болатын, жіңішке, тік сабақты, бұтақтанған бір-

жылдық өсімдік. Мамыр-тамыз айларында гүлдейді. Бұл түрдің өзін малдар жей бермейді, тек басқа малазықты өсімдіктер болмаған жағдайда ешкілер және түйелер аздап жейді. Кепкен кезде мүлдем желінбейді. Өсімдікте алкалоидтардың біраз мөлшері табылған. Жайылым арамшөбі.

Қызылжыңғыл (*Tamarix ramossisima* Ledeb.) – бөрікбасы жайылған, ескі діңдері мен бұтақтарының қабығы күңгірт-сұр түсті, биіктігі 1-3 м болатын аласа ағаш немесе бұталы өсімдік. Жапырақтары ұсақ, ланцетті, сабағын жартылай орап тұрады. Гүлдерінің түсі қызғылт, күлгін, қанық қызыл, ақ түсті, гүлдері қысқа немесе ұзын төбелік сыпыртқыларында тығыз шашақгүл түзеді. Мамыр-қыркүйек айларында гүлдейді. Жайылымда тек қыста ғана кіші қара малдар, ақбөкен, түйе малы жейді [5-6].

Парсы қарараушаны (Hulthemia persica (Michx.) Bornm) – көпжылдық бұта, биіктігі 10-60 см. Жапырағы қыртысты, жай, тісшелі, гүлдері жекелей орналасқан. Сабақтарының саны көп, тікенді. Мамыр-маусым айларында гүлдеп, шілде-тамыз айларында жемістенеді. Жайылымдағы бұл өсімдікте эфир майларының және өткір иісті болғандықтан малдар нашар жейді. Түйелер мен қойлар қыс және көктем мезгілінде жақсырақ жейді.

Сырдария көбенқұйрығы (*Cousinia syrdariensis* Kult.) – биіктігі 15-55 см болатын, отырмалы орналасқан көп бұтақты, көпжылдық өсімдік. Маусым-шілде айларында гүлдейді. Өсімдік гүл шоғырының жоғарғы жағы мен жапырақтарын түйе жақсы жейді. Басқа малдар жемейді (2, в-сурет).



2-сурет – Зерттелген аумақтағы малазықты және мал нашар жейтін өсімдіктер

Тарбиған гүлкекіре (*Centaurea squarrosa* Willd.) – биіктігі 35-70 см болатын, сабағы қырлы-бороздалы тік сабақты, екіжылдық шөптесінді өсімдік. Маусым-тамыз айларында гүлдейді. Жайылымда бұл өсімдікті тек түйелер ғана жақсы жеп, басқа мал түрлері нашар жейді.

Улы өсімдіктер. Кәдімгі ақмия (*Goebelia alopecuroides* L.). Бұтақтанған сабағының биіктігі 80-100 см, гүлдері ақшыл сары түсті. Мамыр- маусым айларында гүлдеп, шілде-тамыз айларында жеміс береді. Құрамында софоридин алкалоиды, софокарпин, алоперин бар.

Кәдімгі адыраспан (*Peganum harmala* L.). Биіктігі 20-60 см болатын, көпжылдық шөптесінді өсімдік. Бұл улы өсімдік жасыл түсті болғанда да желінбейді. Түйелер мен қойлар азық жеткіліксіз болған кезде, бұл өсімдікті құрғақ кезінде жейді. Адыраспан алкалоиды орталық жүйке жүйесін, жүрек және ішек жолдары жұмысын бұзатын улы қасиеті бар. Сақтық үшін, бұл өсімдік өсетін жерлерге мал жаймау керек .

София сарманасы (*Descurainia sophia* (L.) Schur.). Сабағы тік, сұр түсті. Биіктігі 15-80 см болатын біржылдық, шөптесінді өсімдік. Мамыр айында гүлдейді. Арам шөп.Эфемерлі өсімдік сияқты дамиды – мамыр айында жеміс беріп, құрғап кетеді. Жайылымда тек түйелер сүйсініп жейді, қалған малдар нашар жейді. Қыстауда барлық малдар жақсы жейді. Тұқымында 27-30% құрғақ май болады және организмді улайтын глюкозид, синигрин бар. Алғашқы фазасында протеин өте көп кездеседі, сондықтан аса жоғары құнарлы болады. Иісі нашар.

Дәрілік өсімдіктер. Итсигек бұйырғын *(Anabasis aphylla* L.) – жартылай бұташа. Тері аурулары мен биттеген кезде итсигек алкалоиды – анабазинды қолданады. Метил анабазині тыныс алуды қоздырады. Халық медицинасында бұл өсімдіктің тамырынан жасалған қайнатпаны туберкулезге қарсы қолданады. Жасыл бұтақтарының қайнатпасын қышыманы емдеу үшін пайдаланады.

Кәдімгі адыраспан (*P. harmala*). Адыраспан алкалоидтарынан Паркинсон ауруын емдейтін дәрі жасайды. Бұл өсімдіктің қайнатпасын халық медицинасында эпилепсия, ергежейлік, асқазан-ішек жолдары ауруларына, сифилиске, ревматизм, тері ауруларына қарсы қолданады.

Кәдімгі ақмия (*G.alopecuroides*) ашық жасыл түсті болып келетін, көпжылдық шөптесінді өсімдік, тамыр жүйесі өте мықты. Сабағы тік, биіктігі 30-60 см. Түкті жапырақтары жоғары қарай бағытталған бұтақтарында орналасқан. Жапырағы тең қауырсынды емес. Гүлдері сарғыштау реңті ақ түсті. Мамыр-маусым айларында гүлдеп, шілде-тамыз айларында жеміс береді. Өсімдіктің жер үсті мүшелерінде вегетативті жүйке ганглияларында орналасқан Н-холинореактивті құрылымдардың жұмысын тоқтататын пахикарпин алкалоиды бар. Практикада иісі жоқ, ақ кристалды ұнтақ пахикарпин гидройодитын қолданады. Оны жатын бұлшық етін қалыпқа келтіріп, туу процесі жақсы өту үшін пайдаланады.

Қызылмия (*Glycyrrhiza glabra Linn*). Биіктігі 110 см болатын, көпжылдық шөптесінді өсімдік. Қызылмия өсімдігінің құрамында алкалоидтар, кумариндер, илік заттар, флавоидтар мен эфир майлары бар. Жоғары тыныс алу мүшелерін емдеу үшін медицина мен халық медицинасында қабынуға қарсы қолданады. Он екі елі ішек және асқазан жарасына жақсы ем. Аллергиялық дерматит, экзема, бронхиальды астманы емдеуге қолданады [6].

Қырғыз жантағы (*A.kirghisorum*). Биіктігі 100 см-ге жететін көпжылдық өсімдік. Жартылай шөл мен шөлді жерлерде өсетін, ең басты балды өсімдіктердің бірі. Гүлдері өте көп мөлшерде шырын бөледі. Балының сапасы жақсы, бірақ күңгірт түсті. Жапырағында С витамині бар. Жерүсті мүшелерінің құрамында флавоноидтар кездеседі.

Территорияда тау етегі жазықтарында жүйесіз мал жаюдың әсерінен қалыптасқан модификациялық шабындықтар кең тараған. Белдемдік топырақтарда боз және тұран жусаны ландшафтылық өсімдіктер болып саналады, шамадан тыс жүктелген жер телімдерінде олар ебелекті-эфемерлі, боз жусанды-ебелекті-эфемерлі, жусанды-ебелекті-эфемерлі, арамшөпті-ебелекті-эфемерлі өсімдіктермен алмасады. Қауымдастықтардағы арамшөптер болып улы және мал жемейтін өсімдіктер саналады. Мысалы, кәдімгі ақмия (*G.alopecuroides*), жатаған укекіре (*Acroptilon repens* DC.), итсигек бұйырғын (*A.aphylla*), кәдімгі адыраспан (*P.harmala*).

Рельефтің жоғары элементтерінде модификациялық шабындықтар арасында селеулер (қаулы-ебелекті-эфемерлі) кездеседі. Қаулы жайылымдар кәдімгі сұр-құба топырақтарда қалыптасып, аздаған аумақты алып жатады.

Шабындықта Шовиц қауынан (*Stipa szowitsiana* Trin.) басқа қалталы ебелек (*C.utriculosus*) пен эфемерлер – жуашықты қоңырбас (*P.bulbosa*), толық қияқөлең (*C.pachystylis*) кездеседі.

Күйреуікті және теріскенді жайылымдар аздаған аумақты алып жатады, жусанды жайы-

лымдармен бірге кездесіп, кәдімгі сұр-құба және солтүстік ашық сұр топырақтарда қалыптасады.

Талас өзенінің ежелгі және қазіргі аңғарларының өсімдіктер жабыны мозаикалық құрылымды, әрі тау етегі жазығына қарағанда түрлерге бай.

Аңғардың төменгі жағындағы жартылай гидроморфты топырақтарда ең кең және барлық жерде тараған – жантақты жайылымдар. Жантақтар эфемерлермен (жуашықты қоңырбас (*P.bulbosa*), толық қияқөлең (*C. pachystylis*), торғайотымен (*C. brachiata*) қауымдастықтар түзеді.

Талас өзені аңғарының бойында модификациялық шабындықтарда жүйесіз мал жаю себебінен қалыптасқан жантақты-ебелекті-эфемерлі, есекмиялы-ебелекті-эфемерлі, арамшөпті-ебелекті-эфемерлі, арамшөпті-эфемерлі қауымдастықтардың таралғанын атап өткен жөн. Негізгі фонды мұнда қалталы ебелек, эфемерлер (жуашықты қоңырбас (*Poa bulbosa*), толық қияқөлең (*C. pachystylis*), шығыс мортығы (*E. orientale*)) және арамшөптер (кәдімгі ақмия (*A.aphylla*), кәдімгі адыраспан (*P.Harmala)*, жатаған бидайық (*E.repens),* кәдімгі түйетабан (*Zygophyllum fabago* L.), кермексабын (*Limonium otolepis* Kuntz.), каспий ақбасшөбі (*Karelinia caspia* Pall.) кездеседі.

Ескі жыртылған жерлерде жантақты-ебелекті-эфемерлі, арамшөпті-ебелекті-эфемерлі, күздік жусанды-торғайотты, торғайотты, жантақты-торғайотты қауымдастықтар кездеседі.

Жатаған бидайық басымдық ететін қоңырбастар жайылымдары мен шабындықтар Талас өзені аңғарларында аздаған массивтермен таралған. Пішен ору жүйелі түрде жүргізіледі.

Қамысты, қамысты-түйнек қамысты жайылымдар шалғынды ашық сұр сор топырақтарда, шалғынды сұр топырақтарда, батпақты тұзданған ашық сұр топырақтарда аз таралған. Бұрын қамысты жайылымдар пішен оратын жерлер есебінде пайдаланылған. Қазіргі кезде Талас өзені аңғарларында сыртқы орта жағдайларына – ылғалдылық режімінің ауытқуы мен өзен суының күрт азаюына байланысты өсімдік жабыны өзгеріске ұшырап жатыр. Соның әсерінен шабындық жерлер кей жерлерде жайылымдарға айналған.

Кейбір су жайылмасының төмендеген микрорельефі күзге дейін су астында жатып, қамысты батпақтарға айналады. Мұндай жер телімдері шөп оруға жарамсыз.

Ажырықты шалғындар шабындық биіктігінің қысқа болуына байланысты қазіргі кезде жайылымдар ретінде, кейде кешенді контурларда қоңырбастармен бірге орылады. Ажырықты жайылымдарға ажырықты және ажырықты-эфемерлі типтер жатады. Ажырық (*Aeluropus*) – тұздылыққа төзімді қоңырбас, малдың барлық түрі үшін жақсы малазықтық өсімдік болып табылады [7].

Талас өзені аңғарларында ландшафтылық өсімдік түрлері, бидайық, қамыс пен ажырықтан басқа азтолқынды жазықтың төменгі бөліктері гидроморфты және жартылай гидроморфты топырақтары мен сортаңдарда сораңдардың көптеген түрлері кездеседі. Сораңды жайылымдардың флористикалық құрамында торғайоты, бүйіргін мен тасбүйіргін кіреді. Сортаңды жайылымдардың аспектісі біртекті: сұр фонда сортаңдардың жасыл бұталары әр жерде шоғырланған. Теріскен доминант болатын жайылымдар құмдар мен оған жататын құмға дейінгі аумақта басқа қауымдастықтармен бірге (боз жусанды, қаулы, жүзгінді, таспашөптер)кездеседі. Құмдарда бір ғана – теріскенді-боз жусанды-эфемерлі тип таралған.

Құмдарда қау, жантақ, жусан, бұталы өсімдіктер таралған. Құмды массивтердің ландшафтылық қауымдастықтары жүзгінді-боз жусанды-эфемерлі, таспашөпті-теріскенді-эфемерлі типтермен сипатталатын бұталар болып табылады. Жантақпен бірге эфемерлер (үрме қияқөлең (*Carex rostrata* Stokes), жуашықты қоңырбас (*P. bulbosa*), арпаған арпабас (*Bromus tectorum* L.) мен құмебелек (*C.arenarius*) кездеседі.

Жайылымдардың қарқынды және жүйесіз ұйымдастырылуы нәтижесінде тапталған жайылымдардың (эфемерлермен, біржылдықтармен, сортаңдар және арамшөптермен) аумағының кеңеюі байқалады. Көпжылдық өсімдік түрлерінің өнімділігі төмен, маусымдық және жылдық өнімділігі күрт өзгеріп отыратын өсімдіктермен ауысуы қауіпті деградацияға ұшыратады [8].

Көктемгі су тасуы кезінде Талас өзені сағасына жақын территорияларды су басып, нәтижесінде қамысты батпақтар пайда болады.

Сонымен қатар ажырықты шабындықтардың бидайықты шабындықтармен алмасуы топырақтың тұзданғанын көрсетеді. Округтің барлық территориясында дамуы табиғи-климаттық жағдайларға байланысты жантақты қауымдастықтардың көбеюі байқалады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесі бойынша Талас ауданындағы Кеңес және Шакиров ауылдық округтерінің

өсімдіктер жабынында 22 тұқымдас, 65 туысқа жататын 97 өсімдік түрі анықталды. Оның 19 түрі Кеңес ауылдық округіне тән болса, 13 түрі тек Шакиров ауылдық округінде таралған.

Ауылдық округтердің флоралық құрамындағы ерекшеліктерін атап өтер болсақ, Кеңес ауылдық округінде – 21 тұқымдас кездеседі, оның ішінде Ерінгүлділер (*Labiatae* Juss.) және Шырмауықтар *(Convolvuláceae* Juss.)тұқымдастары тек осы округ флорасына тән. Ал Шакиров ауылдық округінде 20 тұқымдас бар. Оның ішінде Жауқияқтар тұқымдасы *(Boraginaceae* Juss) тек Шакиров ауылдық округі флорасында кездеседі.

Мал басын азайту және мал жаюды шектеу аталған аудандағы бағалы жайылымдық өсімдіктердің дамуына оңтайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1 Асанов Қ.Ә. (2001) Жайылым және экология: оқулық. – Алматы: Ғылым. ISBN 562-802-626-3.

2 Тореханов А.А. (2006) Природные и сеяные пастбища Казахстана. Алматы, Ғылым. ISBN 9965-751-60-9.

3 Инструкция по проведению крупномасштабных (1:1000-1:100000) геоботанических изысканий природных кормовых угодий Республики Казахстан. – Алматы, 1995. С. 230.

4 Сельское хозяйство Жамбылской области в 1991–2006 гг.: справочник. – Тараз, 2006.

5 Иллюстрированный определитель растений Казахстана (1969) Под ред. В.П. Голоскокова. Т.1, 2. – Алма-Ата: Наука, С. 644.

6 Арыстангалиев С.А., Рамазанов Е.Р. (1977) Растения Казахстана. Народные и научные названия. – Алматы: Наука, С. 228.

7 Иванов А.И., Ляшенко И.И., Оспанов Б.С., Подольский Л.И. (1996) Кормовые растения сенокосов и пастбищ Казахстана. – Алматы: Кайнар.

8 Төреханов А.Ә. (2000) Қазақстанның оңтүстік шығыс табиғи жайылымды тиімді пайдаланудың ғылыми негіздері. – Алматы: Ғалым. С. 122.

References

1 Asanov KA (2001) Pastureand ecology [Zhaiylym zhane ecologiya]. Science, Almaty. (In Kazakh)

2 Torekhanov AA (2006) Natural and seeded pastures of Kazakhstan [Prirodnye i ceyanye pastbishha Kazahstana].Gylym, Almaty.(In Russian)

3 Instructions for conducting large-scale (1: 1000-1: 100000) geobotanical survey of natural forage lands of the Republic of Kazakhstan [Instuksiya po provedeniyu krupnomasshtabnyh (1:1000-1:100000) geobotanicheskih izyskaniy prirodnyh kormovyh ugodiyRespubliki Kazahstan]. Almaty, 1995, 230. (In Russian)

4 Agriculture of Zhambyl region in 1991-2006.: Handbook [Sel'skoe hozyaystvo Zhambylskoy oblasti v. 1991–2006 gg: spravochnik]. Taraz, 2006. (In Russian)

5 Illustrated Manual of the plants of Kazakhstan [Illyustrirovanniy opredelitel rasteniy Kazahstana] (1969) Ed. V.P. Goloskokov. T.1, 2. Science, Alma-Ata. (In Russian)

6 Arystangaliev SA, Ramazanov ER (1977) Plants of Kazakhstan. Traditional and scientific names [Rasteniya Kazahstana. Narodnye i nauchnye nazvaniya]. Science, Almaty. (In Russian)

7 Ivanov AI, Lyashenko II, Ospanov BS, Podolskiy LI (1996) Forage plants hayfields and pastures of Kazakhstan [Kormovye rasteniya senokosov i pastbish Kazahstana]. Almaty. (In Russian)

8 Torekhanov AA (2000) Scientific bases of natural forage lands southeast of Kazakhstan (Kazakstannyn ontustikshygystabigizhaiylymdytyimdi paydalanudyn gylyminegizderi). Almaty, Scientist. (In Kazakh)

[1]Қуатбаев А.Т.,
[2]Мамыкова Р.У.,
[2]Ибрагимов Т.С.,
[2]Шойбекова П.Р.,
[3]Ибрагимова З.Е.,
[1]Назарбекова С.Т.

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы
[2]Қазақстан инженерлі-педагогикалық Халықтар Достығы университеті, Қазақстан, Шымкент
[3]Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Қазақстан, Шымкент

Valeriana officinalis L. өсімдігінің морфогенезі және өсіру ерекшеліктері

Мақалада дәрілік шүйіншөптің (V. officinalis) зертханалық және екпе жағдайында өсіп-дамуына, морфогенезіне сипаттама берілген. Онтогенез барысындағы ботаникалық даму ерекшеліктері, тіршілік кезеңдері мәліметтер түрінде көрсетілген. Онтогенездік кезеңдері және дәрілік шүйіншөптің (V. officinalis) Оңтүстік Қазақстанда өсіру ерекшеліктері мен ұсыныстар беріліп, өсімдіктің жақсы өсіп-дамуы үшін қандай топырақта және қандай алдыңғы дақылдан кейін егу керектігі анықталған. Оңтүстік Қазақстан өңірінде дәрілік шүйгіншөптің қолайлы көбейту жолы – көшетінен көбейту, дайындау үшін жаңадан жиналған тұқымды тамыз айының алғашқы онкүндігінде себеді, 1 шаршы метр алаңға 10-12 см қатар аралықтары 1,5-2,0 г тұқым қажет, бетін 1-1,5 см қалыңдықта көңмен жабады. Мол өнім алу үшін көшетті күзде (қазан айының екінші жартысында) немесе ерте көктемде 70 х 20 см не 70 х 25 см қоректену алаңына отырғызған өте тиімді. Күтіп-баптау жұмыстары топырақ ылғалдылығын бір қалыпты сақтауды (өсіп-жетілу кезінде 6-8 рет суару қажет), танаптың арамшөптерден таза, топырақтың физикалық құрамының өсімдік үшін қолайлы болуын (2 рет қопсыту) және үстеп қоректендіруді қамтамасыз ету керек. Қажетті жағдайлар жасалған кезде дәрілік шүйіншөп мәдени жағдайда жақсы өсіп, жеміс беріп, өміршең тұқымдар береді.

Түйін сөздер: Қазақстан флорасы, морфогенез, онтогенез, дәрілік өсімдік, өнімділік

---

[1]Kuatbayev A.T.,
[2]Mamykova R.U.,
[2]Ibragimov T.S.,
[2]Schoibekova P.R.,
[3]Ibragimova S.E.,
[1]Nazarbekova S.T.

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
[2]Kazakhstan Engineering and Pedagogical University of Friendship of Peoples, Kazakhstan, Shymkent
[3]South Kazakhstan State Pharmaceutical Academy, Kazakhstan, Shymkent

The Morphogenesis and Growing Properties of *Valeriana officinalis* L.

The article describes the morphogenesis, growth and development of Valeriana officinalis in experimental conditions and in culture. Provides information about the features of ontogeny, different life stages, the recommendations for cultivation in the conditions of South Kazakhstan. The optimal for proper growth and development of plants type of soil, crops, and discussed the agronomic event. The most appropriate method of reproduction – preparation of seedlings, which in the first decade of August seeds are sown, (delancy plot with an area of 1 m2 , spacing 10-12 cm, requires 1.5-2.0 g seeds), the top is covered with manure in the thickness of 1-1,5 cm more efficient seedlings to plant on a nutrient medium (70 x 20 cm or 70 x 25 cm) autumn (second half of October) or early spring. Building maintenance involves maintaining constant soil moisture (6-8 one-time irrigation). For proper growth of plants requires that a site was without a weed; razryhlenija not less than 2 times and received additional fertilizer. Valeriana officinalis is actively growing and fruiting, giving viable seeds; responsive to conditions of culture and gives self-seeding.

Key words: flora of Kazakhstan, morphogenesis, ontogenesis, productivity, a medicinal plant.

---

[1]Куатбаев А.Т.,
[2]Мамыкова Р.У.,
[2]Ибрагимов Т.С.,
[2]Шойбекова П.Р.,
[3]Ибрагимова З.Е.,
[1]Назарбекова С.Т.

[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы
[2]Казахстанский инженерно-педагогический университет Дружбы Народов, Казахстан, Шымкент
[3]Южно-Казахстанская государственная фармацевтическая академия, Казахстан, Шымкент

Морфогенез и особенности выращивания *Valeriana officinalis* L.

В статье даны описания морфогенеза, роста и развития валерианы лекарственной в условиях эксперимента и в культуре. Приведены сведения об особенностях онтогенеза исследуемого вида, различные жизненные стадии. В соответствии с онтогенетическим особенностями даны рекомендации по выращиванию в условиях Южного Казахстана. Выявлены оптимальные для полноценного роста и развития растения тип почвы, культуры севооборота, обсуждены агротехнические мероприятия. Наиболее приемлемый способ размножения – подготовка рассады, для чего в первой декаде августа высеваются семяна, (на деляночный участок площадью 1 м^2 , междурядья 10-12 см, требуется 1,5-2,0 г семян), сверху покрывают навозом толщиной 1-1,5 см. Эффективнее рассаду сажать на питательную среду (70 х 20 см или 70 х 25 см) осенью (вторая половина октября) или рано весной. Уход за объектом предполагает поддержание постоянной влажности почвы (6-8 разовый полив). Для полноценного роста растений необходимо, чтобы участок был без сорняков; разрыхлялся не мене 2 раз и получал дополнительную подкормку. Валериана лекарственная активно растет и плодоносит, давая жизнеспособные семена; отзывчива на условия культуры и дает самосев.

Ключевые слова: флора Казахстана, морфогенез, онтогенез, урожайность, лекарственное растение.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 581.4:633.88

[1*]Қуатбаев А.Т., [2]Мамыкова Р.У., [2]Ибрагимов Т.С., [2]Шойбекова П.Р., [3]Ибрагимова З.Е., [1]Назарбекова С.Т.

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[2]Қазақстан инженерлі-педагогикалық Халықтар Достығы университеті, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.
[3]Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.
[*]E-mail: Aschat.Kuatbaev@kaznu.kz

VALERIANA OFFICINALIS L. ӨСІМДІГІНІҢ МОРФОГЕНЕЗІ ЖӘНЕ ӨСІРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кіріспе

Қазіргі кезде емдік препараттар ретінде өсімдіктерден жеке биологиялық белсенді заттарды бөліп алу мен пайдалану сонымен бірге жаңа дәрілік заттарды талдау жаңа емдік препараттарды жасаудағы ғылыми жұмыстың басты бағыттары болып есептеледі.

Өсімдіктерде түзілетін және емдік препараттар ретінде қолданылатын бұл заттардың ерекшіліктері өсімдіктерден алынатын дәрілік препараттардың екінші артықшылығы болып табылады. Жануарлардың эволюциясы өсімдіктердің эволюциясымен тығыз байланысты. Жануарлар өсімдіктер сияқты өз денелерін бейорганикалық заттардан түзе алмағандықтан, органикалық заттармен қоректенеді. Сәй-кесінше, жануарлар миллиондаған жылдар бойы өсімдіктермен қоректенуге және олардан өз денелерін түзуге бейімделді, Өсімдіктер мен жануарлардың арасындағы дәл осы тікелей қоректік байланыс өсімдіктердің химиялық құрамы және жануарлар мен адамдардың барлық мүшелерінің қалыпты жұмысы арасындағы тығыз байланыстың себебі болып табылады,

Қазақстанның флорасы көптеген пайдалы өсімдіктерге бай, оның ішінде дәрілік өсімдіктердің алатын орны ерекше. Дәрілік препараттардың 40 пайызынан астамы дәрілік өсімдіктерден жасалған. Шөптерден жасалынған препараттардың химиялық құрамы адамға улы әсерінің аздығымен және көп мөлшерде пайдалануға болатын қасиетімен ерекшеленеді.

Дәрілік өсімдіктердің шипалы қасиеттері ерте заманнан белгілі. Дәрілік шөптер әлемі әлі де болса толық зерттелген жоқ. Мысалы Оңтүстік Қазақстанның әр түрлі дәрілік шөптерге бай өсімдік әлемінде 3000-дай түрлі шөптер өседі, солардың ішінде көп мөлшерде дәрілік өсімдіктер бар. Қазақстанда бірқатар эндемикалық өсімдіктер бар. Бұларға дала жусаны, сүйекті аққурай, және т.б жатады. Басқада дәрілік шөптер: мысалы итошаған, мыңжапырақ, түйме шетен, ермен, дәрмене, қалақай, өгейшөп, левзея, бақ-бақ, шай шөп, рауғаш, қызылтаспа, жанаргүл, жұмыршақ, долана, есек мия, ақ мия, дәрілік жоңышқа, киікот, тасшөп жатады.

Медицина саласының жетістіктері көбінесе дәрілік өсімдіктерге байланысты.Дәрілік өсімдіктер бұрынғы кездері де адамға өте пайдалы болған және солай болып қалады. Кейінгі кездерде дәрілік өсімдіктерге деген талаптар біршама өсті. Дәрілік өсімдіктер адам ағзасына зиянын тигізбейді,оларды үй жағдайында да адам өзі дайындап қабылдай беруіне болады. Дәрілік өсімдіктерге деген сұраныс Орта Азияда 1970-1980 жылдарда 250 пайызға өсті, оларды дайындау мүмкіншілігі -75 пайыз, соған қарағанда дәрілік шөптердің жиналуы әлі де болса қалыпты мөлшерде емес [1].

Қазіргі кезде ғалымдар дәрілік шөпке барынша ден қойып ,әр шөптің ағзаға қаншалықты пайдалы екенін кеңінен дәлелдеуде. Бұл жөнінде айтарлықтай табысқа жетуде.Осындай пайдалы өсімдіктерді тексере келе дәрілік өсімдіктерді мәдени түрде көбейтуге көңіл аударылуда.

Бұл жерде және басқа жақтан әкелінетін жылылық сүйетін дәрілік өсімдіктерді біздің ТМД елдері жағдайына бейімдеп өсіріп, жетілдіруге жағдай туғызылуда.

Адам денсаулығын қорғау,ауруларға медициналық көмек көрсету денсаулықты қорғаудың басты мәселесі болып табылады. Жыл сайын қолданылатын дәрілік өсімдіктер саны өсуде. Олардың ішінде қазіргі уақытта онкологиялық емдеуге, қан тамыры ауруларына,туберкулез,қант диабетіне қолданылатын дәрілік өсімдіктерге көп көңіл аударылуда.

Қазақстан аумағының көп жерлеріндегі дәрілік өсімдіктер әлі де толық зерттелмеген. Олар әсіресе шөл және шөлейт жерлерде көп кездеседі. Ол жерлерде басқа аймақта кездеспейтін дәрілік өсімдіктер бар екені белгілі [2]. Ә.Іскендіровтың айтуы бойынша соңғы жылдары көптеген дәрілік өсімдіктер ысырапсыз пайдалануды, жерді аяусыз жыртудың, мал жайып таптатудың салдарынан мүлдем азайып бара жатыр [3]. Осыған байланысты біз тек қана дәрілік өсімдіктерді пайдаланып қоюды ғана емес, оларды қорғау іс-шараларын қолға алуымыз керек. Медицинада, мал дәрігерлігінде, өсімдік және қоршаған ортаны қорғауда, тамақ өнеркәсібі мен жеңіл өнеркәсіпте, парфюмерияда Қазақстанда өсетін 200-ден астам дәрілік өсімдіктерді қолдануға болады.

Сонымен, Қазақстан флорасы дәрілік өсімдіктергі өте бай, оның ішінде маңызды болып саналатын шөптер аз емес. Олардан жасалатын дәрі-дәрмектердің тиімділікке айналғаны барлығымызға белгілі. Соңғы кезде фитотерапия өркендеп дамып келуде.

Дәрілік өсімдіктерден әртүрлі ауруларға қолданылатын дәрілік шикізаттын негізгі көзі болып есептеледі. Олардан 40% жуық дәрілік заттар және препараттар алынады.

Дәрілік өсімдіктердің табиғи қорын сақтау, жергілікті және жерсіндірілген өсімдіктер түрлерін көбейту, басқа жақтан алып келінген жаңа дәрілік өсімдіктердің фармакологиялық қасиеттерін зерттеп, олардың ішіндегі ең тиімділерін медицинаға, мал дәрігерлігіне, тамақ өнеркәсібіне енгізу өзекті мәселе болып отыр.

Қазіргі кезде барлық аурулардың ішіндегі ең қауіптісі жүрек-қан тамыр және жүйке аурулары. Міне осы ауруларды емдеуге себепші болатын дәрілік өсімдіктердің ішінде ерекше орын алатын – Дәрілік шүйіншөп.

Дәрілік шүйіншөп (*V. officinalis*) – 200 астам әр түрлі географиялық аймақтарда тараған түрлер жиынтығын құрайды.

V. officinalis тіршілік ортасы мен кейбр морфологиялық белгілері боынша айырмашылықтары бар бірнеше түр тармағынан тұрады. Бұл өсімдік орта жағдайына тез бейімделетіндіктен әртүрлі топырақтарда және температуралық жағдайларда өсе береді. Ылғал сүйгіш өсімдік ретінде топырақ ылғалдылығы жоғары жерлердежақсы өседі. Негізінен механикалық құрамы жеңіл қара топырақтар мен құрылымы жеңіл саздақты және құмшауытты жерлерде жақсы өсіп, құрғатылған және мәденилендірілген шымтезекті жерлерде жақсы өнім береді.

К. Линейдің жіктеуі бойынша дәрілік шүйіншөптің 42 түрі ТМД мемлекеттері аумағында, оның ішінде 7 – Еуропа, 1 – Кавказ, 34 – Азия бөлігінде кездеседі [4]. М.К. Кукеновтың, В.Ю. Аверинаның және тағы басқалардың мәлімдеуінше Қазақстанда (Жоңғар Алатауы, Іле Алатауы, Күнгей Алатауы, Терiскей Алатауы, Қырғыз Алатауы, Шу-Іле таулары, Қаратау) шүйіншөптің 9 түрі бар [5].

Дәрілік өсімдік ретінде шүйіншөп ерте кезден-ақ белгілі болған. Алғаш ол туралы біздің дәуіріміздің 1-ші ғасырында өмір сүрген грек дәрігері Диоскарид өзінің фармакологиялық кітабында Phu деген атпен жазды. Ол дәрілік шүйіншөпті адам ойын басқара алатын зат деп атады. Сол замандарда өмір сүрген белгілі рим натуралисті Плиний Валериана өзінің «Табиғи тарихтар» кітабында шүйіншөпті *Navdus* деп атап, оның ойды қоздыратынын жазды [6].

Еуропа елдерінің басым көпшілігі 11 ғасырдан бастап дәрілік шүйіншөптің *Valeriana* аты пайда болғаннан соң, ал Ресей тек 15 ғасырдан бастап пайдалана бастады [7].

18 ғасырдан бастап дәрілік шүйіншөп Еуропадағы негізгі дәрілік заттардың бірі болды, ал қазіргі кезде ол барлық елдердің фармакопеясында кездеседі. *Valeriana* туыстық атауы алғаш рет 10 ғасырда «Тамақтану туралы» жазылған араб еңбектерінің аудармасынан кездеседі [8].

Дәрілік шүйіншөптен жасалынған дәрідәрмектердің фармакологиялық қасиеттері алуан түрлі. Ол орталық жүйке жүйесінің тыныштандырғыш, транквилизациялаушы әсер көрсетеді, жүрек-қан тамыр жүйесінің қызметін реттейді, спазмолитикалық және өт айдайтын қызметке ие, асқазан-ішек жолының бездерінің секрециясын күшейтеді. Тәжірибе жүзінде дәрілік шүйгіншөптің жүйке жүйесінің орталық бөлімінің рефлекторлық қозғыштығын төмендететіні, сондай-ақ әртүрлі ұйықтатушы қосылыстар арқылы шақырылатын ұйқыны ұзататыны және жоғары аналептиктермен қатысты тырысуға қарсы айрықша әсер ететіні дәлелденген.

Дәрілік шүйіншөп (*V. officinalis*) – дәрілік өсімдік ретінде және сонымен қатар тамақ өнеркәсібінде де кең қолданылады. Дәрілік шүйіншөп (халық атауы – мысықтамыр) балды өсімдік ретінде де белгілі. Аралар гүлінен шірне жинайды. Кейбір мәліметтер бойынша гектарынан 200-300 кг бал жинауға болады [9].

Дәрілік шүйіншөптің дәрі-дәрмектері жүрек бұлшық еттерінің қызметіне оң нейрореттеуші әсер көрсетіп тікелей жүректің өткізгіш жүйесімен негізгі автоматтандырылу механизміне ықпал етеді.

М.А. Баймухамбетовтің мәлімдеуінше шүйіншөптің жекелеген емдік түрлері тамыр кеңейткіш және қысымды төмендеткіш қасиетке ие [10].

Зерттеу нысандары мен әдістері

Дәрілік шүйіншөп – биіктігі 1,5 метрге дейін жететін, көп жылдық шөптесін өсімдік. Тамыры қысқа, іші қуыс, тік өседі, қосымша көптеген ұсақ тамырлары да бар. Жапырақтары қарама-қарсы орналасқан, формасы мен тарамдалуы әртүрлі. Төменгі жапырақтары сағақты, жоғарғылары – отырмалы орналасқан. Гүлдері майда, хош иісті, ақ түстен күңгірт-қызыл түске дейін, жіпше немесе сыпыртқы тәрізді гүлшоғырына жинақталған. Тамыр жүйесі топырақтың жоғарғы қабатындағы ылғал мен қоректі заттарды барынша тиімді пайдалануға бейімделген. Осыған байланысты олар сәуір-мамыр айларында алшындап өсуі, жазға қарай өсіп-дамуының нашарлауы, күзге өсіп-дамуының дұрысталуы, топырақтағы ылғал өзгерісімен анықталады Сабағы тік, сырты сайлы, мұның да іші қуыс. Тамырынан тікелей өсіп шығатын жапырақтарының сабақтары ұзын, сабақтың төменгі жағындағы жапырақтарының сағақтары қысқалау, жоғарғы жағындағысы отырмалы болады. Жапырақтары құстың қауырсыны тәрізді, қарама-қарсы орналасқан, шеттері ара тісті. Гүлдері майда, ашық ақ түсті, хош иісті, өсімдіктің ең жоғарғы жағында шоғырланып тұрады. Гүл күлтесі бес гүл жапырақшаларынан, ал гүл тостағаншасы бес имек қалақшалардан тұрады. Тұқымы-бір шетінде шашағы бар, кішкене ғана сопақша жеміс. Мамыр-тамыз айларында гүлдейді. Жемісі маусым-қыркүйек айларында піседі. Гүлінің формуласы: $\uparrow Ca_{0-\infty}\ Co_{(5)}\ A_3\ G_{(3)}-$ (1-сурет).

Экологиялық факторларға мән бере отырып, дәрілік шүйіншөп өсімдігі оңтүстіктің ыстық және құрғақ жазына, суық, ызғарлы қысына төзімділігін және өсіп, өну, гүлдеу, пісіп-жетілу фазаларына кеңінен мән берілді.

Морфологиялық өсу, өну, өсімдіктің бойы, диаметрі, тамыр сабақтар саны, жапырақтар саны, оның формасы, өлшемі, гүл шоғырындағы гүл себетінің саны, буын аралығы, оның ұзындығының формасы, реңі, гүлінің мөлшері, тұқымы, тұқым қауашағы, гүлдерінің мөлшері, гүлдеу ұзақтығы, ашылуы И.Г. Серебряковтың [11], А.А. Федоровтың [12] әдістемесімен жүргізілді.

Тұқымның өніп-шығуына көптеген факторлар әсер етеді – ылғалдылық, температура, сақталу мерзімі, сақталу орны [13].

Алдымен екпе жасалатын жердегі алдыңғы дақыл жиналған соң жерді тырмалап, топырақты 25-27 см-ге дейін аударады. Тұқымдарын қыстың соңында, ерте көктемде және жазда қатар аралығын 45-70 см етіп себеді. Тұқым себу нормасы қыстың соңында – 9-10 кг/га, көктемгі және жазгы егі нормасы – 7-8 кг. Екпелерді күту үшін арамшөптерді тазартып, топырақты босатып, зиянкестер үшін қосымша азық беруге болады. Тамырларынан жоғары өнім алу үшін екіжылдық екпелердің гүлсидамдарын алып тастайды.

Дәрілік шүйіншөптің тамырын әдетте еккен соң екінші жылы қыркүйек-қазан айларында жинайды. Қазып алынған тамырларын топырақтан, жапырақтардан тазартып сумен жақсылап жуады. Сосын бастырма астында іліп немесе арнайы кептіргіш жабдықтарда 40 °С-қа дейінгі температурада кептіреді. Кекен тамырларын буып-жинап құрғақ, жақсы жел

тиетін жерде сақтайды. Өнімділігі гектарына 2,5 т құрайды.

Тұқымдарын жинау үшін Дәрілік шүйіншөпті еккен соң үшінші жылы жинайды. Тұқымдарының өнімділігі гектарына 0,2 т-ға жетеді [14].

Зерттеу мақсаты бойынша жұмыстар дәрілік шүйіншөпті зертханалық және екпе жағдайында өсіріп, оның онтогенездік дамуын, өсу ерекшеліктерін, егістік үшін егілетін алдыңғы дақыл түрін, өнімділігін анықтау мақсатында жүргізілді.

1-сурет – Дәрілік шүйіншөптің екпе жағдайындағы гүлдеу кезеңі

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Өсімдік тұқымның өніп-шығуына көптеген факторлар әсер етеді – ылғалдылық, температура, сақталу мерзімі, сақталу орны.

Зертханалық жағдайда бөлменің температурасы 19-21^{0}С болғанда Петри табақшасына 50 дана дәннен 4 мәрте қайталау әдісімен, табақша түбіне сорғыш қағазын төсеп, оны дистилденген сумен ылғалдап өнуге қойылды. Нәтижесінде үшінші тәулікте өне бастады. Өнімділігін анықтау үшін күнделікті бір мезгілде назар аударып, қарап, өнген дәнді санап отырылды. Соңынан дәрілік шүйіншөптің зертханалық өнімділігі 40-70% есеппен анықталды. Ең жоғары өну көрсеткіші 6 тәулікке дейін, одан кейін дәннің өну сапасы күрт төмендегені анықталды.

Латентті кезең (Se). Тұқымы майда, тұқымшасы ұзын жұмыртқа тәрізді айдаршасы кейде көлденеңінен жұмыртқа тәрізді, бір жақты ісінген тостағаншасының түрі тәж тәрізді 8-12 қанатты түктенген айдарлы, сәулелі. Жетілген тұқымдары айдаршасының сәулесі ішке қарай бүгілген толық піскен тұқымдарының дөңес бетінде үш көлденең жүйкелер бауыр жағында бір қырлы, екі жақтауында жіңішке жиекті.

Виргинильді кезең (V). Тұқым ұрығынан өсіп шыққан вегетативтік мүшелердің бастамасы бар өсімдік – өскін. Күзгі себілген тұқымнан наурыздың ортасында алғашқы өскіндер қолайлы жағдай туғызғанда жер бетіне шыға бастайды. Қауызынан жарылған тұқым жарнағының формасы (түрі) жұмыртқа тәріздес, бүтін жиекті, ұзынша қынапты, ұзындығы 3,0 мм, ені 1,5 мм болып келеді. Бұл өскіннің ұзақтығы 13-18 күнге созылады. Бұл кезеңде өскін сыртқы ортаның әсеріне сәл төзімсіздеу келеді.

Ювенильді кезең (J). Бұл алғашқы формасы дөңгелек келген жапырақтың пайда болуынан басталады. Жапырақ ұзындығы бұл кезеңде 1,8-2,0 см, ал ені 0,9-1,0 см болып келеді.

Бұл кезеңде дәрілік шүйіншөптің 2-3 жапырақты болып тамырының саны 2-4 қосалқы тамыршалардан тұрады. Мамыр айының аяғында өсімдіктің ұзындығы 4,5-4,7 см, тамыр ұзындығы 5,0-5,1 см, жапырақтың ұзындығы 4,0-4,2 см, ені 2,0-2,1 см-ге дейін жетеді. Ювенильді кезеңдегі өсімдіктің маусымның ортасында өркенінің ұзындығы 15,0 см, формасы екі құлақты.

Онтогенез барысында өсімдіктің пішіні мен өсуі өзгеріп отырады. Бұл процесс бірінен соң бірі келіп отыратын, бір-бірінен жақсы ажыратылып көзге байқалатын кезеңдерден тұрады.

Ювенильдік кезеңнің ұзақтығы 25-30 күн. Бұл кезеңде жапырақтарының көлемінің ұлғаюы және тамыр жүйесінің өсуінен айқындалады. Вегетацияның 1-ші жылының соңында өсімдік имматурлы (im) жағдайға келеді. Бұл кезеңде 6-7 жапырақ және 10-12 қосалқы тамырлар пайда болады. Өсімдік ұзындығы 45,0-50,0 см-ге жетеді. 13-18 см-ге дейін тереңдейтін 200-ге дейін саны жететін қосалқы тамырлар пайда болады (2-сурет).

Екі құлақ жапырақтары күздің соңына дейін өсіп одан кейін өледі. Наурыздың соңында жаңадан екі құлақ жапырақтар шыға бастайды. Өркендері қысқа метамерлі, гүлдеген кезінде жапырақтарының көбісі қурай бастайды.

Генеративті кезең (q). Екі құлақ өскіннен 1 үлкен генеративті өсімдік пайда болады. Өсімдік гүлдеу кезеңінде қарқынды тез өсуі байқалады. Өсімдіктің өскіннен гүлдегенге дейін 48-52 күн. Генеративті өркендерінің ұзындығы 80,0-130,0 см, 8-бөлшекті. Буын аралықтарындағы базальды өркендерінің метамерлерінің ұзындығы, орта және ұшындағы ярустарында 2,5-нан 17,2 см-ге дейін жетеді. Сабақтануы баритонды, өркендер-

дің өсуі симподиальды. Сабақтағы жапырақтар супротивті қауырсын күрделі жапырақ. Бұл ярустағы жапырақтың ұзындығы 3,23-тен 21,0 см, гетерофильді өсімдік. 20-25 мамырда гүлдейді, 2 аптадан соң маусымның басында ірі жетілген тұқымдар пайда болады. Генеративті өркендері 15-30 тамыз аралығында түгелімен қурап, өледі. Тамыздың басында өсімдіктің 77% қурады. Қайтадан жаңаратын бүршіктері жердің астында болады. Екі құлақ өскіндер кейде ескі сабақ қурағанға дейін шыға бастайды. Жер астындағы бөліктері сақталмайды, ескі сабақпен бірге өледі (2-сурет).

Дәрілік шүйіншөп үшін ең жақсы алғы дақыл – астық немесе сүрлемдік дақылдар. Топырақтағы тамыр өнімінің сапасын төмендететіндіктен дәнді-бұршақты дақылдардан кейінгі екінші жылы ғана орналастыру керек. Оны өсіру үшін топырақтың механикалық жағынан жеңіл болғаны қолайлы.

2-сурет – *V. officinalis* өсімдігінің онтогенез кезеңдері және тамыры

Топырақты өңдеу жұмысы жерді күзде 28-32 см тереңдікте аудара жырту және егіс алдындағы өңдеуден тұрады.

Дәрілік шүйіншөп егісіне тыңайтқыш енгізу оның тамыр өнімін және сапасын едәуір көтереді. Органикалық тыңайтқыш негізгі өңдеу алдында 20-30 т/га мөлшерде беріледі. Минералды тыңайтқыштың 25-30% негізгі өңдеумен, 5-10% себумен бірге және 60-70% үстеп қоректендірумен бірге берілуі қажет.

Негізгі өңдеу (аудара жырту 28-32 см) жұмыстары себуден 25-30 күн бұрын жүргізілуі керек. Тұқым топырақтың қатты беткі қабатына түсу үшін алдыңғы өңдеуде міндетті түрде топырақты тығыздау жұмысы жүргізіледі.

Алғы дақыл тыңайтылмаған болса, негізі өңдеу алдында 20-30 т/га органикалық тыңайтқыш енгізіледі.

Дәрілік шүйіншөп жоғары экологиялық, пластикалық қасиеті бар. Дәрілік шүйіншөптің тамыры көлденең топырақтың жоғары қабатында орналасқан. Шүйіншөптің қалыптасқан және үлкен өсімдігі ұсақ құрғақшылық төзеді, бірақ жоғары егістік алу үшін ылғалды жерге егу керек. Шүйіншөп аязбен зақымдалмайды, ал өсімдік жоғары қысқа беріктілікке ие. Шүйіншөптің тұқымы 5^0C температурада өседі, оптималды температуралардың өсуі үшін шамамен 20-30^0 C.

Егісті сепкеннен кейін 12-20 күнде жерге шығады, жапырақтары күзге дейін көбейеді, күздің соңында жапырақтары түседі. Екінші және соңғы жылдары шүйіншөптің өсуі қардың кетуінен кейін тез өсе бастайды, бутонизация 30-50 күннен кейін оған жол береді. Гүлденуі 45-55 күн және тұқымы 75-110 күннен кейін өседі. Шүйіншөптің тұқымын сақтау кезінде өнгіштігін тез жоғалтады. Қоймада 1 жылдың өзінде-ақ сапасы төмендейді, сондықтан шүйіншөптің тұқымын тергеннен кейін 1 жылға дейін сақтауға ұсынады.

Температураға қатынасы. Табиғат жағдайда шүйіншөп әр түрлі температурада өседі. Шүйіншөп дақылы жоғары суыққа төзімдігі: өсімдік қар жамылғысы жоқ 10-15^0 C суыққа өлмейді. Шүйіншөп баптау сапасы кезеңінде өтеді. Баптау сапасы төмен температурада 2^0C дейін шүйіншөп дақылы үшін жақса аймақтар – орманды және орманды дала, Еуропаның бө-

лігі, Батыс және Шығыс сібірі сонымен бірге тау аймақтарындағы Орта Азияның таулы аудандары.

Жарыққа қатынасы. Шүйіншөп күннің ұзақтығына әсерін тигізбейді. Тәжірибелі ВИЛАР әр түрлі күннің ұзақтығы сағат және табиғи күн шүйіншөптің дамуына, өсуіне әсер етпейді.

Ылғалдылыққа қатынасы. Шүйіншөп ылғал сүйгіш және төмендеу жерді топырақ суына жақын жерді қалайды. Шүйіншөп өсімдігі құрғақшылыққа төзімді, ылғалдың жетіспеуі көбеюіне, өсуіне әсер етеді. Ал көктемгі жел өсімдікті құртуға әсер етеді.

Топыраққа қатынасы. Табиғи жағдайда шүйіншөп (немесе халық атауы мысықтамыр) әртүрлі топырақта өседі. Дақыл ретінде құнарлы жерде оңай егістік береді, топырағы – ортаңғы механикалық құрамды нейтралды немесе сілтемелі реакция. Шүйіншөп үшін жақсы топырақ – құрғатылған және шымтезекті, нашары – ауыр, сазды, аэрациясы төмен топырақ және төменгі қыртысты жер. Құм және батпақты топырақ шүйіншөп үшін пайдалы емес.

Дәрілік шүйгіншөптің өсіру ерекшеліктері. Дәрілік шүйгіншөптің тамыры мен тамыр сабағынан дайындалған дәрі-дәрмектер медицинада тыныштандырғыш зат есебінде, ұйқысыздықта, жүрек қан тамыр жүйесінің неврозында, жүректің катты соғуы кезінде қолданылады.

Дәрілік шүйгіншөп үшін ең жақсы алғы дақыл – астық немесе сүрлемдік дақылдар болып есептеледі. Топырақтағы тамыр өнімінің сапасын төмендететіндіктен дәнді-бұршақты дақылдардан кейінгі екінші жылы ғана орналастыру керек, және топырақтың механикалық жағынан жеңіл болғаны қолайлы.

Топырақты өңдеу жұмысы жерді күзде 28-32 см тереңдікте аудара жырту және егіс алдындағы өңдеуден тұрады.

Дәрілік шүйгіншөп егісіне тыңайтқыш енгізу оның тамыр өнімін және тамырының сапасын көтереді. Органикалық тыңайтқыш негізгі өңдеу алдында 30 т/га дейін мөлшерде беріледі. Минералды тыңайтқыштың 20-30% негізгі өңдеумен, 5-10% себумен бірге берілуі қажет.

Оңтүстік Қазақстан өңірінде дәрілік шүйгіншөптің қолайлы көбейту жолы – көшетінен көбейту. Көшетті дайындау үшін жаңадан жиналған тұқымды тамыз айының алғашқы онкүндігінде себеді. Қатар аралықтары 10-12 шаршы алаңға 1,5-2,0 г тұқым қажет. Тұқым сепкен соң танаптың бетін 1-1,5 см қалыңдықта көңмен жабады. 1 гектарға қажетті көшет дайындау үшін 100-150 шаршы метр көшет алаңы керек. Мол өнім алу үшін көшетті күзде (қазан айының екінші жартысында) немесе ерте көктемде 70 х 20 не 70 х 25 қоректену алаңына отырғызған өте тиімді. Күтіп-баптау жұмыстары топырақ ылғалдылығын бір қалыпты сақтауды (өсіп-жетілу кезінде 6-8 рет суару қажет), танаптың арамшөптерден таза, топырақтың физикалық құрамының өсімдік үшін қолайлы болуын (2 рет қопсыту) және үстеп қоректендіруді қамтамасыз ету керек.

Дәрілік шүйгіншөпті көлемді егіс алқабына еккенде 1 га жерге 3-4 кг тұқым себіледі. Себу үшін көкөніс сепкішін қолдануға болады.

Негізгі өңдеу (аудара жырту 28-32 см) жұмыстары себуден 27-30 күн бұрын жүргізілуі керек. Тұқым топырақтың қатты беткі қабатына түсу үшін алдыңғы өңдеуде міндетті түрде топырақты тығыздау жұмысы жүргізіледі [15].

Оңтүстік Қазақстан өңірінде дәрілік шүйіншөптің қолайлы көбейту жолы – көшетінен көбейту. Дәрілік шүйіншөпті көлемді егіс алқабына еккенде 1 га жерге 3-4 кг тұқым себіледі. Себу үшін көкөніс сепкішін қолдануға болады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, дәрілік шүйіншөптің экологиялық оптимумдарын ескере отырып Оңтүстік Қазақстан жағдайында өсіруге және фармацевтік қасиетінің жоғарлығына, сапасының құндылығына байланысты өндіріске ұсынуға болады.

Әдебиеттер

1 Мухитдинов Н.М., Мамурова А.Т. (2013) Дәрілік өсімдіктер. – Алматы: Дәуір, 400. ISBN 978-601-217-416-8

2 Қожабекова М., Қожабекова Г.К. (1982) Дәрілік өсімдіктер. – Алматы: Қазақстан, 182.

3 Іскендіров Ә. (1982) Қазақстанның дәрілік өсімдіктері. – Алматы: Қазақстан. 188.

4 Илиева С. (1971) Лекарственные культуры (перевод переработанного болгарского издания А. Литягина) – София: Замиздат, 257.

5 Кукенов М.К., Аверина В.Ю., Гусак Л.Е., Самойлова В.А. (1986) Распространение и запасы некоторых лекарственных растений Чимкентской области // Проблемы рационального использования лекарственно-технических растений Казахстана. – Алма-Ата: Наука. – 107-112.

6 Енин П. К., Лошкарев П. М., Соцыперова Ф. А., Чукичева М. Н. (1953) Валериана лекарственная (Под ред. Ицкова). – М.: Медгиз, 110.

7 Ворошилов В.Н. (1959) Лекарственная валериана. – М.: Издательство Академии наук СССР, 160.

8 Курамысова Ш.И. и др. (1989) Лекарственные растения (Заготовка, хранение, переработка, применение). И.И. Курамысова, Ф.Д. Аксенова, Н.Т. Татимова – 3-е изд. дополн. и перераб.). – Алматы: Кайнар, 304.

9 Бурмистров А.Н., никитина В.А. (1990) Медоносные растения и их пыльца. М., Росагропромиздат, 192.

10 Баймухамбетов М.А. (1995) Целебные растения. – Шымкент, 63-183.

11 Серебряков И.Г. (1964) Жизненные формы высших растений и их изучение // Полевая геоботаника. Т.3 – М., – Л.: Издательство АН СССР. 146-208.

12 Федоров Ал. А., Кирпичников М.Э., Артюшенко З.Т. (1956) Атлас по описательной морфологии высших растений. Лист. – М., Л.: Издательство АН СССР, 304.

13 Пак Т.А. (2003) О схожести семян Halimiphyllum atriplicoides Boriss. (Zygophyllaceae Lindl.) // Биологический журнал. Узбекистан. № 1-2. 56-62.

14 Ильюшечкина Н.В. (2009) Характеристика популяций Valeriana officinalis L. на терри-торий Республики Марий Эл // Вестник Казанского государственного аграрного универси-тета. – Казань. – Т. 13, вып. 3. 126-130.

References

1 Mukhitdinov NM, Mamurova AT (2013) Medicinal plants [Darilik osimdikter]. Era, Almaty, 400 p. – ISBN 978-601-217-416-8. (In Kazakh)

2 Қozhabekova M, Қozhabekova GK (1982) Medicinal plants. [Darilik osimdikter]. Almaty. Kazaқstan, 182. (In Kazakh)

3 Iskendirov A (1982) Medicinal plants. [Lekarstvennye rastenija] Almaty, Kazakhstan in.

4 Eli S. (1971) Medicinal plants (translation of recycled Bulgarian editions of Lityagina). [Lekarstvennye kultury (perevod perabotannogo bolgarskogo izdanija A.Lityagina] Sofia. Zamizdat, 257. (In Russian)

5 Kukenov MK, Averin VY, Husak LE, Samoilova VA (1986) Distribution and stocks of some medicinal plants Shymkent region // Problems in the rational use of medicinal and technical plants in Kazakhstan. [Rasprostranenie i zapasy nekotoryh lekarstvennyh rastenii Chimkentskoi oblasti // Problemy racional'nogo ispol'zovanija lekarstvenno-tehnicheskih rastenii Kazahstana] – Alma-Ata: Science. – 107-112. (In Russian)

6 Enin PK, Loshkarev PM, Sotsyperova FA, Chukicheva MN (1953) Valeriana officinalis [Valeriana lekarstvennaja] Ed. Edited by Itskova) Moscow, Medgiz, 110. (In Russian)

7 Voroshilov VN (1959) Drug valerian. [LekarstvennajaValeriana] Moscow. Publisher of the USSR Academy of Sciences. 160. (In Russian)

8 Kuramysova S. I. et al. (1989) Medicinal plants (procurement, storage, processing, use). [Lekarstvennye rastenija [Zagotovka, hranenie, pererabotka, primenenie] [II Kuramysova, Franklin D. Aksenov, NT Tatimov – 3rd ed supplemented and revised.) Almaty Kainar, 304. (In Russian)

9 Burmistrov AN, Nikitin VA (1990) Honey plants and their pollen. [Medonosnye rastenija i ih pyl'ca). M .: Rosagropromizdat, 192. (In Russian)

10 Baimukhambetov MA (1995) Medicinal plants. [Celebnye rastenija] Shymkent. pp 63-183.

11 Serebryakov IG (1964) Life forms of higher plants and their study [Zhiznennye formy vysshih rastenii i ih izuchenie) // Field geobotany. V.3 – M., – L.: Publishing house of the Academy of Sciences of the USSR. 146-208. (In Russian)

12 Fedorov Al. A. Kirpichnikov ME, Artyushenko ZT (1956) Atlas of descriptive morphology of higher plants. [Atlas po opisatel'noi morfologii vysshih rastenii] Sheet. – M., L.: Publishing house of the Academy of Sciences of the USSR. 304. (In Russian)

13 Pak TA (2003) About seed germination Halimiphyllum atriplicoides Boriss. [O vshozhesti semjan Halimiphyllum atriplicoides Boriss) [Zygophyllaceae Lindl.] // Biology journal. Uzbekistan. № 1-2. 56-62. (In Russian)

14 Ilyushechkina NV (2009) Characteristics of Valeriana officinalis L. populations in the territories of the Republic of Mari El. [Harakteristika populjacii Valeriana officinalis L. na territorii Respubliki Marii Yel] // Vestnik of the Kazan State Agrarian University. – Kazan, – V. 13, no. 3, 126-130. (In Russian)

Шевченко А.С.,
Музычкина Р.А.,
Корулькин Д.Ю.

Казахский национальный университет
им. аль-Фараби, Казахстан, Алматы

Макро- и микроэлементный состав некоторых казахстанских растений рода *Polygonum* L.

Микро- и макроэлементный составы растительного сырья – важный товароведческий показатель растительного сырья. Зола – показатель качества заготовленного сырья, а определение элементного состава зольного остатка растительного происхождения позволяет получить сведения о месте произрастания и возможности постоянного сбора лекарственного сырья. Методом атомно-адсорбционной спектрометрии определено содержание макро- и микроэлементов в надземных частях лекарственного растительного сырья 3-х видов горца: горца земноводного (Polygonum amphibium L.), горца перечного (Polygonum hydropiper L.) и горца птичьего (Polygonum aviculare L.), имеющих промышленные запасы на территории Казахстана. В результате проведенного анализа во всех образцах установлено содержание микро- и макроэлементов находится в пределах допустимых норм. Радионуклидов и тяжелых элементов не обнаружено, что свидетельствует об экологической чистоте растительного материала и мест их возможной заготовки для получения фитопрепаратов. Для изученных видов горцев выявлены специфические особенности накопления отдельных элементов и их общее количественное содержание, что может быть использовано в технологии производства фитопрепаратов.

Ключевые слова: Polygonum L., микро- и макроэлементы, тяжелые металлы, радионуклиды.

Shevchenko A.S.,
Muzychkina R.A.,
Korulkin D.Yu.

Al-Farabi Kazakh National university,
Kazakhstan, Almaty

Macro- and microelement composition of some Kazakh plants of the genus *Polygonum* L.

Composition of micro- and macroelements of plant material is an important qualitative measure of plant raw materials. The ash - quality of collected plant materials, and the determination of the element's composition of the ash plant provides information about the place of growth and the possibility of a permanent collection of herbal plants. By the method of the atomic absorption spectrometry had been determined the content of macro- and microelements in the aerial parts of the three medicinal plants species Polygonum L.: Polygonum amphibium L., Polygonum hydropiper L. and Polygonum aviculare L., which have industrial stocks on territory of Kazakhstan. As the result of the conducted analysis in all samples had been established that the composition of macro- and microelements is within the acceptable limits. Radionuclides and heavy elements were found, which indicates the ecological purity of the plant material and the places of their possible harvest for the obtain phytopreparations. For the studied Polygonum L. species had been revealed specific features of accumulation of individual elements and their total quantitative content, all that can be used in the production technology of phytopreparations.

Key words: Polygonum L., macro- and microelements, heavy metals.

Шевченко А.С.,
Музычкина Р.А.,
Корулькин Д.Ю.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті, Қазақстан, Алматы

Қазақстандық *Polygonum* L. өсімдігінің кейбір түрлерінің макро- және микроэлементтік құрамы

Өсімдік шикізатының микро- және макроэлементтік құрамы – ең маңызды таурлық көрсеткіш болып табылды. Күл-дайндалған шикізаттың сапасының көрсеткіші, ал күлдің элементтік құрамы анықтау дәрілік шикізаттың өсу орны және жинау мүмкіндігі туралы мәлімет береді. Макроэлементтердің мөлшері өсімдіктердің түріне байланысты, ал әр макроэлементің концентрациясы бір-бірінен ерекшеленеді. Polygonum L. дәрілік өсімдік шикізатының 3 түрінің, яғни: Polygonum amphibium L., Polygonum hydropiper L. және Polygonum aviculare L. түрлерінің жерүсті бөлігінің макро- және микроэлементтік құрамы атомды-адсорбционды спектрометрия әдісімен анықталды. Бұл аталған түрлерінің Қазақстан аумағында өндірістік қоры жеткілікті жасалған анализ қорытындысы бойынша. Жоғарыда аталған түрлерде микро- және макроэлеметтердің құрамы шекті рұксат етілген нормада екені анықталды. Радионуклидтар мен ауыр элементтер анықталған жоқ, бұл өсімдік материалының және олардық фитопрепараттар алу үшін мүмкін болатын дайындау орындарының экологиялық таза екенінің дәлелі. Polygonum L. өсімдігінің зерттелген түрлері үшін жеке заттардың жинауының спецификалық ерекшеліктері мен олардың сандық құрамы анықталды. Бұл мәліметті, фитопрепараттардың өндірісінді қолдануға болады.

Түйін сөздер: Polygonum L., микро- и макроэлементтер, ауыр металдар.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 581.5

[*]Шевченко А.С., Музычкина Р.А., Корулькин Д.Ю.

Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы
[*]E-mail: Shevchenko.anas@gmail.com

МАКРО- И МИКРОЭЛЕМЕНТНЫЙ СОСТАВ НЕКОТОРЫХ КАЗАХСТАНСКИХ РАСТЕНИЙ РОДА *POLYGONUM* L.

Введение

Нарастающее техногенное воздействие со стороны промышленных комплексов, а также различных видов транспорта приводит к значительному загрязнению почв вредными веществами, снижению способности к самовосстановлению почв и деградации растительности. Из-за роста городов, увеличения количества транспорта, расширения производственных площадей возникает необходимость проведения контроля его качества и экологической чистоты [1].

На усвоение и поглощение растениями химических элементов влияют природные факторы: уровень инсоляции, колебания температуры, количество выпадающих осадков. Например, в засушливые годы некоторые растения аккумулируют железо, во влажные – марганец, медь, цинк, молибден. К числу наиболее опасных загрязнителей относятся тяжелые металлы, которые являются протоплазматическими ядами. Токсичность которых возрастает по мере увеличения атомной массы и проявляется по-разному. Некоторые металлы при токсичных уровнях концентраций ингибируют деятельность ферментов (медь, ртуть). Другие образуют хелатоподобные комплексы с обычными метаболитами, нарушая нормальный обмен веществ (железо). Такие металлы, как кадмий, медь, железо (II) взаимодействуют с клеточными мембранами, изменяя их проницаемость, другие конкурируют с необходимыми растениям элементами, нарушая их функциональные роли [1-4].

Как известно, тяжелые металлы относятся к группам микро- и ультрамикроэлементов [5]. Важная роль микроэлементов в физиологических процессах развития организма растений не вызывает сомнений. Например, биогенность меди, цинка, молибдена, кобальта, марганца, никеля и некоторых других микроэлементов давно изучается с точки зрения физиологии и биохимии растений и животных [6]. Причем величины нормального содержания элементов в живых организмах значительно варьируют в зависимости от видовой принадлежности, а также от взятых для исследования органов и тканей. Поэтому при оценке результатов экологического мониторинга тяжелых металлов нами было определено их количественное

содержание в надземных органах растений и в почве мест произрастания.

Микро- и макроэлементный составы растительного сырья – важный товароведческий показатель растительного сырья. Количество золы в растительном сырье колеблется в определенных пределах и зависит как от специфики самого сырья, так и способа его сбора и условий сушки. Значительные отклонения от указанных норм обычно свидетельствуют о загрязнении сырья минеральной примесью или о несвоевременном сборе сырья и др. То есть, зола – показатель качества заготовленного сырья, а определение элементного состава зольного остатка растительного происхождения позволяет получить сведения о месте произрастания и возможности постоянного сбора лекарственного сырья [2].

Растения рода горец (*Polygonum* L.) семейства гречишных (*Polygonaceae*) широко известны и используются в официнальной и народной медицине в качестве вяжущего, общеукрепляющего, кровоостанавливающего и диуретического средств при острых желудочно-кишечных заболеваниях, заболеваниях верхних дыхательных путей, геморроидальных и маточных кровотечениях, гипотензии, туберкулезе, язве желудка, дизентерии, малярии и разных опухолях, при мочекаменной и желчекаменной болезнях и как витаминное [7, 8].

Дикорастущая флора Казахстана включает 49 видов растений рода горец, содержащих различные группы биологически активных веществ, среди которых важное место занимают микроэлементы, тесно связанные с функцией ферментов, витаминов, обменными процессами в организме [5] и имеют лечебное значение. В малых дозах микроэлементы необходимы для нормального осуществления тканевого дыхания, свертывания крови, кроветворения, белкового обмена. Процесс накопления микроэлементов в растениях носит чаще всего избирательный характер.

Содержание макроэлементов в растениях, хотя и колеблется в зависимости от видовой специфичности, характеризуется относительно близкими величинами, тогда как различия в концентрации отдельных микроэлементов настолько велики, что придают каждому виду черты химической неповторимости. Видовая специфичность растений по микроэлементному составу и их количественному содержанию представляет не только теоретический, но и практический интерес.

Каждый микроэлемент играет в организме растений, животных и человека определенную роль. Медь и железо, например, необходимы для кроветворения. Они активизируют работу ферментов и входят в состав некоторых из них, ускоряют их окислительно-восстановительные процессы. При недостатке меди и железа развивается анемия, наблюдается нарушение роста и развития. Марганец участвует в окислительно-восстановительных реакциях процессов дыхания, кроветворения и размножения. Кобальт входит в состав витамина B_{12}. Значение цинка велико и разнообразно. Он влияет на рост, воспроизводительную функцию, кроветворение, белковый и углеводный обмен. Цинк входит в состав ферментов и активизирует их действие. Кроме того, цинк действует как антиоксидант, необходимый для синтеза протеина и залечивания ран. Он связан с действием более чем 30 энзимов, способен связываться с риновирусами, вызывающими простуду, и лишать их способности к размножению [5]. Выяснено, что при дефиците никеля появляются глазные заболевания, которые нередко переходят в слепоту. Большое значение приобретают микроэлементы при лечении таких тяжелых заболеваний как болезни крови, злокачественные опухоли [4].

Особый интерес в этом отношении представляют лекарственные растения, так как при их использовании в виде суммарных препаратов, лечебное действие содержащихся в них фармакологически активных веществ может успешно сочетаться с действием микроэлементов. Действуя через ферментную систему или непосредственно связываясь с биополимерами растений, микроэлементы могут стимулировать и ингибировать процессы роста, развития и репродуктивную функцию растений. Изучение значения микроэлементов в обмене веществ растений необходимо для выявления новых возможностей управления их продуктивностью, поскольку микроэлементы могут выступать как специфические и как неспецифические регуляторы обмена веществ. Составной частью общебиологической проблемы выяснения значения микроэлементов в отдельных звеньях обмена веществ является вопрос о взаимодействии микроэлементов с ДНК. Актуальность этого аспекта определяется действием ионов металлов во многих биологических процессах, происходящих с участием нуклеиновых кислот. Ионы металлов можно рассматривать как фактор, участвующий в создании необходимой для выполнения биологической функции конформации макромолекул [4].

Состав микроэлементов исключительно своеобразен, причем в золе некоторые элементы могут служить своеобразным индикатором почвы, на которой произрастали собранные растения. Иногда растения обладают способностью избирательно поглощать из почвы только те элементы, которые необходимы для их жизнедеятельности [6].

Существует взаимосвязь между накоплением в растениях определенных групп физиологически активных соединений и концентрированием в них микроэлементов. Так, растения, продуцирующие сердечные гликозиды, избирательно накапливают марганец, молибден и хром; растения, продуцирующие алкалоиды, накапливают кобальт, цинк, марганец, реже – медь; продуцирующие сапонины – молибден и вольфрам, а терпеноиды – марганец.

Объекты и методы исследования

В качестве объектов исследования служили фармакопейные растения: горец птичий (*Polygonum aviculare* L.), горец перечный (*Polygonum hydropiper* L.) и горец земноводный (*Polygonum amphibium* L.) Сбор, сушка и хранение сырья, а также отбор проб для анализа проводили по требованиям ГФ РК [11].

Микро- и макроэлементный состав растительного сырья определяли с помощью атомно-адсорбционного спектрометра Shimadzu AA-6200 («Shimadzu», Япония). Пробу на анализ готовили по общепринятой методике [4] и требованиям ГФ РК [11]. Растительное сырье измельчали и сжигали в фарфоровом тигле при температуре 500-600^{0}С в муфельной печи до образования зольного остатка. Золу растворяли в 1 н растворе HNO_3 и далее проводили анализ по методике. В качестве стандартного раствора использовали 1 н раствор азотной кислоты. Результаты анализа представлены в таблице 1.

Результаты и их обсуждение

При изучении микро- и макроэлементного состава нескольких видов рода *Polygonum* L. представленных в таблице, выявлено следующее: наибольшее количество отдельных микроэлементов по массе выявлено у *P. hydropiper*, наименьшее – у *P. aviculare*. Кроме того, очевидны различия в содержании элементов (отмечено точками). Все указанные элементы доминируют в горце земноводном.

Содержание микроэлементов в исследованных объектах не превышает предельно допустимых норм [11]. Однако видно также, что растения этих видов горца извлекают из почвы только те элементы, которые необходимы им для жизнедеятельности и для продуцирования важнейших групп биологически активных веществ (полифенольные соединения, витамины, коферменты).

Таблица 1 – Макро-и микроэлементный анализ некоторых растений рода *Polygonum* L.

Элементы, мкг/мл	P. amphibium	P. aviculare	P. hydropiper
Na	187.7	14.3	15.5
K	774.6	834.8	828.7
Mg	323.1	160.3	234.5
Cu	0.744	0.094	0.103
Ni	0.101	0.047	0.031
Fe	61.7	6.05	7.71
Mn	15.1	9.41	1.73
Zn	3.93	1.04	0.867
Ca	1220.7	268.3	308.2
Cd	–	0.037	0.011
Pb	–	–	–

Содержание меди меняется в растениях: *P. amphibium* > *P. hydropiper* > *P. aviculare*

Медь демонстрирует явление биоконцентрации, что обусловлено особенностями метаболизма горца птичьего. Известно, что медь входит в состав полифенолоксидазы – активатора в биогенезе фенольных соединений [3,4]. Недостаток меди отрицательно отражается на продуцировании фенольных соединений, а также пигментов, антоцианов, некоторых витаминов, ауксинов, белков. Сапонинсодержащие и алкалоидоносные растения также отличаются повышенным содержанием меди [6]. Медь содержащие синего цвета белки – пластоцианины – принимают участие в процессе фотосинтеза, являясь естественными антиоксидантами. Темно-зеленый фермент окисления жирных кислот в растениях – дегидратаза бутирил-КоА и аскорбатоксидаза – содержат в активном центре ионы меди.

Содержание цинка меняется в растениях: *P. amphibium* > *P. aviculare* > *P. hydropiper*

Цинк принимает активное участие в физиологических процессах растений, так как входит в состав активного центра целого ряда энзимов, в том числе и участвующих в биосинтезе полифенольных соединений. По некоторым данным, цинк повышает устойчивость растений к засухе и гипертермии [6]. Критическая концентрация цинка в растениях составляет 300 мг/кг. Подвижность и биодоступность цинка повышается в кислых легких почвах.

Количественное содержание марганца меняется: *P. amphibium* > *P. aviculare* > *P. hydropiper*, указывают на существование физиологического барьера, препятствующего накоплению марганца в ассимилирующих и генеративных органах *Polygonum hydropiper* L. до фитотоксичных концентраций. Он входит в состав многих металлофлавопротеидов. принимающих участие в окислительно-восстановительных процессах в клетках растений [4, 6]. Данный элемент активирует ферменты, участвующие в синтезе моносахаров. производных циклопентанопергидрофенантрена. дубильных веществ, алкалоидов, витамина B_{12}. Количественное содержание танидов кореллирует с накоплением марганца в растениях. Его фитотоксичность увеличивается в кислой среде и он по-видимому, является антагонистом меди.

Никель (*P. amphibium* > *P. aviculare* > *P. hydropiper*) оказывает неспецифическое действие на целый ряд металлоферментных комплексов, участвуя во многих биохимических реакциях, в том числе и в синтезе биологически активных соединений. никель является стабилизирующим фактором для антоциановых пигментов и его значительные количества отмечаются в цветках флавоноидосодержащих растений [4].

Следует отметить, что в изученных фармакопейных видах горцев присутствуют и такие элементы как свинец и кадмий, которые принято считать токсичными. Однако в природе нет токсичных и нетоксичных химических элементов, есть токсичные и нетоксичные концентрации. Концентрации данных микроэлементов достаточно низки во всех органах исследуемых растений, что является показателем чистоты почв в месте их произрастания. Калий, натрий, кальций и магний доминируют во всех, однако индивидуальный набор элементов в каждом виде специфичен и связан с доминирующими группами БАВ в этих видах.

Литература

1 Касимов Н.С. Геохимические принципы эколого-географической систематики городов // Экогеохимия городских ландшафтов. – М.: Изд-во МГУ, 1995. – С. 20-36.

2 Протасова Н.А. Микроэлементы: биологическая роль, распределение в почвах, влияние на распространение заболеваний человека и животных // Соросовскнй образовательный журнал. – 1998. – № 12. – С. 32.

3 Протасов, В. Ф. Экология, здоровье и охрана окружающей среды в России : учеб. и справочное пособие – М., 2000. – 672 с.

4 Тарасова, Т.Ф. Комплексная оценка степени загрязнения растений придорожной территории улиц промышленного города // Вестник ОГУ. – 2002. – №3. – С. 15-20.

5 Тарасова, Т. Ф. Химия окружающей среды : учеб. пособие. – Оренбург: Изд-во ОГУ, 2001. – 41 с.

6 Шайхутдинова, А. А. Скрининговая оценка содержания тяжелых металлов в горце птичьем // Вавиловские чтения – 2009 : материалы Международной научно-практ. конф. – Саратов, 2009. – С. 175-176.

7 Лазарев А.В., Недопекина С.В. Обзор рода *Polygonum* L.// Научные ведомости. – 2009. – Т. 11. – Вып. 66. – С. 18-24.

8 Высочина Г.И. Фенольные соединения в систематике и филогении семейства гречишных, Наука. – Новосибирск, 2004. – 240 с.

9 Рахметова А.А., Мельдеханов Т.Т., Мухаметгалиев А.Г. Современные проблемы фармации. – Алма-Ата, 1989. – С. 102.

10 Боровский В.М. Микроэлементы в биосфере Казахстана. – Алматы, Наука, 1981. – С. 3-96.
11 Государственная Фармакопея Республики Казахстан. – Алматы – 2008. – Т.1. – 592 с.

References

1 Kasimov N.S. Geohimicheskie principy jekologo-geograficheskoj sistematiki goro-dov // Jekogeohimija gorodskih land-shaftov. – M. : Izd-vo MGU, 1995.-S. 20-36.
2 Protasova N.A. Mikrojelementy: biologicheskaja rol', raspredelenie v pochvah, vlija-nie na rasprostranenie zabolevanij cheloveka i zhivotnyh // Sorosovsknj obrazovatel'nyj zhurnal. – 1998. -№ 12. – S. 32.
3 Protasov, V. F. Jekologija, zdorov'e i ohrana okruzhajushhej sredy v Rossii : ucheb. i spravochnoe posobie – M. : 2000. – 672 s.
4 Tarasova, T.F. Kompleksnaja ocenka stepeni zagrjaznenija rastenij pridorozhnoj ter-ritorii ulic promyshlennogo goroda // Vestnik OGU. – 2002. -№3.- S. 15-20.
5 Tarasova, T. F. Himija okruzhajushhej sredy : ucheb. posobie. – Orenburg : Izd-vo OGU, 2001. – 41 s.
6 Shajhutdinova, A. A. Skriningovaja ocenka soderzhanija tjazhelyh metallov v gorce ptich'em // Vavilovskie chtenija – 2009 : materialy Mezhdunarodnoj nauchno-prakt. konf. – Saratov, 2009. – S. 175-176.].
7 Lazarev A.V., Nedopekina S.V. Obzor roda Polygonum L.// Nauchnye vedomosti.- 2009.- T. 11.- Vyp. 66. – S. 18 – 24.
8 Vysochina G.I. Fenol'nye soedinenija v sistematike i filogenii semejstva gre-chishnyh, Nauka, Novosibirsk, 2004, 240 s.
9 Rahmetova A.A., Mel'dehanov T.T., Muhametgaliev A.G. Sovremennye problemy farmacii. Alma-Ata.: 1989, S.102.
10 Borovskij V.M. Mikrojelementy v biosfere Kazahstana. A., Nauka, 1981, s.3-96.
11 Gocydarstvennaja Fapmakopeja Pecpybliki Kazahctan. Almaty – 2008. – T.1. – 592 s.

[1]Чилдибаева А.Ж.,
[1]Қуатбаев А.Т., [2]Аралбай Н.К.,
[1]Назарбекова С.Т., [1]Аметов А.А.

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы

Су және су жағалаулық өсімдіктер құрамындағы шыланданды (*Potamogetonaceae* Dum.) зерттеу мәселелеріне материалдар

Бұл мақалада шыланданды (Potamogetonaceae Dum.) тұқымдасының туыстық және түрлік анықтағыш кілттері қазіргі таксономиялық жүйеге сәйкес мемлекеттік тілде берілген. Шыланданды (Potamogetonaceae Dum.) тұқымдасында 24 түрді қамтитын Шылаң - Potamogeton L., Руппия - Ruppia L., Занникеллия - Zannichellia L. 3 туыс бар. Шылаң - Potamogeton L. туысының: P. filiformis Pers. (жіңішке шылаң), P. pamiricus Baagoe. (памир шылаң), P. macrocarpus Dobroch. (іріжеміс шылаң) және т.б.; Руппия - Ruppia L. туысының: R. spiralis L. (спираль руппия), R. maritima L. (теңіз руппия) - 2 түрінің; Занникеллия - Zannichellia L. туысының: Z. palustris L. (батпақ занникеллия), Z. pedunculata Reichb. (сабақты занникеллия), Z. major Boenn. (үлкен занникеллия) - 3 түрінің анықтағыш кілттері жасалған.

Түйін сөздер: анықтағыш кілттер, су флорасы, туыс, түр, шыланданды.

---

[1]Childibaeva A.Zh.,
[1]Kuatbaev A.T., [2]Aralbai N.K.,
[1]Nazarbekova S.T., [1]Ametov A.A.

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
[2]Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

To a representation question Potamogetonaceae Dum. as a part of coastal and water vegetation

In this article keys definitions of generes and species of Potamogetonaceae Dum. family are given according to modern taxonomical system in a state language. In family the Potamogetonaceae Dum. of 3 generes: Potamogeton L., Ruppia L., Zannichellia L. and 24 species. Keys definition for 19 species of the generes Potamogeton L are made.: P. filiformis Pers., P. pamiricus Baagoe., P. macrocarpus Dobroch., etc.; 3 species of the generes Zannichellia L.: Z. palustris L., Z. pedunculata Reichb., Z. major Boenn.; 2 species of the generes Ruppia L.: R. spiralis L., R. maritima L. Potamogeton L. – multiyear aquatic plants; potamogetonaceae genus of the family. Individual shoots or plant parts floating freely in the water directly on the surface or under the water surface. The leaves are alternate, petiolate or sessile, of various shapes and sizes, from filamentous and linear to oval and almost round.

Key words: definition keys, genera, potamogetonaceae, species, water flora.

---

[1]Чилдибаева А.Ж.,
[1]Қуатбаев А.Т., [2]Аралбай Н.К.,
[1]Назарбекова С.Т., [1]Аметов А.А.

[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы
[2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, Алматы

К вопросу представленности рдестовых (Potamogetonaceae Dum.) в составе прибрежно-водной растительности

В данной статье приведены ключи определения родов и видов семейства рдестовых (Potamogetonaceae Dum.) в соответствии с современной таксономической системой на государственном языке. В семействе рдестовых (Potamogetonaceae Dum.) 3 рода: Рдест - Potamogeton L., Руппия - Ruppia L., Занникеллия - Zannichellia L. и 24 вида. Составлены ключи определение для 19 видов рода Рдест - Potamogeton L.: P. filiformis Pers. (рдест нитевидный), P. pamiricus Baagoe. (рдест памирский), P. macrocarpus Dobroch. (рдест крупноплодный), и др.; 3 видов рода Занникеллия - Zannichellia L.: Z. palustris L. (занникеллия болотная), Z. pedunculata Reichb. (занникеллия стебельчатая), Z. major Boenn. (занникеллия большая); 2 видов рода Руппия - Ruppia L.: R. spiralis L. (руппия спиральная), R. maritima L. (руппия морская).

Ключевые слова: вид, водная флора, ключи определения, рдесты, род.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 633.21 (235.216)

[1*]Чилдибаева А.Ж., [1]Қуатбаев А.Т., [2]Аралбай Н.К., [1]Назарбекова С.Т., [1]Аметов А.А.

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[*]E-mail: asel.childibaeva@mail.ru

СУ ЖӘНЕ СУ ЖАҒАЛАУЛЫҚ ӨСІМДІКТЕР ҚҰРАМЫНДАҒЫ ШЫЛАҢДАРДЫ (*POTAMOGETONACEAE* DUM.) ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ МАТЕРИАЛДАР

Кіріспе

Зерттеу жұмысының өзектілігі – Қазақстандағы барлық өсімдіктердің қазақ тілінде – мемлекеттік тілде осы күнге дейін болмауы. Мұндай энциклопедиялық-аналитикалық анықтамаға сұраныс өте үлкен: жыл сайын қазақ тілінде жұмыс істейтін мамандардың; қазақ тілінде білім алатын студенттердің (әсіресе оралман-студенттердің) саны да көбеюде. Сондай-ақ мұндай анықтағышты жасау теориялық жағынан да өзекті. Ботаникадан қазақ тілінде бірқатар оқу құралдары мен сөздіктер болғанымен, тек осы зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша ғана қазақ тілінде морфологияның, систематиканың және өсімдіктер географиясының түсініктемелері іс жүзінде кеңейіп, толыға түседі. Қазақстан өсімдіктерінің қазақ тілінде осы уақытқа дейін бірде-бір анықтағышы болмағандықтан, зерттеу жұмыстарының мәліметтері толығымен жаңа болып табылады.

Қазақстан су қоймаларының флорасы мен өсімдіктерін қарқынды зерттеу халықтың сапалы суды пайдалану қажеттілігіне және өнеркәсіптің дамуына байланысты жүргізіле бастады. Өткен жүзжылдықтың ортасында су қоймаларының тіршілігін, оның ішінде биологиялық және биохимиялық процестерді біршама терең зерттеуге бағытталған көптеген зерттеу жұмыстары жасалды [1-3].

Зерттеудің бұл кезеңінде ғалымдар жеке су қоймалары флорасының сипаттамасымен шектеліп қана қоймай, геоботаникалық және экологиялық мәселелерге көп көңіл бөле бастады [4-5].

Зерттеу нысаны – Қазақстан флорасындағы жоғары сатыдағы (4500-ден астам) түтікті өсімдіктер.

Осыған байланысты біздің ғылыми жұмысымыздың мақсаты – қазіргі таңдағы эволюциялық классификация бойынша Қазақстанның әртүрлі су қоймаларындағы су өсімдіктерінің тұқымдастарын, туыстарын және түрлерін анықтайтын кілттерін құрастыру болған. Осы мақсатқа жету үшін мынадай бірнеше міндеттер орындалды:

– Қазақстан өсімдіктерінің түрлік алуантүрлілігі бойынша мағлұматтар жиналды;

– Классификацияның қазіргі таңдағы эволюциялық жүйесіне сәйкестендірілді;

– Қазіргі таңдағы ботаникалық номенклатураға сәйкестендірілді;

– Гербарийлер жинау арқылы материалдар толықтырылды;

– Қазақстандағы гербарийлер қорына талдау жасалды;

– Тұқымдастықтан жоғары таксондардың және тұқымдастардың анықтағыш кілттері жасалды;

– Туыстардың анықтағыш кілттері жасалды;

– Түрлердің анықтағыш кілттері жасалды.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Ұсынылып отырған мақала 2012-2014 жж. Қазақстанның бір топ ботаниктері жеңіп алған «Қазақстан өсімдіктерінің анықтағышы» тақырыбындағы № 78 МТ № 0112РК00727 Қазақстан Республикасы, Білім және ғылым министрлігінің гранты аясында «әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорыны, шаруашылық жүргізу құқығындағы «Экология проблемалары ғылыми – зерттеу институты» еншілес мемлекеттік кәсіпорнында жасалған. Қазіргі кезде сол ғылыми жобаның жүргізілген ғылыми жұмыстары мен сараптамалары негізінде, бұл жұмыста өсімдіктердің систематикасы және таксономиясы эволюциялық жүйемен беріледі және қазіргі таксономиялық жүйесі ескеріледі [6-13]. Негіз ретінде түрді тіршілік ететін биологиялық бірлік деп және өзгеріске ұшырап тұратын биологиялық жүйе ретінде қарастыратын түрдің популяциялық-генетикалық (политипті) концепциясы алынады [14-20]. Өсімдіктерді анықтауда және анықтағыш кілттерді жасауда классикалық морфолого-географиялық әдіс қолданылды [21-22]. Әрбір түр үшін ақпарат ретінде:

– түрдің номенклатурасы;

– түрдің биологиясы (тіршілік формасы, габитус, гүлдеу және жеміс беру кезеңдері);

– экологиясы;

– географиялық таралуы;

– шаруашылық маңызы туралы мағлұматтар берілген.

Бұл жұмыста таксондар мынадай иерархиялық тәртіпте беріледі: Бөлім; Класс; Қатар; Тұқымдас; Туыс; Түр. Атап өтетін бір жайт, осы еңбек тәрізді анықтамалық құралдарда берілетін ақпараттар эволюциялық классификация жүйесі болу керек (Тахтаджян, 1987): «Эволюциялық немесе филогенетикалық жүйелер құру – бүгінгі биологиялық негізгі міндеттердің бірі. Мұндай жүйе, тек эволюциялық-биологиялық тұжырымдардың негізі болып қана қоймай, мейлінше үлкен, қомақты түсіндірмелік және болжам жасайтын мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар өте құнды анықтамалық жүйе болып табылады. Сондықтан, егер классификациялар жүйесінің эволюциялық сипаты мен негізі болмаса, онда оның мәні жоқ, ал оның анықтамалық құрал ретіндегі құндылығы жоқтың қасында деуге толық негіз бар» [15].

Зерттеу нәтижелері

Қазақстан – құрылықтың дәл ортасында орналасқан, негізінен аридты климатты ел. Мұндай жағдайда мүктәрізділер мен балдырларға қарағанда жоғары сатыдағы өсімдіктер басты рөл атқарады. Оның үстіне, жоғары сатыдағы өсімдіктерді және олардың қауымдастығын зерттеудің нәтижесінде ғана, Қазақстанның өсімдіктер дүниесін танып-білудің көптеген теориялық және әдістемелік мәселелері жасалып, шешілді. Бұл жұмыста осының барлығын бірізділік жүйеге келтіріп қолдануға талпыныс бар.

Академик Н.В.Павловтың редакторлығымен жарық көрген 9 томдық іргелі басылым «Флора Казахстана»-ның жарық көргеніне жарты ғасырдан астам уақыт өтті [22, 23]. Одан кейінгі В.П. Голоскоковтың редакторлығымен жарық көрген 2-томдық «Иллюстрированный определитель растений Казахстана» анықтамалық құралының шыққанына да 40-жылдан астам уақыт өтті [7]. Содан бері талай келелі өзгерістер болды:

– Ең алдымен, дүние жүзінде Кронквист-Тахтаджянның эволюциялық классификациялық жүйесі мойындалып, басшылыққа алынды;

– Систематика мен флористикадағы заманауи түр концепциясы түбегейлі популяциялық-генетикалық сипатқа ие болды;

– Түрдің концепциясынан кейін тарихи-эволюциялық жүйелі құрылым ретіндегі флораның концепциясы да тұрақталды [16, 17, 18, 19, 20];

– Көптеген таксономиялық топтар келелі таксономиялық өңдеулерден өтті;

– Бұрын ғылымда белгісіз көпеген жаңа түрлер ашылып, тіркелді, яғни қазіргі заманғы микроэволюциялық үрдістердің нәтижелері тіркелуде;

– Егемендік алғаннан кейінгі жылдары Қазақстанда биогеографиялық аудандау жобалары

дайындалды. Оның ішінде фитохорологиялық бірліктердің флористикалық жүйесі де бар.

Сондықтан, «Қазақстан флорасын» дайындап, баспадан шығару бүгінгі күннің өте өткір мәселесі болып отыр. Қазақ тіліндегі басқа да кез-келген флористикалық жұмыстар сияқты «Қазақстан өсімдіктерінің анықтағышы» осы үлкен келелі басылымды дайындаудың алғашқы қадамы болып табылады [6, 9-11, 24-27].

Нәтижелерді талдау

Potamogetonaceae Dum. – көпжылдық су өсімдіктері. Жер шарында кең таралған, 100-ге жуық түрі белгілі. Қазақстанның барлық су айдындарында (тоқтау суларда, ағысы баяу тұщы суларда немесе тұзды суларда) кездесетін 21 түрі бар. Бұлардың көпшілігі су астында 2,5-3 метр тереңдікте тоғай құрып өседі, кейде жоғары жапырақтары су бетінде қалқып жүреді. Гүлдері ұсақ, қос жынысты, масақ гүлшоғырына жиналған, негізінен су астында дамиды; протогониялы (гүл аналықтары аталықтарына қарағанда ерте пісіп жетіледі). Көбінесе желмен, кейбір түрлері су арқылы тозаңданады. Маусым-тамыз айларында гүлдеп, жемістенеді. Жемісі жаңғақша немесе сүйекше тәрізді. Шылаңдардың барлық түрі – тұщы су флорасының негізгі құраушылары. Су түбіндегі шылаңдар түзген тоғайларға көптеген балық түрлері уылдырық шашып, майшабақтар тіршілік етеді. Кейбір түрлері ондатрдың, кәмшаттың және су құстарының қорегі болып табылады. Кейде шылаңдар ну тоғайы кеме қатынасына кедергі жасайды.

Берілген мақалада Қазақстанның әртүрлі су қоймаларында кездесетін шылаңдардың туыстық және түрлік анықтағыш кілттері ұсынылып отыр.

Бөлім: Гүлді өсімдіктер – *Magnoliophyta*

Класс: *Liliopsida*

Класс тармағы: *Alismatidae*

Қатар үсті: *Alismatanae*

Қатар: *Potamogetonales* – Шылаңгүлділер – Рдестоцветные

Тұқымдас: Шылаңдар – *Potamogetonaceae* Dum. – Рдестовые

1. Гүлдері жалғыз немесе екеуден жапырақ қолтығында отырмалы, даражынысты, бір үйлі, аналықтары жарғақты жапырақтармен көмкерілген. **3. Занникеллия – *Zannichellia* L. – Занникеллия.**

– Гүлдері масақ тәрізді гүлшоғырын түзеді, қосжынысты, гүл серіксіз ..... 2.

2. Масағы көп гүлді, аталығы 4-у, жемістері отырмалы. **1. Шылаң – *Potamogeton* L. – Рдест.**

– Масағы 2-гүлді, аталығы 2-у; жемістері ұзын сағақты. **2. Руппия – *Ruppia* L. – Руппия.**

1 туыс. Шылаң – *Potamogeton L.* – Рдест

Шылаң көпжылдық су өсімдігі. Шылаңның өркендері немесе бөліктері суда тікелей судың беткі бетінде немесе беткі бетінің астында еркін жүзіп жүреді. Жапырақтары кезекті, сағақты немесе отырмалы, әртүрлі формалы жіп тәріздіден және сызықтыдан сопақ және дөңгелекке дейін, мөлшерлері де әртүрлі. Барлық жапырақтары су асты немесе су бетінде жүзіп жүреді. Гүлшоғыры – сұрғылт-жасыл немесе қоңырқай-жасыл түсті масақ. Гүлдері қосжынысты. Гүл серіктері 4 дөңгелек жақтаулы қалақты, аталықтары 4-у, жіпшесіз. Шілде-тамыз айларында гүлдейді. Гүлдерінің тозаңдануының екі жолы бар: гүлшоғыры су бетіне көтеріліп, гүлдері жел арқылы тозаңданады; гүлшоғыры судың беткі жағында жатады да, гидрофильді және зоофильді болуы мүмкін. Жемісшелері 4 сүйекше тәрізді жақтаудан тұратын сүректі жеміс серікті. Вегетативті және тұқымдары арқылы көбейеді. Тұқымдары құстар және су арқылы таралады.

Шылаңдар космополитті өсімдіктер. Олар жиі қопалар түзіп, бүкіл әлемдегі ақпайтын және баяу ағатын тұщы және тұзды су қоймаларында өседі. Шылаң түрлерінің практикалық маңызы жоқ. Олардың құрамында әк болғандықтан, тыңайтқыш ретінде пайдаланылады. Шылаңдармен су моллюскалары, насекомдар, балықтар қоректенеді. Кейбір түрлері суда жүзетін құстардың, ондатрлардың қорегі болып табылады.

1. Жапырақ тақтасы жіңішке-сызықты немесе жіп тәрізді, сабақты орап жатқан, жоғарғы жағында тілшесі бар, жеткілікті ұзын қынапшасының жоғарғы ұшынан тарамдалады; гүлдері мен гүлшоғыры кеңейген күлтебас түзеді ..... 2.

– Жапырақ тақтасы әртүрлі формалы, барлық уақытта қынапшасыз, немесе жапырақ қолтығындағы тілшесі (қосалқы жапырақшасы) бар қысқа түссіз қынапшаның түбінен тарамдалады; гүлдері және тығыз гүлшоғыры кеңеймеген күлтебас түзеді ..... 5.

2. Жапырақ қынапшасы тұйық, төменгі жағынан қоңыр көмкермемен біріккен, жапырақтары сынғыш ..... 3.

– Жапырақ қынапшасы ашық, ақ көмкермемен түтікке иілген; жапырақтары біршама тығыз, сынғыш емес ..... 4.

3. Жапырақтары өте жіңішке; қылшық тәрізді, ені 0,2-0,3 мм, ұзындығы 5-12 см, үшкір, қатты, 1 жүйкелі; қынапшасының ұзындығы 1,5 см дейін, тек бір бұтақты орап жатады; сабағы түбінен бұтақтанған; гүл сидамдарының ұзындығы 5-10(15) см. Биіктігі 10-30 см көпжылдық өсімдік; V-VII айларда гүлдеп, жеміс береді. Қазақстанның барлық жазықтарындағы өзендерде, көлдерде, теңіз шығанақтарында, тұщы және қатты тұзды суларда кездеседі. **1. Жіңішке ш. – *P. filiformis* Pers. – Р. нитевидный.**

– Жапырақтары бірнеше есе жалпақ, ені 1-3 мм, ұзындығы 12-20 см, доғал, 3-5 жүйкелі; қынапшасының ұзындығы 2-3(8) см, аздап үрмелі, қолтығында бұтақтары болмайды; сабағы қарапайым; гүл сидамдарының ұзындығы 3-4 см; Ұзындығы 1-1,5 м көпжылдық өсімдік; VII-VIII айларда гүлдеп, жеміс береді. Оңтүстік-шығыс және оңтүстік Қазақстанның таулы және тау алдындағы өзен мен көл суларында кездеседі. **2. Памир ш. – *P. pamiricus Baagoe*. – Р. памирский.**

4. Жапырақтарының ұзындығы 1,5-3 см, бір негізгі және анық көлденең жүйкелі; қынапшасының ұзындығы 8-10 мм; тілшесінің ұзындығы 2-3 мм; жемістері ірі, ұзындығы 4,5-5 мм, арқасы аздап қырлы. Биіктігі 50-100 см көпжылдық өсімдік; VII-VIII айларда гүлдеп, жеміс береді. Тұщы көлдерде көбінесе орталық Қазақстанда кездеседі. Эндем. **3. Іріжеміс ш. – *P. macrocarpus* Dobroch. – Р. крупноплодный.**

– Жапырақтары біршама ұзын, ұзындығы 15 см дейін, әдетте 3 жүйкелі, сирек жоғарғысы 1 жүйкелі; қынапшасының ұзындығы 20-50 мм; тілшесінің ұзындығы 10 мм дейін; жемісінің ұзындығы 3,5-4,0(4,5) мм, аздап-дөңес, қырсыз. Ұзындығы 50-100(200) см көпжылдық өсімдік; VI-VIII айларда гүлдеп, жеміс береді. Қазақстанның барлық жазықтарындағы теңіз шығанақтарында, өзендерде, көлдерде, тұщы, тұзды суларда кездеседі. Малазықтық, тамақтық өсімдік. **4. Қазоты, тарақбас ш. – *P. pectinatus* L. – Р. гребенчатый.**

5(1). Жапырақтары жіңішке-сызықты немесе қыл тәрізді, ені 4 мм көп емес, суға батып жататын өсімдік ..... 6.

– Жапырақтары жұмыртқа тәрізді, жұмыртқа тәрізді-ланцетті, ланцетті, ені 8 мм көп, суға батып жатады немесе төменгі жағы батып жатса, жоғарғы жағы жүзгіш ..... 11.

6. Жапырақтары өте жіңішке, қыл тәрізді, қою-жасыл, әдетте 1 жуан орталық және 2 аз байқалатын бүйірлік жүйкелі, ұшы үшкірленген, қаттылау. Ұзындығы 50 см дейін көпжылдық өсімдік; VI-VIII айларда гүлдейді. Қазақстанның барлық жазықтарындағы кішігірім суларда кездеседі. **5. Нәзік ш. – *P. trichoides* Cham. et Schlecht. – Р. волосовидный.**

– Жапырақтары айтарлықтай жалпақ, жасыл немесе ашық-жасыл, 3-5 анық жүйкелі ..... 7.

7. Сабағы қатты жалпиған, жалпақ, екі қанатты, жасыл, күшті бұтақталған, ені жапырақпен бірдей; жапырағының ені 2-3 мм, доғалдау, ұшында тікенекті, 3-5 біршама жуандау және көп ұсақ жүйкелі; масақшалары 10-15 гүлді, қалың. Ұзындығы 50-200 см көпжылдық өсімдік; VI-VIII айларда гүлдеп, жеміс береді. Қазақстанда жазықты солтүстік жартысында тоғандарда, көлдерде, ескі арналарда кездеседі. **6. Жағалық ш. – *P. compressus* L. (*L. zosterifolius* Schum.; *P. acutifolius* Link., p.p.) – Р. сплюснутый.**

– Сабағы цилиндрлі немесе аздап жалпиған, жапырағынан жіңішке; жапырақтары (1) 3-5 жуандау жүйкелі, ұшында айқын емес тікенекті..... 8.

8. Гүл сидамдары ұзындығы бойынша қалың гүлшоғырымен бірдей немесе аздап ұзынырақ; жемістері тік тұмсықшалы, төмпекті; жапырақтарының ені (1)2-3 мм, ұшы доғал, дөңгелектенген, аздап үшкірленген. Ұзындығы 50-100 см көпжылдық өсімдік; VI-VIII айларда гүлдеп, жеміс береді. Қазақстанның барлық, көбінесе жазықтықтарындағы тоқтау суларда кездеседі. **7. Мұқыл жапырақ ш. – *P. obtusifolius* Mert. et Koch. – Р. туполистный.**

– Гүл сидамдары гүлшоғырының жемістенуі кезінде 2-6 есе ұзынырақ ..... 9.

9. Жапырақтары (1)3 жүйкелі, жіңішке-сызықты, ені 1(1,5) мм көп емес, ұшы доғал, дөңгелектенген немесе аздап үшкірленген, жұмсақтау; тілшесі төменгі жағы тарамдалған, иілген. Ұзындығы 20-70 см көпжылдық өсімдік; VI-VIII айларда гүлдеп, жеміс береді. Қазақстанның барлық жазықтықтарындағы өзендерде, тоғандарда, қойнауларда, батпақтарда кездеседі. **8. Кіші ш. – *P. pusillus* L. – Р. маленький.**

– Жапырақтары 3-5(7) жүйкелі, сызықты немесе жіңішке-сызықты, айтарлықтай жалпақ, ұшы ұзын үшкірлі немесе біртіндеп үшкірленген, қаттылау; тілшесі жиектерінің түбінен ұласқан, раструб тәрізді ..... 10.

10. Жапырақтары әдетте 5 жүйкелі, сызықты, қысқа үшкірленген; тілшесі жұқалау, ұшы ажыраған; гүл сидамдары жоғары қарай жуандаған; сабағы жалпиған, жіңішке. Ұзындығы 60-120 см көпжылдық өсімдік; VI-VIII айларда гүлдеп, жеміс береді. Қазақстанның

солтүстік жартысындағы тоғандарда, көлдерде және өзендерде кездеседі. **9. Фрис ш. – *P. friesii* Rupr. – Р. Фриса.**

– Жапырақтары 3 жүйкелі, ортаңғысы анық шығыңқы, бүйірлік жүйкелері әлсіз, жіңішкесызықты; тілшесі тығыз, төменгі жағы ұласқан; гүл сидамдары жіңішке, ұзына бойы жіп тәрізді; сабағы цилиндрлі, жіп тәрізді. Ұзындығы 40 см дейінгі көпжылдық өсімдік; VI-VIII айларда гүлдейді. Солтүстік Қазақстанның өзендері мен көлдерінде (Бурабай) кездеседі. **10. Палерма ш. – *P. panormitanus* Biv.-Bern. – Р. палермский.**

11(5). Барлық жапырақтары суға батырылған ..... 12.

– Жоғарғы жапырақтары су бетінде жүзгіш, тығыз, көн тәрізді; төменгілері суға батып тұрады (*P. gramineus* L. кейде жапырақтары бол майды)..... 16.

12. Жапырақтары ланцетті немесе ланцеттісызықты, ені 5-10 мм, отырмалы, ұсақ тісшелі, 3 жүйкелі; гүл сидамдары жуандығы бойынша қабысқан-төрт қырлы сабақпен бірдей; гүлшоғыры қысқа, аз санды; жемістері түбінен ұзын иілген тұмсықшасымен ұласқан. Ұзындығы (15)30-120(400) см көпжылдық өсімдік; V-VIII айларда гүлдеп, жеміс береді. Қазақстанның барлық жазықтықтарындағы тоқтау және әлсіз ағын тұщы және тұзды суларда кездеседі. **11. Бұйра ш. – *P. crispus* L. – Р. курчавый.**

– Жапырақтары дөңгелек-эллипстіден ланцет тәріздіге дейін, біршама жалпақ, бүтін жиекті немесе өте жіңішке тісшелі, жүйкелері көп; сабақтары әдетте цилиндрлі; жемістері біршама қысқа тұмсықшалы, бос ..... 13.

13. Жапырақтары отырмалы, сабақты орап тұрады, түбі жүрек тәрізді немесе дөңгелек.... 14.

– Жапырақтары түбінен сына тәрізді, жіңішкерген, отырмалы немесе қысқа, сирек ұзын сағақты ..... 15.

14. Жапырақтары дөңгелек немесе созылыңқы-жұмыртқа тәрізді, жалпақ, түбінен терең-жүрек тәрізді, жиектері кедір-бұдырлы; қосалқы жапырақшалары шамамен 1 см, гүлдену кезінде түспелі; гүлшоғыры қысқа. Ұзындығы 30-100 см көпжылдық өсімдік; V-VII айларда гүлдеп, жеміс береді. Қазақстанның барлық жазықтарындағы өзендерде, көлдерде, қойнауларда және ескі арналарда кездеседі. Малазықтық. **12. Орама жапырақ ш. – *P. perfoliatus* L. – Р. стеблеобъемлющий.**

– Жапырақтары созылыңқы-ланцетті, түбінен дөңгелектенген, аздап жүрек тәрізді, бүтін жиекті; қосалқы жапырақшалары үлкен, ұзындығы 6 см дейін; гүлшоғыры ұзын, ұзарған гүл сидамды. Ұзындығы 1-3 м көпжылдық өсімдік; VI-VIII айларда гүлдеп, жеміс береді. Қазақстанның солтүстік жартысындағы өзендерде, көлдерде, ескі арналарда кездеседі. **13. Ұзын ш. – *P. praelongus* Wulf. – Р. удлиненный.**

15. Жапырақтары созылыңқы-сызықты, ені 10-20 мм, ұштары дөңгелек, айқын біз тәрізді ұшының ұзындығы 7 мм дейін, шеттері бүйралы, ұзын (20-50 мм) сағақты. Ұзындығы 30-100 см көпжылдық өсімдік; IX айда жеміс береді. Ертіс өзенінің ескі арналарында кездеседі. **14. Малайя ш. – *P. malaicus* Miq. – Р. малайский.**

– Жапырақтары эллипсті немесе созылыңқы-жұмыртқа тәрізді, ені 25-30 мм, ұшы қысқа, ашық-жасыл, жылтыр, түбінен толқынды, жиектері тісшелері болғандықтан кедір-бұдырлы, қысқа (2-10 мм) сағақты. Ұзындығы 50-200 см көпжылдық өсімдік; VI-VIII айларда гүлдеп, жеміс береді. Қазақстанның барлық жазықтарындағы өзендерде, көлдерде, ескі арналарда кездеседі. **15. Жылтыр ш. – *P. lucens* L. – Р. блестящий.**

16(11). Барлық жапырақтары жүзгіш, ұзын сағақты, тығыз, көн тәрізді ..... 17.

– Жүзгіш жапырақтары қысқа сағақты, әдетте жапырақ тақтасынан ұзын емес, аздап тығыз, жұқа көн тәрізді; суға батқан жапырақтары отырмалы ..... 18.

17. Жүзгіш жапырақтары түбінен терең емес жүрек тәрізді, су асты жапырақтары ланцетті, әлсіз түссіз; гүл сидамдары жоғары қарай жуандамаған. Ұзындығы 50-150 см көпжылдық өсімдік; VI-VIII айларда гүлдеп, жеміс береді. Қазақстанның барлық тоқтау және баяу ағын суларында, кейде тауларда да кездеседі. Малазықтық, тамақтық. **16. Жүзгіш ш. – *P. natans* L. -Р. плавающий.**

– Жүзгіш жапырақтары түбінен сына тәрізді жіңішкерген, жалпақ, тығыз, су асты жапырақтары жіңішкерген-ланцетті, қысқа сағақты, түссіз, гүлдену кезінде жиі бүлдіргіш; гүл сидамдары жоғары қарай жуандаған. Ұзындығы 1-3 м көпжылдық өсімдік; VI-VIII айларда гүлдеп, жеміс береді. Қазақстан жазықтарындағы өзендері мен көлдерінде кездеседі. **17. Түйінді ш. – *P. nodosus* Poir. – Р. узловатый.**

18. Сабақтары әдетте бұтақтанбаған, жуандамаған; жүзгіш жапырақтары қалақты-кері-жұмыртқа тәрізді, қысқа сағаққа жіңішкерген, көн тәрізді, су асты жапырақтары ланцетті, екеулерінің де ұштары жіңішкерген, доғалдау; гүлшоғыры қалың, әдетте гүл сидамынан 2 есе қысқа. Ұзындығы 30-60 см көпжылдық өсімдік; VI-VIII айларда гүлдеп, жеміс береді. Қазақстан

жазықтарындағы өзендері мен көлдерінде кездеседі. **18. Альпа ш. – *P. alpinus* Balb. – Р. альпийский.**

– Сабақтары бұтақты, жоғары қарай жуандаған; жүзгіш жапырақтары ланцетті немесе жұмыртқа тәрізді, ұзын сағақты, түбінен дөңгелек, жұқа терілі, немесе жоқ, су асты жапырақтары сызықты-ланцетті, түбінен жіңішкерген, ұшы үшкірленбеген, үшкір, немесе емес; гүлшоғыры ұзын емес, гүл сидамдары жақын. Ұзындығы 30-200 см көпжылдық өсімдік; VI-VIII айларда гүлдеп, жеміс береді. Жазықты сирек таулы Қазақстанның өзендерінде, тоғандарында, старицаларында кездеседі. **19. Ала жапырақ ш. – *P. gramineus* L. (P. heterophyllus Schreb.) – Р. злаковый.**

2 туыс. Руппия – *Ruppia* L. – Руппия

Руппия (лат. *Ruppia*) көпжылдық шөптесін өсімдік. Туыстың ғылыми латын атауы неміс ботанигі Генрих Бернард Руппаның құрметіне берілген (1688-1719). Руппиялар екі жарты шардың да тропикадан тыс облыстарында, сирек тропиктердің таулы аудандарда таралған. Руппия әдетте үлкен қауымды су өсімдігі. Олар тек тұздылығы әртүрлі дәрежелі тұзданған су қоймаларында тіршілік етеді. Сондай-ақ биік тауларда (мысалы, Анд тауында теңіз деңгейінен 4000 м биіктікте) егер онда тұзды көл болса кездеседі. Руппияның жеке түрлері өздерінің экологиясы бойынша ерекшеленеді. Руппиялар толық суға батырылған, буындарынан өте ұзын тамыр түктері тарамдалмаған тамырлар кететін, айтарлықтай ұзын және жіңішке жатаған тамырсабақты көпжылдық өсімдік. Кейде руппияның кейбір түрлері еркін жүзіп өсіп, гүлдеп және жеміс береді, қосалқы тамырларының көмегімен су қоймасының түбіне бекінеді. Жапырақтары жіңішке сызықты, кейде жіп тәрізді, отырмалы, әдетте бір нашар жүйкелі. Төменгі бөлігіндегі қосалқы жапырақшалары сабақты орап тұрады, бірақ тұйықталған қынапша түзбейді. Сабақтарындағы жапырақтары әдетте кезектесіп орналасады, тек ұштарында аздап біршама үрмелі қынапшалы бір немесе екі жұпты супротивті немесе дерлік супротивті жапырақты. Гүлшоғыры алдымен өркеннің екі жоғарғы жапырақтарының біреуінің кеңейген қынапшасымен аяқталады. Сосын гүлшоғырының аяқшасы тез ұзарып, кейбір түрлерінде, мысалы, *Ruppia cirrhosa*, өте ұзын болып өсіп, спираль тәрізді бұралады. Қазіргі кезде бұл туыстың барлық түрлеріне гидрофилиялық тән, сондай-ақ гүлдері су бетіне көтерілгенде жел арқылы тозаңданады. Руппия жемісшелерін қорек ретінде пайдаланатын балықтар мен құстар таратады. Руппия сондай-ақ тамырлануға қабілетті, тамырсабағы мен жүзгіш өркендері арқылы вегетативті көбейеді. Пісіп-жетілген жемісшелері әдетте аналық өркендерінде ұзақ сақталып, жел және су ағыны арқылы үлкен қашықтықтарға дейін жылжып отырады.

1. Гүл сидамдары жемістенгенде қатты ұзарады, спиральды бұралған, ұзындығы 10-50 см дейін. Ұзындығы 40-50(200) см көпжылдық өсімдік; VI-VIII айларда гүлдеп, жеміс береді. Қазақстан жазықтарындағы сулы-құмды грунттардағы теңіз шығанақтарында, тұзды сулы көлдерде кездеседі. **1. Спираль р. – *R. spiralis* L. – Р. спиральная.**

– Гүл сидамдары қысқа, ұзындығы 1-4 см, жемістенгенде ұзармайды және бұралмайды. Ұзындығы 20-40 см көпжылдық өсімдік; VI-VIII айларда гүлдеп, жеміс береді. Қазақстанның барлық көбінесе жазықтарындағы теңіз шығанақтарында, тұзды сулы көлдерде кездеседі. **2. Теңіз р. – *R. maritima* L. – Р. морская.**

3 туыс. Занникеллия – *Zannichellia* L. – Занникеллия

Өзінің сиректігіне, маңызы аздығына байланысты занникеллия туысының арнайы орысша-қазақша атауы жоқ. Қазақстанның барлық жазықтарындағы тұщы және тұзды сулы теңіз шығанақтарында, өзендер мен көлдерде кездеседі. Көптеген су өсімдіктері сияқты занникеллия да сабақтарымен және тамырлары арқылы вегетативті көбейеді. Өзінің тіршілік циклын тұқым түзумен аяқтайды, яғни бұл өсімдік біржылдық және көпжылдық өсімдік ретінде тіршілік етеді.

1. Бағанасы қысқа, жеміс ұзындығынан ¼ қысқа; жапырақтары жіңішке, көбінесе сабағы сияқты жіп тәрізді, ашық-жасыл. Ұзындығы 10 см дейін көпжылдық өсімдік; VI-VIII айларда гүлдейді. Қазақстанның барлық жазықтарындағы тұщы және иұзды сулы теңіз шығанақтарында, өзендер мен көлдерде кездеседі. **1. Батпақ з. – *Z. palustris* L. – З. болотная.**

– Бағанасы жемісінің ұзындығына ½ тең немесе бірнеше есе ұзын ..... 2.

2. Жемістерінің ұзындығы 2 мм көп емес, ұзын сағақты; сабағы жатаған, өте жіңішке, тамырланғыш немесе жүзгіш. Ұзындығы 10-30 см көпжылдық өсімдік; VI-VIII айларда гүлдейді. Барлық әдетте жазықты Қазақстанның теңіз шығанақтарында, өзендері мен көлдерінде кездеседі. **2. Сабақты з. – *Z. pedunculata* Reichb. – З. стебельчатая.**

– Жемістерінің ұзындығы 2,5-3,5 мм, отырмалы немесе дерлік отырмалы; сабағы мықты, жүзгіш. Ұзындығы 50 см дейін көпжылдық өсімдік; VI-VIII айларда гүлдейді. Батыс және оңтүстік-батыс жазық Қазақстанның тұщы және тұзды улы теңіз шығанақтарында кездеседі. **3. Үлкен з. – *Z. major* Boenn. – З. большая.**

Қорытынды

Жоғарыда берілген шыланДар (*Potamogetonaceae* Dum.) тұқымдасының туыстық және түрлік анықтағыш кілттері «Биология», «Геоботаника» мамандықтарының студенттері мен магистранттарына арналған «Ботаникадан арнайы практикум», «Арнайы практикум», «Көлемді практикум» атты сабақтар үшін өте қажет. Өйткені өсімдіктердің тұқымдастарын, туыстарын, түрлерін анықтауда 1956-1966 жж. 9 томдық «Флора Казахстана», 1969-1972 жж. 2 томдық «Иллюстрированный определитель растений Казахстана» қолдану қазақ тілінде оқитын студенттер үшін ауыр екені рас. Сондықтан бұл жарияланып отырған мақаладағы анықтағыш кілттер өсімдіктерді анықтауда біршама жеңілдіктер туғызары сөзсіз.

Әдебиеттер

1 Свириденко БФ (2000) Флора и растительность водоёмов Северного Казахстана. Омск, 196.

2 Цвелёв НН (2000) Определитель сосудистых растений Северо-Западной России (Ленинградская, Псковская и Новгородская области). СПб., Издательство СПХВА, 781.

3 Кашина ЛИ (1986) Заметки о рдестах и альтении в Сибири. Новое о флоре Сибири. Новосибирск, 242-247.

4 Волобаев ПА (1991) О двух таксонах рода Potamogeton L. из Сибири. Сиб. биол. журн. Вып. 5., 75-76.

5 Волобаев ПА (1993) О двух таксонах рода Potamogeton L. из Сибири II. Potamogeton chakassiensis. (Kaschina) Volob. Сиб. биол. журн. Вып. 3. 51-59.

6 Флора Казахстана. (1956) Алма-Ата, Наука, Том 1. 112-334.

7 Иллюстрированный определитель растений Казахстана. (1969-1972) Алма-Ата: Наука, Т.1-2. 54-129; 473-478.

8 Абдулина СА (1999). Список сосудистых растений Казахстана. Под.ред. РВ Камелина. Алматы, 187.

9 Байтенов МС (2001) Флора Казахстана. Алматы:Ғылым. Т.2., 279. ISBN 9965-07-036-9

10 Флора СССР. (1934). Гл.ред.акад. ВЛ Комаров. Ред. 2 тома РЮ Рожевиц и БК Шишкин. Л., Т. 2., 772.

11 Определитель растений Средней Азии. (1968) Ташкент: ФАН, Т. 1., 560.

12 Арыстанғалиев СА, Рамазанов ЕР (1977) Қазақстан өсімдіктері. Алма-Ата, 21-38.

13 Арыстанғалиев СА (2002) Қазақстан өсімдіктерінің қазақша-орысша-латынша атаулар сөздігі. Алматы: Сөздік-Словарь, 288.

14 Вавилов НИ (1931-1932). Линнеевский вид как система. М.-Л. «Наука». Лен. отд., 560.

15 Тахтаджян АЛ (1987) Система магнолиофитов. Л., «Наука». Лен. отд., 430.

16 Байтулин ИО (1987). Перспективы развития ботанических исследований в Казахстане. Флора и растительность Северного и Западного Казахстана: (Перспективы использования). Алма-Ата, 3-16.

17 Юрцев А (1987) Предисловие. Теоретические и методические проблемы флористики. Л. «Наука». Лен. отд., 3-10.

18 Камелин РВ (1973) Флорогенетический анализ естественной флоры Горно Средней Азии. М., Наука. 673.

19 Камелин РВ (1987) Процесс эволюции растений в природе и некоторые проблемы флористики. Теоретические и методические проблемы сравнительной флористики. Л., «Наука». Лен. отд., 36-42.

20 Аралбаев НК (1997) Флора Зайсанской котловины, её анализ и генезис. Алматы, 73.

21 Комаров ВЛ (1934) Флора СССР. Т.1. М.-Л., «Наука». Лен. отд., 1-12.

22 Павлов НВ (1959) Принципы составление «Флоры». Сокращения и обозначения. Флора Казахстана. Т.1., 30-32.

23 Павлов НВ (1966). Алфавитный указатель казахских названий, помещенных в I-IX томах «Флора Казахстана». Флора Казахстана. Алма-Ата, Т.9., 635-639.

24 Скворцов АК (1977) Гербарий. Пособие по методике и технике. М.: Наука, 198.

25 Қалиев Б (1993) Өсімдіктер атаулары орысша қазақша сөздік. Алматы, 102.

26 Черепанов СК (1981) Сосудистые растения СССР. Л: «Наука». Лен. отд., 322-394.

27 Черепанов СК (1985) Сосудистые растения России и сопредельных государств. Л., «Наука». Лен. отд., 387.

References

1 Sviridenko BF (2000) Flora and vegetation of water bodies in Northern Kazakhstan [Flora i rastitelnost vodoemov Severnogo Kazakhstana] Omsk, 196. (In Russian)

2 Tsvelëv NN (2000) The vascular plants of Northwest Russia [Opredelitel sosudistych rastenii Severo-Zapadnoi Rossii] (Leningrad, Pskov and Novgorod district). [Leningradskaya, Pskovskaya i Novgorodskaya oblasti] SPb., Publisher SPHFA. 781. (In Russian)

3 Kashina LI (1986) Notes on the pondweed and Altena in Siberia [Zametki o rdestach i altenii v Sibiri] The new flora of Siberia [Novoe o flore Sibiri]. Novosibirsk, 242-247. (In Russian)

4 Volobaev PA (1991) About two taxa of the genus Potamogeton L. in Siberia. Sib. biol. Zh. Vol. 5. 75-76. (In Russian)

5 Volobaev PA (1993) About two taxa of the genus Potamogeton L. in Siberia II. Potamogeton chakassiensis. (Kaschina) Volob. Sib. biol. Zh. Vol. 3. 51-59. (In Russian)

6 Flora of Kazakhstan. (1956) [Flora Kazakhstana] Alma-Ata, Nauka, Volume 1, 112-334. (In Russian)

7 Illustrated manual of the plant in Kazakhstan. [Illustrirovannyi opredelitel rastenii Kazakhstana] (1969-1972) Alma-Ata: Science, T.1-2. from. p. 54-129; from. p. 473-478. (In Russian)

8 Abdullina SA (1999) List of vascular plants in Kazakhstan [Spisok sosudistych rastenii Kazakhstana]. Under.ed. RV Kamelina. Almaty, 187. (In Russian)

9 Baitenov MS (2001) Flora of Kazakhstan Almaty [Flora Kazakhstana] Science, T. 2., 279. (In Russian) ISBN 9965-07-036-9

10 Flora of the USSR [Flora SSSR] (1934) Chief.ed.acad. VL Komarov. Ed.2 vol. RY Rozhevits and BK Shishkin. L., T. 2, 772. (In Russian)

11 Manual of plants of of Central Asia [Opredelitel rastenii Srednei Azii] (1968) Tashkent: FAN, Volume 1, 560. (In Russian)

12 Arystangaliev SA, Ramazanov ER (1977) Plants Kazakhstan [Plants Kazakhstan] Almaty, 21-38. (In Kazakh)

13 Arystangaliev SA (2002) Dictionary Kazakh-Russian-Latin names of plants in Kazakhstan. [Slovar kazaksko-russko-latinskie nazvania rastenii Kazakhsata] Almaty Dictionary. 288. (In Kazakh)

14 Vavilov NI (1931-1932) Linnaean species as a system [Linneevskii vid kak sistema] M.-L. Science, Leningrad Department, 560. (In Russian)

15 Takhtadzhyan AL (1987) Magnoliofitov system [Sistema magnoliofitov] L., Science, Leningrad Department 630. (In Russian)

16 Baytulin IO (1987) Prospects for the development of botanical research in Kazakhstan [Perspektivy razvitia botanicheskih issledovanii v Kazakhstane] Flora and vegetation of the Northern and Western Kazakhstan [Flora i rastitelnost Severnogo i Zapadnogo Kazakhstana]: (Use Outlook) Alma-Ata, 3-16. (In Russian)

17 Yurtsev A (1987) Introduction. Theoretical and methodological problems of floristry [Predislovie. Teoreticheskie i metodicheskie problemy floristiki] L., 3-10. (In Russian)

18 Kamelin RV (1973) Florogeneticheskу analysis of the natural flora of Central Asia Mining [Florogeneticheski analiz estestvennoi flory Gorno Srednei Azii] M. Science (In Russian)

19 Kamelin RV (1987) The process of the evolution of plants in nature and some of the problems floristry Theoretical and methodological problems compare. floristry [Process evolucii rastenii v prirode I nekotorye problem floristiki. Teoreticheskie I metodicheskie problem sravnitelnoi floristiki] L., 36-42. (In Russian)

20 Aralbaev NK (1997) Flora Zaisan Depression, its analysis and genesis [Flora Zaisanskoi kotloviny, ee analiz I genezis] Almaty, 73 (In Russian)

21 Komarov VL (1934) Flora of the USSR. [Flora SSSR] T.1. M.-L., 1-12. (In Russian)

22 Pavlov NV (1959) Basis of preparation «Flora.» Abbreviations and symbols. [Principy sostavlenie «Flory». Sokrashenia i oboznachenia] Flora of Kazakhstan. T.1. P.30-32. (In Russian)

23 Pavlov NV (1966) Index Kazakh names placed in I-IX volumes of «Flora of Kazakhstan» [Alfavitnyi ukazatel kazahskih nazvanii pomeshennyh v I-IX tomah] Flora of Kazakhstan. Alma-Ata, T.9. P. 635-639. (In Russian)

24 Skvortsov AK (1977) Herbarium. Manual methods and tehnike. [Gerbarii. Posobie po metodike I technike] M.: Nauka, 198. (In Russian)

25 Kaliev B (1993) Russian Kazakh Dictionary names of plants [Russko kazakhski slovar nazvanii rastenii] Almaty., 102. (In Kazakh)

26 Cherepanov SK (1981) Vascular plants of the Soviet Union [Sosudistye rastenii SSSR] A.: «Science». Linen. Dep., 322-394. (In Russian)

27 Cherepanov SK (1985) Vascular plants of Russia and neighboring countries [Sosudistye rastenia Rossii i sopredelnych gosudarstv] L., Science, 578 (In Russian)

2-бөлім

ӨСІМДІКТЕР ФИЗИОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ БИОХИМИЯСЫ

Раздел 2

ФИЗИОЛОГИЯ И БИОХИМИЯ РАСТЕНИЙ

Section 2

PLANTS PHYSIOLOGY AND BIOCHEMISTRY

Zhumabaeva B.A.,
Djangalina E.D., Aytasheva Z.G.,
Lebedeva L.P., Dauletbaeva S.B.

Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty

Activities of protein components in bean seeds of kazakhstan, russian and other accessions

Common bean specimens (Phaseolus vulgaris L.) of Kazakhstan, Russian and other foreign collections have been studied for protein content, lectin and proteinase inhibitor activities. All studied specimens have revealed high protein content (23.2% -30.8%) and lectin activity with its relation to particular genotype and origin. In course of the study on the lectin activity, a wide range of variations for this parameter has been found for twelve bean specimens. The maximum difference between the specimens has reached 17.5 mg / mL with highest values of 38.3 and 55.8 mg/mL. Two varieties, "Jubileynaya White" and "Zhuravushka" of Russian selection, one local variety "Assol" and "The Iranian" of Iranian selection have indicated the most expressed lectin activities. Trypsin inhibitor activity has appeared to be approximately twice higher than that of the chymotrypsin, and the highest inhibitor activity of trypsin and chymotrypsin has been detected in the samples with the highest lectin activities. Apart from investigating protein components activity, promising specimens have been identified by testing the highest proteins content, lectin and proteinase inhibitor activities which may serve as powerful sources of bean protein components with reference of their effects on different cell models, to develop biotechnological approaches for extraction and application to agriculture.

Key words: Phaseolus vulgaris L., lectins, proteinase inhibitors, plant protection.

Жумабаева Б.А.,
Джангалина Э.Д., Айташева З.Г.,
Лебедева Л.П., Даулетбаева С.Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті, Қазақстан, Алматы

Қазақстандық, ресейлік және шетел селекциясының кәдімгі үрмебұршақ (*Phaseolus vulgaris* L.) сорт үлгілерінің белоктық компонентінің белсенділігі

Ақуыз, лектин белсенділігі және протеиназа ингибиторларының мөлшері бойынша қазақстандық, ресейлік және шетел селекциясының кәдімгі үрмебұршақ (Phaseolus vulgaris L.) сорт үлгілерінің салыстырмалы талдауы жүргізілді. Барлық зерттелген сорт үлгілері белоктың және лектиндік белсенділіктің жоғары мөлшерімен ерекшеленді, сонымен бірге бұл параметр сорт үлгілердің генотип ерекшелігіне және шығу тегіне байланысты. Лектиндік белсенділігін зерттеу кезінде осы көрсеткіштің кең диапозонда өзгеретіні анықталды. Сорттар арасындағы максималды айырмашылық 17,5 мг/мл, белгінің максимальды шегі 38,3 и 55,8 мг/мл аралығында болды. Трипсин ингибиторларының белсенділігі химотрипсин белсенділігіне қарағанда екі есе жоғары болды, сонымен қоса трипсин және химотрипсин ингибиторларының жоғары белсенділігі лектиннің мөлшері жоғары сорттарда байқалды. Белокты компоненттердің белсенділігін зерттеу негізінде белок, лектин және протеиназа ингибиторларының мөлшері жоғары перспективті сорт үлгілері алынды, олар үрмебұршақтың өнімділігі жоғары және ауруларға тұрақты формаларын алуда бастапқы бағалы материал бола алады.

Түйін сөздер: Phaseolus vulgaris., лектиндер, протеиназ ингибиторлармы, трипсин, өсімдікті қорғау.

Жумабаева Б.А.,
Джангалина Э.Д., Айташева З.Г.,
Лебедева Л.П., Даулетбаева С.Б.

Казахский национальный университет
им. аль-Фараби, Казахстан, Алматы

Активность белкового компонента семян фасоли обыкновенной (*Phaseolus vulgaris L.*) казахстанской, российской и зарубежной селекции

Проведено сравнительное изучение сортообразцов фасоли обыкновенной (Phaseolus vulgaris L.) казахстанской, российской и зарубежной селекции по содержанию белков, активности лектинов и ингибиторов протеиназ. Все изученные сортообразцы отличались высоким содержанием белка и лектиновой активностью, которое зависело от особенностей генотипа и происхождения. При изучении активности лектинов установлен широкий диапазон варьирования данного показателя. Максимальные различия между образцами достигали 17,5 мг/мл при крайних значениях признака 38,3 и 55,8 мг/мл. Активность ингибиторов трипсина была примерно в два раза выше, чем химотрипсина, причем наибольшая активностью ингибиторов трипсинов и химотрипсинов отмечена для образцов с наибольшей активностью лектинов. На основе изучения активности белковых компонентов выделены перспективные образцы с наибольшим содержанием белка, активностью лектинов и ингибиторов протеиназ, которые могут служить ценным исходным материалом для получения высокопродуктивных и устойчивых к заболеваниям форм фасоли.

Ключевые слова: Phaseolus vulgaris L., лектины, ингибиторы протеиназ, трипсин, защита растений.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

UDC 581.1

Zhumabaeva B.A., *Djangalina E.D., Aytasheva Z.G., Lebedeva L.P., Dauletbaeva S.B.

Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty
*E-mail: Erika.Dzhangalina@kaznu.kz

ACTIVITIES OF PROTEIN COMPONENTS IN BEAN SEEDS OF KAZAKHSTAN, RUSSIAN AND OTHER ACCESSIONS

Introduction

A holistic approach to plant protection issues and increasing level of environmental safety has become one of the most extensively developing areas of modern agriculture. With this respect, development of herbal medications for agriculture and medicine based on various protein components looks quite relevant. The Republic of Kazakhstan has a growing market potential for the effective application of biological products in agriculture, livestock breeding, oil and gas sector, and etc. However, Kazakhstan today has no large-scale production of biological products, and current needs are satisfied by importing such products from abroad. A range of microbiological preparations have successfully been implied for the needs of industry, agriculture, livestock breeding and environmental protection. At the same time, development of phytogenic preparations does not meet modern requirements. The use of herbal medications in combination with modern farming techniques would pave way to better use of not only soil potential but also proper implication of biological potential of plants.

Beans does not belong to traditional crops of Kazakhstan, though since recently the demand in beans has been registered to increase year by year. Along with proteins possessing nutritional value, legumes contain antinutrient compounds that are also belong to proteins, including, in particular, lectins and enzymes such as glucanase, chitinase, proteinase inhibitors and α-amylase which play a significant part in plant disease resistance and abiotic stress factors.

Two last decades have shown a great progress in the study on plant lectin activity against pathogens, specifically nematodes and insects [1, 2].

Proteolytic enzymes carry out a range of physiological functions in living organism, starting from the digestion of dietary protein and seed stored proteins to the series of specific regulatory processes. Important evidence in favour of active role of inhibitors for proteolytic enzymes in plant defense against insects may be observed in the studies revealing the induction of these proteins synthesis in response to the damage of plant tissue intactness. The systemic response to desintegration of a plant tissue is manifested by the onset of the synthesis of specific inhibitors in plants of

different genera [3, 4]. For example, out of three forms of soybean cystatin (*Glycine max L.*), only one (L1) appeared to be constituent, while two others (N2 and R1) were detected in response to wounding or under methyl treatment being absent in intact, unaffected plant [5].

Searches for effective insect proteinase inhibitors are in progress being undertaken in different directions. It is known that many of peptide precursors (propeptides), released at the activation of proteinase zymogens, are able to serve as highly effective inhibitors of mature enzyme molecules. Inhibitors of proteolytic enzymes may play significant part in plant protection, against insects as other pests. Various nematodes invading plants cause usually significant damage of agricultural production in Kazakhstan [6]. Protective role of plant inhibitors could stretch out to a range of pests. As in the case with insects and other pests, plant proteinase inhibitors are able to inhibit enzymatic activity of pathogeneous microorganisms.

Hence, there is a great need to study new sources of lectins and proteinase inhibitors for expansion of researches in the field of agricultural biotechnology and plant protection products. Hence, the aim of present work is to classify bean specimen by the content of protein components and identify new sources of lectins and proteinase inhibitors for the development a new generation of biological products on this basis.

Materials and methods

The study was carried out using common bean (*Phaseolus vulgaris* L.) cultivars of Kazakhstan and foreign collections which were available at the the Department of Molecular Biology and Genetics, al-Farabi Kazakh National University. 12 varieties, and namely: «Aktatti», «Assol», «Biychanka», «Zhuravushka», «Pearl», «Iran», «Kamelia», «Red Goya», «Pinto», «Ufa», «Fatima», and «Jubilee White» harvested under crop rotation in the mountain and steppe (plain) zones of Almaty region have been used for investigation. The climate of the Almaty region is sharply continental with average January temperatures of -15 ° C on the plains and – 6…- 8 °C in the foothills, and average July temperatures of + 16 ° C and + 24… + 25 ° C, respectively. The annual precipitations comprise up to 300 mm in the steppe zone, and from 500-700 to 1,000 mm in the mountains. Vegetation season lasts 70-225 days in the foothills and on the plain.

The protein content was determined by a Kjeldahl method [7]. In the seeds rough protein along with total content of soluble proteins in 0.2% NaOH solution have been detected.

To determine lectin activity, the extracts were obtained by homogenization of 2 g plant tissue in 6 ml of 0.9% Na-phosphate buffer. Lectin activity has been determined by common techniques of the reaction of hemagglutination [8].

Evaluation of lectin activity was performed by the hemagglutination reaction with lectins in rabbit or rat blood. Erythrocytes were isolated by washing the blood five times with 0.2M sodium chloride. The extent of lectin activity was assessed either visually or by measuring the lectin titre. The reaction was conducted at room temperature and measured in 2 hours after the onset of titration. Phytohemagglutinating activity of lectins was expressed as the value opposite to minimal protein concentration at which the hemagglutination was observeable [mg / ml] $^{-1.}$

The activity of proteinase inhibitors was determined spectrophotometrically at 280 nm by measuring cleaved products of protein substrate treated by the enzymes (trypsin and chymotrypsin) [9, 10]). Addition of inhibitors binding and thus converting trypsin or chymotrypsin into inactive complexes, is accompanied by reduced extinction. Optical density was measured by using a multichannel «Benchmark Microplate Reader» spectrophotometer (BioRad, USA). All solutions were stored at +4°C for not longer than a fortnight. Substances under investigation were extracted with distilled water at the ratio of 1: 4 000 at +4°C overnight. Then the extract was centrifuged. Trypsin/chymotrypsin activities were detected at 25^0C in the resulting supernatant.

The activity of trypsin inhibitor (mg / g) was calculated by using the formula:

$$ATI = \frac{CTR \times (\Delta ETP - \Delta EOP) \times VTR \times K_{EXTR} \times K_{DEL}}{V_{INH} \times \Delta E_{TS}},$$

where ATI is the activity of trypsin inhibitor, mg / g of protein; $C_{TR,}$ the trypsin concentration, mg; $V_{TR,}$ the volume of trypsin solution, mL; $V_{ING,}$ the volume of TI solution, mL; $K_{EXTR,}$ the ratio of the extract volume to the weight of plant tissue; $K_{DEL,}$ the dilution index of TI solution; $\Delta E_{TEST,}$ the extinction of test sample; and $\Delta E_{TS,}$ the extinction of trypsin solution. The quantity of trypsin inhibitors able to supress 1 unit of the trypsin activity, was counted as the unit of the trypsin inhibitor activity. The experiment was carried out in three replicas. Chymotrypsin inhibitor activity was calculated using similar approach. The content of the trypsin (or the chymotrypsin) inhibi-

tors was expressed in milligrams of related inactivated enzyme (trypsin or chymotrypsin) per 1 g of the flour.

All the experiments were conducted in triplicates. The outputs obtained have been statistically processed to be presented in the figures as average arithmetic meanings with standard errors.

Results

Common bean is distinguished as rich vegetable crop supplied by highly digestible protein which is valuable by its abundant amino acid composition. According to a number of the authors, seeds of common bean may preserve in average 20-30% of protein. However, the content and the quality of seed protein in beans was shown to be significantly depending on the genotype [11, 12].

Comparative study on bean specimens of Kazakhstan and foreign breeding indicates their variation in protein content ranging from 23.2% to 30.8% in different accessions. Maximum concentration was observed in such specimens as Iranian (30.8%, foreign selection) and «Zhuravushka» (30.7%, Russian selection). The lowest content was found out in the «Red Goya» (23.2%, foreign selection) and «Fatima» (23.4%, Russian selection). Kazakhstan specimens «Aktatti»and «Assol» have been shown to take intermediate place. (Table 1).

Table 1 – Protein content in bean seeds (percentage to dry weight)

#	Specimen	Originating country	Protein content,%	
			Total,%	Albumin-Globullin fraction,%
1	«Aktatti»	Kazakhstan	29.9±0.3	76.2±0.9
2	«Assol»	Russia	28.7±0.5	76.6±0.8
3	«Biychanka»	Russia	25.6±0.3	80.5±1.0
4	«Zhemchuzhina»	Russia	25.6±0.4	78.5±0.8
5	«Zhuravushka»	Russia	30.7±0.5	73.6±0.8
6	«Iranian»	Iran	30.8±0.5	77.2±0.9
7	«Camellia»	USA	26.6±0.7	77.8±0.8
8	«Pinto»	USA	26.4±0.3	79.8±0.9
9	«Red Goya»	USA	23.2±0.4	82.3±0.9
10	«Ufa»	Russia	28.2±0.5	78.7±0.9
11	«Fatima»	Russia	23.4±0.4	77.3±0.9
12	«Jubilee White»	Russia	28.2±0.6	76.7±0.9

Bean proteins consist mainly of globullins and albumins, which are considered to be more valuable by their amino acid composition. Lighter solubility in water and neutral salt solutions predicts greater digestibility and, accordingly, higher biological and nutritional value of these legume proteins. By applying the consequent extraction method, it has been shown that the albumin-globullin fraction dominated in the seeds of all the bean varieties and lines studied to make up 76.2-82.3%. Samples with a maximum content of albumin and globullins have been identified among foreign-bred varieties: «Red Goya» (82.3%) and «Biychanka» (80.5%). Minor content has been attributed to «Aktatti» (76.2%), «Zhuravushka», and «Assol» (76.6%) varieties.

It is known that plants producing seeds abundant in energy deposits normally accumulate significant amounts of antinutritional agents, i.g. lectins, proteinase inhibitors and etc. This is applied to different phabaceous crops, and particularly beans. With this regard, the next stage of current study has been to assess the lectin activity of bean specimens. The intensity of the hemagglutination reaction depends on reaction conditions. That is why it is

necessary to count the origin of erythrocytes and procedures of their treatment. In the first series of experiments, visual evaluation of the lectin activity was undertaken by implying the hemagglutination reaction with blood from rabbits and rats. Visual grading of agglutinating effect allows quick, impartial and quite precise determination of the hemagglutination intensity.

Our experiments have established that the hemagglutination intensity might decrease in case of using the rabbit erythrocyte suspension instead of that from rat blood. The hemagglutination reaction with rabbit erythrocytes has slowered 1.5-2 times when compared with rat erythrocytes, and the intensity did not exceed 5 points for all of the sample common beans tested.

At the same time in rat erythrocyte testing system, agglutinating activity was rather high in all specimens to vary, depending on the genotype, from 10 to 13 points. The agglutinating activity has been shown to reach 13 points for the «Jubilee White» and «Zhuravushka» varieties, 12 points for the «Zhemchuzhina» variety, and 10 points for the Ufa and «Biychanka» varieties. Also, hemagglutination reaction in the «Zhuravushka» specimen has been noticed to start 2-3 min earlier, if compared with other specimens revealing relatively high lectin activity.

Further studies on hemagglutinating activity were carried out by measuring the titre of lectins exclusively in rat blood cells. These experiments have revealed that all of the samples investigated possessed quite high lectin titre in range of 38.3 – 55.8 mg / ml $^{-1}$, independent of the bean origin. At the same time, the degree of variation in lectin activity among the specimens of the Russian collection have been noted to be higher than that of the samples from Kazakhstan and other countries. Highest variation in these characters have achieved 17.5 mg / mL for the Russian specimens, 3.0 mg / ml for domestic specimens, and 7.2 mg / ml for other foreign accessions. Three bean varieties, «Jubilee White», «Zhuravushka» and «Assol», have been shown to possess the highest values of the lectin titre reaching 55.8, 52.4 and 50.7 mg / ml $^{-1}$, respectively (Fig. 1).



Figure 1 – Hemagglutinating activity of bean seed lectins

«Fatima» and «Ufa» varieties have shown rather low lectin agglutinating activities of 39.2 mg / ml $^{-1}$ and 38. 3 mg / ml $^{-1}$, respectively. By analyzing these genotypes it has been determined that they are differentiating in lectin activity. Most promising specimens have been revealed to be «Jubilee White» and «Zhuravushka» from Russian specimens, the «Assol» variety from Kazakhstan specimens, and «The Iranian» out of the number of other external specimens. No correlation between the protein content and lectin activity has been identified. The correlation index has been estimated to range from r = -0.3 to r = 0.6.

In the figure we can see the reaction of hemagglutination of four different species.



A – Start B – After 30 minutes

Figure 2 – The reaction of hemagglutination

In our experiments, the activity of trypsin and chymotrypsin inhibitors in different bean specimens has been determined. The activity of trypsin inhibitors (ATI) has been shown to be approximately 2-2.2 times greater than that of chymotrypsin (ACI). The ATI of Russian varieties has been detected to vary from 2.5 mg / g to nearly 5.5 mg / g, whereas ACI has ranged from 1.9 mg / g to almost 3.3 mg / g (Figure 3).

11 Kirsten Henn (2011) Limits of the fish embryo toxicity test with *Danio rerio* as an alternative to the acute fish toxicity test. Dissertation submitted to the degree of Doctor of Natural Sciences University of Heidelberg, Germany

12 Jaishankar M, Tseten T, Anbalagan N et al (2014) Toxicity, mechanism and health effects of some heavy metals, Interdiscip Toxicol, 7(2):60–72.

13 Kondera E, Ługowska K, Sarnowski P (2014) High affinity of cadmium and copper to head kidney of common carp (Cyprinus carpio L.), Fish Physiol Biochem, 40:9–22

14 Carginale V, Scudiero R et al (1998) Cadmium-induced differential accumulation of metallothionein isoforms in the Antarctic icefish, which exhibits no basal metallothionein protein but high endogenous mRNA levels, Biochem. J, 332:475-481

15 Dian Gao, Zhen'e Xu (2013) Cadmium Induces Liver Cell Apoptosis through Caspase- 3A Activation in Purse Red Common Carp (Cyprinus carpio), PLOS ONE, 12, | e83423

16 Yin J, Yang J et al (2014) Individual and joint toxic effects of cadmium sulfate and α-naphthoflavone on the development of zebrafish embryo, J Zhejiang Univ-Sci B (Biomed & Biotechnol), 15(9):766-775

17 Wang H, Liang Y et al (2013) Acute Toxicity, Respiratory Reaction, and Sensitivity of Three Cyprinid Fish Species Caused by Exposure to Four Heavy Metals, PLOS ONE, 6 | e65282

Калимагамбетов А.М.,
Оразбаева А.О.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы

Репродуктивті саулық саласындағы студенттердің медико-генетикалық білімі

Зерттеу жұмысында репродуктивті саулық саласындағы студенттердің медико-генетикалық білімінің деңгейі сауалнама арқылы анықталды. Сауалнамада белгілердің қарапайым тұқымқуалау механизмдеріне, адамның репродуктивті саулығына жағымсыз әсер ететін факторларына және жанұяда репродуктивті саулықты сақтау шараларына қатысты негізгі 20 сұрақтар қойылды. Сауалнама әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің әр түрлі мамандықтарда білім алатын 1 және 4 курс 713 студенттер арасында өткізілді. Биология және биотехнология факультетіндегі 1 және 4 курс студенттердің дұрыс жауаптар деңгейі 54,5% және 64,6%, сәйкес, құрады. Химия және химиялық технологиялар; физика-техникалық; механика-математика; заң; тарих, археология және этнология; философия және саясаттану факультеттердегі 1 және 4 курс студенттердің дұрыс жауаптарының орташа деңгейі 39,3% және 42,4%, сәйкес, құрады. Элективті «Медициналық генетика» пәні оқылған «Биология» мамандығының 3 курстағы бір топ студенттердің орташа дұрыс жауаптарының жиілігі 14,62±0,65 құрады. Репродуктивті саулықты қалыптастыруда медико-генетикалық білім алудың тиімділігі өте зор.

Түйін сөздер: сауалнама, дұрыс жауап, студент, репродуктивті саулық, медициналық генетика.

Kalimagambetov A.M.,
Orazbaeva A.O

Al-Faraby Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

Medical and genetic knowledge of the students in the field of reproductive health

The questioning of 713 students of the 1st and 4th course students of al-Farabi Kazakh National University was carried out for determination of a level of the medical genetic knowledge which is necessary for formation of reproductive health. In 20 questions of the questionnaire there were issues considering the genetic mechanisms of signs inheritance, factors which are negatively influence the reproductive health and measures directed to preservation of reproductive health. The analysis of students' answers has shown that the level of the correct answers of the 1st year students and the 4th year students of faculty of biology and biotechnology was 54,5% and 64,6%, respectively. The level of the correct answers of 1st year and the 4th year students of following faculties: chemistry and chemical technologies, physics and technology, mechanics and mathematics, law; history, archeology and ethnology; philosophy and political science was 39,3% and 42,4%, respectively. The frequency of the correct answers of group of 3rd year students of the faculty that had the elective discipline "Medical Genetics" was also determined. It made 14,62±0,65 that is significantly higher than the frequency of correct answers 1st and 4th year students the faculty in 1,3 and 1,1 times, respectively. Getting the medical and genetic knowledge for the formation of reproductive health would lead to an increasing birth of children with physiologically normal health, which in turn will improve the demographic situation in the country as an integral part of national security.

Key words: questionnaire, correct answer, student, reproductive health, medical genetics.

Калимагамбетов А.М.,
Оразбаева А.О.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы

Медико-генетические знания у студентов в области репродуктивного здоровья

Проведено анкетирование 713 студентов 1-го и 4-го курсов КазНУ им. аль-Фараби для определения уровня медико-генетических знаний, необходимых для формирования репродуктивного здоровья. Анкета состояла из 20 вопросов, отражающих простые генетические механизмы наследования признаков; факторы, отрицательно воздействующие на репродуктивное здоровье, и меры, направленные на его сохранение. Установлено, что уровень правильных ответов у студентов 1-го и 4-го курсов факультета биологии и биотехнологии составил 54,5% и 64,6%, соответственно. Уровень правильных ответов студентов 1-го и 4-го курсов факультетов химии и химических технологий; физико-технического; механика-математического; юридического; истории, археологии и этнологи; философии и политологии в среднем составили 39,3% и 42,4%. Частота правильных ответов у группы студентов-биологов 3 курса, прослушавших элективный курс «Медицинская генетика», составила 14,62±0,65, что выше частоты правильных ответов студентов 1-го и 4-го курсов данного факультета в 1,3 и 1,1 раза. В целях улучшения репродуктивного здоровья человека необходимо формирование у студентов всех вузов страны медико-генетических знаний.

Ключевые слова: анкетный опрос, правильный ответ, студент, репродуктивное здоровье, медицинская генетика.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 378:575.1

Калимагамбетов А.М., *Оразбаева А.О.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: arailym003@mail.ru

РЕПРОДУКТИВТІ САУЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ МЕДИКО-ГЕНЕТИКАЛЫҚ БІЛІМІ

Кіріспе

Денсаулық – медициналық және әлеуметтік тұрғыдан, еліміздегі адам ресурстарын дамытуымен қатысты ең маңызды категориясы болып есептеледі. Адамның денсаулығын биологиялық (іштен туа біткен және жүре пайда болған сырқат белгілеріне қарап) және әлеуметтік факторларды ескере отырып, кешенді түрде анықтайды. Денсаулықтың негізгі жүйесіне репродуктивті денсаулық кіреді [1].

Репродуктивті денсаулық адам дамуындағы ең маңызды орын алатын, жалпы денсаулықтың басты бір бөлігі болып табылады. Репродуктивті денсаулық өмірдің жеке және жоғары деңгейдегі аспектісі. Репродуктивті денсаулықты қалыптастыру әр адам баласының өмір бойғы міндеті және тиісті жоғары этикалық, техникалық нормаға сәйкес орындалуы тиіс. Денсаулықтың сапалығы бала кезінде және жасөспірім кезінде көрініс береді. Сонымен қатар денсаулықтың сақтауын қамтамасыз ету үшін әйелдер мен ер адамдардың репродуктивті өмір сүрген уақытын ескеріп, ұрпақтан-ұрпаққа берілуін анықтайды. Репродуктивті денсаулық – ерлер мен әйелдердің өздерінен кейін ұрпақ қалдыруды жоспарлау мен ұйымдастыра алу қабілеттілігі. Қазіргі таңда репродуктивті денсаулығы медициналық-әлеуметтік мәселелердің ішінде ерекше толғандыратын мәселелердің бірі болып есептеледі [2].

Репродуктивті денсаулық – адамның ұрықтану қабілеті мен баланың туылуын сипаттайтын толық физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік саулығының жағдайы; ана саулығын, жүктіліктің қауіпсіздігін, босануын, баланың денсаулығы мен тірі қалуын қамтамасыз ету, келесі жүктіліктерді жоспарлау болып табылады. Репродуктивті жүйенің патологиясы көптеген факторлар әсерінен (әлеуметтік-экономикалық, ішімдік, нашақорлық, шылым шегу, экологиялық факторлар және т.б.) пайда болуы мүмкін [3,4].

Отбасын жоспарлау – біздің өмірімізге белсене араласатын түсінік. Отбасын жоспарлау – армандап күткен, дені сау баланы дүниеге келтіру үшін ер және әйел адамның денсаулығын сақтау болып табылады. Басқаша айтқанда, отбасын жоспарлау – баланы кездейсоқ емес, жоспарлы түрде өмірге әкелу деген

сөз. *Жанұяны жоспарлаудың негізгі мақсаты – ана мен нәрестенің денсаулығын қорғау және жалпы халықтың денсаулығын жақсарту болып саналады.* Репродуктивті денсаулық – адамның ұрпақ әкелетін дене мүшелерінің және функциясының ауру мен сырқатсыз болуы ғана емес, жалпы адамның физикалық және ой жүйесі мен әлеуметтік жағдайының сау болуы [5].

Қазіргі заманда адам ауруларының пайда болу механизмдерін анықтау, алдын алу және емдеу барысында генетиканың үлесі өте зор. Оның маңыздылығы «Адам геномы» халықаралық ғылыми жобаның 2003 жылда аяқталуынан кейін ұлғайып келе жатыр.

Генетика медициналық практиканың, соның ішінде репродуктивті саулықты қалыптастыру саласында, орталық ұйымдастырушы бөлімі болып саналады. Себебі, адам генетикасының негізгі қағидаттарына байланысты:

– гендердің альтернативті формаларының (аллельдердің) популяцияда бар болуы;

– мутациялар мен әр түрлі гендер вариантарының әсерінде ұқсас белгілердің (фенотиптерінің) пайда болуы;

– жанұялық аурулардың пайда болуына гендердің ауруға сезгіштігі, олардың өзара және қоршаған ортамен әрекетесуінде пайда болатынын түсінушілігі;

– рак ауруының және қартаюдың дамуында соматикалық мутациялардың рөлі;

– пренатальды диагноздың және генотерапияның мүмкіндіктері;ж.

– алдын-ала гендік тестілеу және көпшілікті скринингтен өткізу [6].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының көрсеткіштері бойынша дүниеге келген нәрестелердің 2,5% түрлі ақаулармен туылады. Оның ішінде 1,5-2% экзогенді факторлар, яғни тератоген атауымен белгілі болса, ал қалғандары тұқымқуалаушылық табиғатына байланысты болып келеді. Экзогенді ақаулардың себебін атап өту керек: биологиялық (инфекциялық аурулар, ұшық, қызылша, токсоплазмоз, хламидия инфекциясы, цитомегаловирустар инфекциялары), физикалық (радионуклидтер, ион сәулелерінің барлық түрі), химиялық (гормональды препараттар, барлық ісік клеткаларына қарсы препараттар, пестицидтер, ауыр металдар). Ақау дамуының генетикалық факторы популяциядағы жалпы генетикалық жүктемеге көрініс беріп, жер шары халқының 5%-да байқалады. Шамамен генетикалық жүктеменің 1% гендік мутацияларға тиісті болса, 0,5%-ы хромосомалық мутацияларға, 3-3,5% жуығы тұқым қуалайтын компоненті бар ауруларға (диабет, атеросклероз, жүректің ишемиялық ауруы, кейбір ісік клеткалары және т.б.) байланысты. Тұқымқуалаушылық фактордың 40-50% перинатальды өлімге әкеледі және сәби кезінен мүгедектікке ұшыратады [7,8].

Қазіргі кезде өскелең ұрпақтың денсаулығына болашақ ана мен әке ретінде аса көп назар аударылып келеді. Мемлекеттің репродуктивті потенциалы – жастар мен жасөспірімдердің сау нәресте дүниеге әкелуі және жеке бас денсаулығы, физикалық тұрғыдан болсын, психикалық жағынан болсын әлеуметтік жағдайы жақсы сау ұрпақ дүниеге әкелу болып есептеледі [9].

Осы айтылған мәселелерге қатысты репродуктивті саулықты қалыптастыру саласындағы медико-генетикалық білім алудың қажеттілігі сөзсіз.

Жұмыстың мақсаты: репродуктивті саулықты қалыптастыру саласындағы медико-генетикалық білім алудың тиімділігін анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысында 20 сұрақтан тұратын сауалнама құрастырылды. Сауалнаманың мазмұнына белгілердің тұқымқуалау механизмдеріне, адам репродуктивті саулығына әсер ететін факторларға және жанұяда репродуктивті саулықты сақтау шараларына, негізгі биологиялық білімдеріне қатысты сұрақтар қойылды. Сауалнама әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әр түрлі мамандықтардан білім алуға бағытталған 1 және 4 курс студенттер арасында өткізілді. Сонымен бірге, сауалнамаға арнайы элективті «Медициналық генетика» пәні оқылған «Биология» мамандығының 3 курс студенттердің бір тобы (13 студент) қатысты.

Сауалнама жаратылыстану-математикалық бағытында білім беру төрт факультеттердің (биология және биотехнология; химия және химиялық технология; физика-техникалық және механика-математика) студенттер арасында жүргізілді және сауалнамаға қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы үш факультеттерінің (заң; тарих, археология және этнология факультеті; философия және саясаттану) студенттері қатысты. Сауалнамаға жауап берген студенттердің жалпы саны 713 болды. Сұрақтарға берілген жауаптардың сапалығы, дұрыс жауаптар жиілігі, пайыз бойынша анықталды. Студенттердің білімділік деңгейі жоғары оқу орындарында (ЖОО) білімдерін анықтау шкаласы бойынша салыстырылды. Сонымен қатар, статистикалық

талдауда бір анкета бойынша дұрыс жауаптар деңгейінің сенімділігі Манн-Уитнидің $U_{эмп}$-критерийі бойынша анықталды [10], сенімділіктің өлшемі $p<0,05$ кем алынған жоқ.

Зерттеу нәтижелері мен оларды талдау

Ресейлік бірқатар авторлардың айтуынша, отбасының репродуктивті денсаулығын жанжақты бағалау үшін репродуктивті жүйеге қауіп төндіретін факторларды анықтауды ұсынады. Атап айтқанда тұқымқуалаушылық факторлар, экологиялық зиянды заттар, стресс жағдайлары, зиянды әдеттер, тамақтану әдісі, санитарлы-гигиеналық білім, соматикалық патологиялар болып табылады [11].

Зерттеушілердің айтуы бойынша әйелдердің репродуктивті денсаулығы қоршаған ортаның техногенді ластануымен тікелей байланысты. Сонымен қатар химиялық және физикалық табиғаттың жүктілікке әсер ететіні анықталып отыр. Қоршаған ортасы ластанған аймақта өмір сүретін 78% жүкті әйелдердің ұрығына қатер төніп жүктілікті тоқтатуға мәжбүр болды, ал экологиясы жақсы аймақтарда бұндай ауытқулар тек 25% жүкті әйелдерде кездескен болатын [12].

Адамның күнделікті тіршілігі қоршаған орта жағдайларымен тығыз байланысты. Тірі ағзаларға тән көптеген қасиеттер адам ағзасына да тән. Адамның тыныс алуы, тамақтануы, өсуі, дамуы табиғи орта жағдайында өтеді. Сондықтан да адам тіршіліктің құрамындағы бір бөлігі болып есептеледі. Сонымен бірге адам – өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы саналы тұлға. Адамның өсуіне, дамуына және тұлға ретінде қалыптасуына әлеуметтік жағдайлардың ықпалы зор. Адам денсаулығына сонымен қатар жаман әдеттер кері әсерін тигізеді. Оның ішіне шылым шегу, ішімдікті пайдалану 9%, ал рационды тамақтану 17,5%, түнгі ұйқы ұзақтағы 1%, үй жұмысының ұзақтығы 1%, спортпен шұғылдану 3,5%, таза ауада демалу 9% оң әсерін тигізеді. Кейде еңбек етудің қолайсыздығы, тұрмыстық жағдайлардың нашарлауы денсаулыққа кері әсер етеді. Салауатты өмір сүру салтын дұрыс ұйымдастыра білмеу, медициналық жәрдемнің дұрыс көрсетілмеуі де әсерін тигізеді [13].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бойынша репродуктивті саулықты қалыптастыру аймағының мақсаты төмендегідей:

1. Босануға дейінгі көмек, босанудан кейінгі және туылған нәрестелерге көмек көрсету.

2. Отбасын жоспарлау бойынша қызмет көрсету, сонымен қоса бедеулік жағдайларына да көмек көрсету.

3. Қауіпті түсік тастау жағдайлары.

4. Жыныс жолымен жұғатын жүқпалы аурулар мен басқа гинекологиялық аурулармен күресу жолдары [14].

Сонымен қатар халықтың репродуктивті саулығын қалыптастыру саласын дамыту бағыты барлық елдерде, сонымен қатар жастар мен жасөспірімдерді жүйелі бір бағдарламаға әкеліп, дамытуға және де халықтың денсаулығын нығайтуға шақырады [15].

Репродуктивті саулықты қалыптастыру – репродуктивті саулықты нығайтудағы әдістер, тәсілдер, отбасы жағдайы немесе жеке бас профилактикасы және репродуктивті денсаулыққа қатысты емдеу шаралары, яғни физикалық, психикалық денсаулық және әлеуметтік жағдайының біршама факторлар бірлестігін құрайды.

Каир қаласының бағдарламасы бойынша Саммит конференциясында барлық елдер репродуктивті денсаулықты қалыптастыру саласында халыққа сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету туралы қаулысы қабылданды. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бойынша Каир қаласындағы Саммит конференциясының барлық міндеттері қабылданды [16].

Халық денсаулығының тіршілік ету жағдайын төрт негізгі деңгейге бөліп қарастыруға болады: тіршілік ету жағдайы, адамның тұқымқуалаушылық қасиеті, тіршілік ету ортасы және денсаулық сақтау ұйымы. Адам денсаулығының тек 8%-ы ғана медициналық даму деңгейіне, дәрігерлік көмекке тиесілі, ал 20%-ы адамның тұқымқуалаушылық қасиеттеріне байланысты. 22%-ы экологиясы нашар ортаға байланысты (ауаның ластығы, судың, электромагнитті сәулеленудің жоғары деңгейде болуы т.с.с.). Қалған 50% адамның тіршілік ету ортасына байланысты (мінез-құлық, әдеттер, ортамен қарым-қатынасы, тәртібі т.с.с.) болып келеді [17].

Зерттеу жұмыс барысында 1 және 4 курс студенттердің репродуктивті саулықты қалыптастыру саласында ЖОО орнына түсу кезіндегі білімі мен оқуды аяқтау кезіндегі білімдерінің қай деңгейде болатынын анықтау үшін сауалнама жүргізілді.

1 және 4 курс студенттерінің сауалнамадағы жауаптарының көрсеткіштері 1 және 2 кестелерде көрсетілген.

1-кесте – Сауалнамадағы 1 курс студенттердің дұрыс жауаптар деңгейі

Білім беру бағыттары	Факультеттер	Студенттер саны	Дұрыс жауаптар	
			саны	жиілігі,%
Жаратылыстану – математикалық	Биология және биотехнология	50	545	54,5
	Химия және химиялық технология	50	388	38,8
	Физика-техникалық	50	440	44,0
	Механика-математика	50	422	42,2
Қоғамдық-гуманитарлық	Заң	50	406	40,6
	Тарих, археология және этнология	50	390	39,0
	Философия және саясаттану	50	314	31,4

Бірінші кесте бойынша, биология және биотехнология факультетіндегі 1 курс студенттерінің дұрыс жауаптар деңгейі 54,5% құрады. Басқа алты факультеттердегі студенттердің дұрыс жауаптар деңгейі орташа алғанда 39,2% болды. Алынған нәтижелердің айырмашылығы 15,3% аралығында байқалды. Биология және биотехнология факультетіндегі студенттердің білімдерінің қанағаттанарлық деңгейде болғаны түсінікті – мамандандыру дайындықтарына байланысты. Олар ЖОО түсуге қатысты дайындық барысында биология саласындағы пәндерден, яғни клеткалық биология, физиология, биохимия, генетика т.б. жаратылыстану саласынан білім алады, яғни оларда негізгі биологиялық білімдері бар. Соған қарамастан, жақсы деңгейде деп айтуға болмайды. Басқа мамандықтардағы студенттердің сауалнамадағы қойылған сұрақтарға жауаптары төмен болып шықты, 31,4 – 44,0 пайыздар аралығында, қанағаттанарлық емес.

2-кесте – Сауалнамадағы 4 курс студенттердің дұрыс жауаптар деңгейі

Білім беру бағыттары	Факультеттер	Студенттер саны	Дұрыс жауаптар	
			саны	жиілігі,%
Жаратылыстану-математикалық	Биология және биотехнология	50	646	64,6
	Химия және химиялық технология	50	464	46,4
	Физика-техникалық	50	401	40,1
	Механика-математика	50	467	46,7
Қоғамдық-гуманитарлық	Заң	50	450	45,0
	Тарих, археология және этнология	50	405	40,5
	Философия және саясаттану	50	356	35,6

Екінші кесте бойынша биология және биотехнология факультеттің 4 курс студенттерінің осы сауалнамадағы сұрақтарға жауап беру деңгейі 64,6% құрады. Білімді бағалау шкаласы бойынша қанағаттанарлық деп бағаланды. Зерттеуге алынған басқа факультеттер студенттерінің сауалнамадағы сұрақтарға жауап беру деңгейі айтарлықтай жақсы болған жоқ, дұрыс жауаптардың орташа көрсеткіштері 35,6-46,4% аралығын құрады, орташа алғанда – 42,4%, биология және биотехнология факультеттің студенттерінің дұрыс жауап беру деңгейімен салыстырғанда 22,2% төмен болып шықты.

Салыстырмалы талдауда 1 және 4 курс студенттердің білімділік көрсеткіштерінің айырмашылығы қарастырылды (кесте 3).

3-кесте – 1 және 4 курс студенттердің сауалнамадағы дұрыс жауаптар деңгейінің өзара айырмашылығы

Білім беру бағыттары	Факультеттер	Дұрыс жауаптардың деңгейі,%		Айырмасы, %
		1 курс	4 курс	
Жаратылыстану – математикалық	Биология және биотехнология	54,5	64,6	10,1
	Химия және химиялық технология	38,8	46,4	7,6
	Физика-техникалық	44,0	40,1	-3,9
	Механика-математика	42,2	46,7	4,5
Қоғамдық-гуманитарлық	Заң	40,6	45,0	4,4
	Тарих, археология және этнология	39,0	40,5	1,5
	Философия және саясаттану	31,4	35,6	4,2

Үшінші кесте бойынша, 1 және 4 курс студенттерінің сауалнамаға дұрыс жауап беру деңгейінің өзара айырмашылығы, яғни 4 курсқа дейін студенттердің репродуктивті саулықты қалыптастыру саласында білім деңгейінің өзгеруін көруге болады. Биология және биотехнология факультеттің 4 курс студенттерінің дұрыс жауап беру деңгейінің 10,1% артуы байқалды. Басқа алты факультеттердегі студенттердің дұрыс жауап беру деңгейінің орташа айырмашылығы шамалы болды – 4,4% құрады. Салыстырмалы талдауда биология және биотехнология факультеттің 4 курс студенттерінің дұрыс жауап деңгейі басқа факультттетердегі студенттердің дұрыс жауап деңгейінен 2,3 есе артуы байқалды.

Төртінші кестеде 1 және 4 курс студенттердің сауалнамадағы берілген 20 сұрақтарға дұрыс жауаптардың орташа жиілігі көрсетілген.

4-кесте – 1 және 4 курс студенттердің дұрыс жауаптарының орташа жиілігі

Факультеттер	Дұрыс жауаптар жиілігі, M±m	
	1 курс	4 курс
Биология және биотехнология	10,86±0,45	12,92±0,37
Химия және химиялық технология	7,76±0,60	9,28±0,39
Физика-техникалық	8,80±0,43	8,10±0,39
Механика-математика	8,46±0,30	9,34±0,29
Заң	8,12±0,42	9,00±0,24
Тарих, археология және этнология	7,80±0,40	8,10±0,40
Философия және саясаттану	6,26±0,31	7,12±0,21

Төртінші кесте бойынша биология және биотехнология факультетіндегі 1 және 4 курс студенттердің дұрыс жауаптарының орташа жиілігі басқа факультеттердегі 1 және 4 курс студенттердің дұрыс жауаптарының жалпы орташа жиілігімен 7,87±0,41 және 8,49±0,32, сәйкес, салыстырғанда, 1,4 және 1,5 есе, сәйкес, артуы анықталды.

Жұмыс барысында арнайы элективті «Медициналық генетика» пәні оқылған «Биология» мамандығының 3 курс студенттердің бір тобы (13 студент) осы сауалнамаға қатысты. Суретте сауалнамаға жауап берген барлық 1 және 4 курс студенттердің және арнайы 3 курс студенттердің дұрыс жауаптарының орташа жиілігі салыстырмалы түрде көрсетілген.

Биология және биотехнология факультетінің 1 және 4 курс студенттердің дұрыс жауаптардың орташа жиілігінің арақатынасына қарағанда, «Медициналық генетика» пәні оқылған 3 курс студенттердің дұрыс жауаптарының орташа жиілігі 14,62±0,65 құрады. Осы факультетінің 1

және 4 курс студенттердің дұрыс жауаптарының орташа жиілігімен салыстырғанда 1,3 және 1,1 есе, сәйкес, артуы байқалды. Алынған нәтижелердің статистикалық сенімділігін анықтау үшін Манн-Уитнидің $U_{эмп}$ критерийі қолданды. 3 курс студенттердің дұрыс жауаптар деңгейі 1 және 4 курстардағы студенттердің дұрыс жауаптар деңгейімен салыстырғанда $U_{эмп}$=112,5 ($p<0,01$) және $U_{эмп}$=202,0 ($p<0,05$), сәйкес, құрады. Сонымен қатар, 3 курс биолог-студенттердің дұрыс жауаптар деңгейі басқа факультеттердегі 1 және 4 курс студенттердің дұрыс жауаптарының орташа деңгейімен салыстырғанда 1,9 және 1,7 есе артуы анықталды, яғни дұрыс жауаптар жиілігінің айырмашылығы статистикалық жағынан сенімді болатыны сөзсіз. Зерттеу жұмыста алынған нәтижелер бойынша репродуктивті саулықты қалыптастыруда медико-генетикалық білім алудың тиімділігі зор деп қорытынды жасауға болады.



Сурет – 1 және 4 курс студенттердің және 3 курстың арнайы топ студенттердің сауалнамаға дұрыс жауаптарының орташа саны

Ескерту. 1 – биология және биотехнология факультеті; 2 – химия және химиялық технология факультеті; 3 – физика-техникалық факультеті; 4 – механика-математика факультеті; 5 – заң факультеті; 6 – тарих, археология және этнология факультеті; 7 – философия және саясаттану факультеті

Қазіргі қоғамда адам баласы өмір сүруге және репродуктивті денсаулығын сақтауға құқылы болып келеді. Репродуктивті саулықты қалыптастыру еліміздегі демографиялық саясатта әйел адамдар мен ер адамдардың репродуктивті жүйесіне көңіл бөлуді қажет ететін жаңа аспектісі болып табылады. Демографиялық жағдайды жақсарту үшін адам баласының денсаулығы туралы дұрыс ақпаратты жеткізуге, жанұяны жоспарлау мәселесіндегі кеңестер, жүктілік кезіндегі медициналық көмек көрсету, пайда болған аурулардың, әсіресе тұқымқуалаушылық аурулардың диагностикасы, жұқпалы аурулардың профилактикасы, салауатты өмір салтын жүргізу туралы, зиян келтіретін әдеттен сақтану жолдарын насихаттау керек.

Қорытынды

Қазіргі кезде мемлекеттік білім беру жоспары бойынша ЖОО міндетті түрде әр түрлі мамандықтарды дайындауда студенттерге «Адамның тіршілік қауіпсіздігі» мен «Экология және тұрақты даму» деп аталған пәндері оқылады. Бұл пәндерден ЖОО білім беру мақсаты түсінікті – адам тіршілігіне қатысты, қоршаған ортаны, табиғатты сақтауға қатыс-

ты мәселелер қарастырылады. Бұл мәселелерді орындау ұлттық қауіпсіздікті сақтаудың басым шаралары [18].

Осы қатарда еліміздің барлық ЖОО-да студенттерге «Медициналық генетика негіздері» пәні міндетті түрде оқылуы керек деп ойлаймыз. Себебі, репродуктивті саулықты қалыптастыру саласында әр жанұяның білімділігі жоғары болса, келесі ұрпақтың саулығы қалыпты болады, еліміздің демографиялық күйі жақсарады, нәтижесінде ұлттық қауіпсіздік күшейеді [19].

Адам денсаулығы – адам өмірінің негізгі қуанышы, негізгі байлығы болып табылады. Репродуктивті саулықты қалыптастыру мәселелерін болдырмау үшін ЖОО барлық өскелең ұрпаққа медициналық-генетикадан білім беру керек.

Әдебиеттер

1 Доклад ВОЗ о состоянии здравоохранения в мире: «Уменьшение риска, содействие здоровому образу жизни». ВОЗ, 2002.

2 Давидян О. В., Давидян К. В. (2011) Планирование семьи и охрана репродуктивного здоровья. Молодой ученый, 1:256-257.

3 Аксем С.М. (2005) Научное обоснование организации работы гинекологического отделения стационара экстренной помощи в условиях медицинского страхования: автореф. дис. … канд. мед. наук, СПб., 18 с.

4 Бушмелева Н.Н. (2011) Репродуктивное поведение женщин Удмуртской Республики. 6:95-97.

5 Медведев А. (2010) Основы медицинской реабилитологии. Минск: Беларуская наука. ISBN: 978-985-08-1124-0.

6 Ньюссбаум Р.Л., Мак-Иннес Р.Р., Виллард Х.Ф. (2010) Медицинская генетика: учебное пособие. Москва: ГОЭТАР-Медиа, ISBN: 978-5-9704-2840-5

7 Бочков Н.П. (2008) Медицинская генетика. Москва: Academia. ISBN: 5-9231-0226-9.

8 Андреева Л.П., Кулешов Н.П., Мутовин Г.Р., Жилина С.С., Макарова В.П., Коровкина Е.А. (2007) Наследственные и врожденные болезни: вклад в детскую заболеваемость и инвалидность, подходы к профилактике, 3:8-14.

9 Имаммырзаев Е. (2013) Отбасын жоспарлау – болашық дені сау ұрпақтың кепілі, Аймақтық БАҚ, «Талас тынысы» газеті. 1:3.

10 Сидоренко Е.В. (2007) Методы математической обработки в психологии. СПб.:ООО «Речь», ISBN: 5-9268-0010-2

11 Рахматуллин Э.В. (2008) Медико-социальные аспекты рождаемости и репродуктивного поведения женщин в муниципальном районе: дис. ... канд. мед. наук: 14.00.33. Москва, 152 с.

12 Гаврилова Е.Г. (2003) Течение, исход беременности и профилактика осложнений у жителей г.Орла // Материалы V Российского форума «Мать и дитя». – М., С.45.

13 Ярыгина В.Н., Мелентьева А.С. (2010) Руководство по геронтологии и гериатрии. Том 3. Клиническая гериатрия. Под редакцией акад. РАМН, Москва, ГЭОТАР-Медиа, ISBN: 978-5-9704-1461-3.

14 Брынза Н.С. (2010) Научное обоснование инновационной модели медицинской помощи роженицам и родильницам, опирающейся на семейно-ориентированные технологии родовспоможения, автореф. дис. … докт. мед. наук. Москва, 44 с.

15 Закон Республики Казахстан от 16 июня 2004 № 565-II «О репродуктивных правах граждан и гарантиях их осуществления», ст.4, ст.5, ст.9, ст.11, ст.12, ст.13, ст.19.

16 Закон Республики Казахстан от 7 июля 2004 года № 581- II «О государственной молодежной политике в Республике Казахстан», ст. 5, ст.6, ст.10.

17 Кодекс Республики Казахстан от 18.09.2009 № 193-4 «О здоровье народа и системе здравоохранения», ст.96, ст. 98, ст. 102, ст. 104.

18 Закон Республики Казахстан О национальной безопасности Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 04.12.2015 г.).

19 Калимагамбетов А.М., Оразбаева А.О., Айташева З.Г. (2016) Репродуктивті саулықты қалыптастыру саласындағы медико-генетикалық білім алудың қажеттілігі. Материалы 46-й научно-методической конференции «Модернизация образовательных программ: Аккредитацияи гарантия качества подготовки кадров». Книга 1. Алматы, «Қазақ университеті». ISBN 978-601-04-1708-3

References

1 Report WHO of world health: Reducing risks, promoting healthy life [Doklad VOZ o sostoyanii zdravoohraneniya v mire: «Umen'shenie riska, sodejstvie zdorovomu obrazu zhizni»]. VOZ, 2002.

2 Davidyan O. V., Davidyan K. V. (2011) Family planning and reproductive health [Planirovanie sem'i i ohrana reproduktivnogo zdorov'ya]. Molodoj uchenyj. 1:256-257. (In Russian)

3 Aksem S.M. (2005) Scientific substantiation of the organization of the gynecological department of emergency hospital in the health insurance conditions [Nauchnoe obosnovanie organizacii raboty ginekologicheskogo otdeleniya stacionara ehkstrennoj pomoshchi v usloviyah medicinskogo strahovaniya] avtoref. dis. … kand. med. nauk . SPb., 18 s.

4 Bushmeleva N.N. (2011) The reproductive behavior of women of the Udmurt Republic [Reproduktivnoe povedenie zhenshchin Udmurtskoj Respubliki] 6:95-97. (In Russian)

5 Medvedev A. (2010) Basics of Medical Rehabilitation [Osnovy medicinskoj reabilitologii.] Minsk: Belaruskaya nauka. ISBN: 978-985-08-1124-0. (In Russian)

6 N'yussbaum R.L., Mak-Innes R.R., Villard H.F. (2010) Medical genetics [Medicinskaya genetika] uchebnoe posobie. Moskva: GOEHTAR-Media, ISBN: 978-5-9704-2840-5. (In Russian)

7 Bochkov N.P. (2008) Medical genetics [Medicinskaya genetika] Moskva: Academia. ISBN: 5-9231-0226-9. (In Russian)

8 Andreeva L.P., Kuleshov N.P., Mutovin G.R., ZHilina S.S., Makarova V.P., Korovkina E.A. (2007) Hereditary and congenital diseases: contribution to child morbidity and disability prevention approaches [Nasledstvennye i vrozhdennye bolezni: vklad v detskuyu zabolevaemost' i invalidnost', podhody k profilaktike] 3:8-14. (In Russian)

9 Imammyrzaev E. (2013) Family planning – guarantee the future generation [Otbasyn zhosparlau – bolashyқ deni sau ұrpaқtyң kepili] Ajmaқtyқ BAҚ, «Talas tynysy» gazeti. 1:3.

10 Sidorenko E.V. (2007) Methods of mathematical processing in psychology [Metody matematicheskoj obrabotki v psihologii]. SPb.:OOO «Speech», ISBN: 5-9268-0010-2. (In Russian)

11 Rahmatullin EH.V. (2008) Medical and social aspects of fertility and reproductive behavior of women in the municipal area [Mediko-social'nye aspekty rozhdaemosti i reproduktivnogo povedeniya zhenshchin v municipal'nom rajone] dis. ... kand. med. nauk: 14.00.33. Moskva, 152 s.

12 Gavrilova 12 EG (2003) The course, the outcome of the pregnancy and the prevention of complications in residents Oryol [Techenie, ishod beremennosti i profilaktika oslozhnenij u zhitelej g.Orla]// Proceedings of V Russian Forum «Mother and Child». – M., P.45. (In Russian)

13 Yarygina V.N., Melent'eva A.S. (2010) Guidelines for Gerontology and Geriatrics [Rukovodstvo po gerontologii i geriatrii] Tom 3. Klinicheskaya geriatriya. Pod redakciej akad. RAMN, Moskva: GEHOTAR-Media, ISBN: 978-5-9704-1461-3. (In Russian)

14 Brynza N.S. (2010) Scientific substantiation of innovative models of care delivery women, based on the family-oriented obstetrics technology [Nauchnoe obosnovanie innovacionnoj modeli medicinskoj pomoshchi rozhenicam i rodil'nicam, opirayushchejsya na semejno-orientirovannye tekhnologii rodovspomozheniya] avtoref. dis. … dokt. med. nauk. Moskva, 44 s.

15 Law of the Republic of Kazakhstan [Zakon Respubliki Kazahstan ot 16 iyunya 2004 № 565-II «O reproduktivnyh pravah grazhdan i garantiyah ih osushchestvleniya»] st.4, st.5, st.9, st.11, st.12, st.13, st.19.

16 Law of the Republic of Kazakhstan [Zakon Respubliki Kazahstan ot 7 iyulya 2004 goda № 581- II «O gosudarstvennoj molodezhnoj politike v Respublike Kazahstan»] st. 5, st.6, st.10.

17 Code of the Republic of Kazakhstan [Kodeks Respubliki Kazahstan ot 18.09.2009 № 193-4 «O zdorov'e naroda i sisteme zdravoohraneniya»] st.96, st. 98, st. 102, st. 104.

18 Law of the Republic of Kazakhstan [Zakon Respubliki Kazahstan O nacional'noj bezopasnosti Respubliki Kazahstan] (s izmeneniyami i dopolneniyami po sostoyaniyu na 04.12.2015 g.).

19 Kalimagambetov A.M., Orazbaeva A.O., Ajtasheva Z.G. (2016) The effectiveness of medical genetic education in the formation of reproductive health [Reproduktivti saulyқty қalyptastyru salasyndaғy mediko-genetikalyқ bilim aludyң қazhettiligi] Materialy 46-j nauchno-metodicheskoj konferencii «Modernizaciya obrazovatel'nyh programm: Akkreditaciyai garantiya kachestva podgotovki kadrov». Kniga 1. Almaty, «Қazaқ universiteti». ISBN 978-601-04-1708-3.

[1]Ниетбаева О.В.,
[2]Машрапова М.М.,
[2]Кунанбаева А.Б.,
[2]Кушманов Е.Е.,
[2]Керимбекова Г.Ж.,
[2]Мырзабаева Г.Б.,
[1]Тажединов И.

[1]Казахский научно-исследовательский институт онкологии и радиологии, Казахстан, Алматы
[2]Казахский Национальный медицинский университет им. С.Ж. Асфендиярова, Казахстан, Алматы

Картина периферической крови и красного костного мозга у крыс, получивших эквивалентную человеку радиоактивность «^{153}Sm-ЭДТМФ, раствор для терапии»

В статье приведены результаты испытаний на крысах нового отечественного остеотропного препарата «153Sm-ЭДТМФ, раствор для терапии», производства Института ядерной физики, предназначенного для радионуклидной терапии метастазов злокачественных опухолей и воспаления в костях. Изучались картина периферической крови и красного костного мозга у 7 испытуемых, с введенной дозой радиоактивности «153Sm-ЭДТМФ, раствор для терапии», эквивалентной человеку и 5 интактных контрольных крыс. Показатели медианы гемоглобина, цветной показатель, сегментоядерные нейтрофилы и лейкоциты были больше, а тромбоциты, моноциты, и лимфоциты меньше у испытуемых крыс, чем у контрольных. Отмечена тромбоцитопения, как один из признаков повреждающего эффекта радиации на организм, у крыс, получившие радиоактивность. В красном костном мозгу испытуемых крыс выявлено увеличение клеточности, изменения соотношений ростков кроветворения, расширение красного ростка, дисэритропоэз, увеличение числа мегакариоцитов. Тромбоциты отшнуровывались в достаточном количестве и тип кроветворения нормобластический, как у контрольных крыс.

Ключевые слова: радионуклидная терапия, метастазы в костях, экспериментальные испытания. эквивалентнаярадиоактивность, периферическаякровь, красныйкостныймозг.

---

[1]Nietbayeva O.V.,
[2]Mashrapova M.M.,
[2]Kunanbayeva A.B.,
[2]Kushmanov E.E.,
[2]Kerimbekova G.Zh.,
[2]Myrzabaeva G.B.,
[1]Tazhedinov I.

[1]Kazakh Rezarkch Institute Oncology and Radiology, Kazakhstan, Almaty
[2]Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Kazakhstan, Almaty

«^{153}Sm-EDTMP, solution for therapy» was tested on rats in the experimental study in radioactivity equivalent to human

The article presents the results of tests on rats new domestic osteotropic drug "153Sm-EDTMP, solution for therapy", produced by the Institute of nuclear physics, intended for radionuclide therapy of metastases of malignant tumors and inflammation in the bones. Studied the picture of peripheral blood and bone marrow in 7 subjects who entered the dose of radioactivity "153Sm-EDTMP, solution for therapy", is equivalent to man and 5 intact control rats. Indicators median hemoglobin, a color indicator, segmented neutrophils and leukocytes were higher and platelets, monocytes, and lymphocytes from subjects less rats than in the controls. Marked thrombocytopenia, as one of the signs of the damaging effect of radiation on the organism, in rats that received radioactive. In the red bone marrow of the subjects of the rats revealed an increase in cellularity, changes in the ratios of the germs of hematopoiesis, the extension of the red Rostock dyserythropoiesis, increased number of megakaryocytes. Platelets were ethnoregionalist in sufficient quantity and type of hematopoiesis normoblasticheskuyu as in the control rats.

Key words: radionuclide therapy, bone metastases, experimental study, equivalent radioactivity, periferal blood, bone marrow.

---

[1]Ниетбаева О.В.,
[2]Машрапова М.М.,
[2]Құнанбаева А.Б.,
[2]Кушманов Е.Е.,
[2]Керимбекова Г.Ж.,
[2]Мырзабаева Г.Б.,
[1]Тажединов И.

[1]Қазақ онкология және радиологии ғылыми зерттеу институты, Қазақстан, Алматы
[2]С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақтың Ұлттық медицина университеті, Қазақстан, Алматы

«^{153}Sm-ЭДТМФ, емдеуге арналған ертіндісінің» адамға эквивалентті радиоактивтілігі енгізілген егеуқұйрықтардың қан және кемік сүйектің қызыл майы құрамдары көрсеткіштері

Сүйектегі қатерлі ісік метастаздарын және сүйек-буын қабынуларын радионуклидтік терапияға арналған Ядролық физика институты (ЯФИ) шығарған отандық жаңа өнім «153Sm-ЭДТМФ, емдеуге арналған ертіндісін» егеуқұйрықтарға сынақтан өткізу. «153Sm-ЭДТМФ, емдеуге арналған ертіндісінің» адамға эквивалентті радиоактивтілігі енгізілген сынақтағы 7 егеуқұйрықтың қан құрамы мен кемік сүйегі қызыл майы көрсеткіштеріне әсері, интактілі бақылаудағы 5 егеуқұйрықтың көрсеткіштерімен салыстыра зерттелді. Егеуқұйрықтардың қан құрамы көрсеткіштерінің медианаларының айырмашылығы салыстырылды. Бақылаудағыларға қарағанда, сынақтардағы егеуқұйрықтарда гемоглобин, қанның түстік корсеткіші, сегментядерлы нейтрофилдер және лейкоцитттер біршама көбірек, ал тромбоциттер, моноциттер және лимфоциттер азырақ болды. Әсіресе, радиацияның организмге әсерін көрсететін негізгі белгісі – тромбоцитопения асқынған. Эритроциттер саны тең. Сынақтағы егеуқұйрықтардың кемік сүйегінің қызыл майында жасушалықтың көбеюі, гемопоэздің өскіндік қатынасының өзгеруі, қызыл өскіннің кеңеюі, дисэритропоэз, мегакариоциттардың көбеюі анықталды. Тромбоциттердің тізбегінің тарқалуы жеткілікті, гемопоэздің түрі өзгеріссіз, бақылаудағы топтағыдай, нормобластық.

Түйін сөздер: радионуклидтік терапия, сүйек метастаздары, эксперименттік сынақ, эквивалентная радиоактивность, қан құрамы, қызыл сүйек майы.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 615.849.2

[1*]Ниетбаева О.В., [2]Машрапова М.М., [2]Кунанбаева А.Б., [2]Кушманов Е.Е., [2]Керимбекова Г.Ж., [2]Мырзабаева Г.Б., [1]Тажединов И.

[1]Казахский научно-исследовательский институт онкологии и радиологии, Республика Казахстан, г. Алматы
[2]Казахский Национальный медицинский университет им. С.Ж. Асфендиярова, Республика Казахстан, г. Алматы
[*]E-mail: admin@ncc.org.kz

КАРТИНА ПЕРИФЕРИЧЕСКОЙ КРОВИ И КРАСНОГО КОСТНОГО МОЗГА У КРЫС, ПОЛУЧИВШИХ ЭКВИВАЛЕНТНУЮ ЧЕЛОВЕКУ РАДИОАКТИВНОСТЬ «^{153}SM-ЭДТМФ, РАСТВОР ДЛЯ ТЕРАПИИ»

Введение

Радионуклидная терапия (РНТ) или системная лучевая терапия – это лечение с введением в организм пациентов радиофармпрепаратов (РФП), излучающих β- или α-частицы радионуклидовили ими меченных соединений, избирательно накапливающиеся и облучающие очаги поражения. РФП, предназначенный для РНТ, должен обладать достаточной степенью повреждающим эффектом для патологического очага, а для «органа-мишени» изменения должны быть физиологически совместимыми с его жизнедеятельностью.

РФП воздействуя на патологические очаги «внутренним облучением», обеспечивает редукцию опухолевой инфильтрации и обезболивание [1, 2]. В РНТ метастазов злокачественных опухолей в костях и некоторых воспалительных заболеваний суставов применяются остеотропные РФП [3]. В настоящее время для РНТ метастазов в костях наибелее широко применяется ^{153}Sm-EDTMP (международное название). Молекулы этилендиаминтетраметиленфосфоната (EDTMP), под популярным названием оксабифор, транспортируют радионуклид β-эмиттер ^{153}Sm в кость, где больше всего накапливается. Препарат в нормальных костях больше всего включается в красном костном мозгу, а еще больше в метаболически активных очагах (опухоль или воспаление) ^{153}Sm-EDTMP, на что обоснована РНТ. Максимальная энергия β-излучения ^{153}Sm E_{β}=0,8 МэВ и средняя E_{β}=0,232 МэВ, 90%, проникающая способность на расстояние до 1 мм. В результате ионизирующего излучения происходит повреждение клеточных белков, приводящее к некрозу или апоптозу. Период полураспада ^{153}Sm $T_{1/2}$=46,7 часов (1,95 суток). Гамма-излучение с Eγ=103 кэВ (29%) позволяет провести сцинтиграфию, по которой можно определить распределение препарата в скелете и интенсивность накопления в патологических очагах в костяху пациента.

Впервые в Республике освоена технология получения «^{153}Sm-ЭДТМФ, раствор для терапии» (коммерческое название), производства Института ядерной физики Министерства энергетики (ИЯФ МЭ), который испытывался в эксперименте в лаборатории радионуклидной диагностики Казахского НИИ

онкологии и радиологии. Опухоли костей индуцировать в эксперименте практически невозможно из-за короткой физиологической жизни. Повреждающий эффект «^{153}Sm-ЭДТМФ, раствор для терапии» изучался на здоровых костях крыс. Для остеотропных РФП критическим органом, т. е. «органом-мишенью», является красный костный мозг и эндотелиальный слой кости [4]. Следовательно, воздействие РНТ можно оценить по изменениям картины в периферической крови и мазка красного костного мозга.

Материалы и методы исследования

Провести экспериментальное испытание на крысах нового отечественного РФП «^{153}Sm-ЭДТМФ, раствор для терапии», предназначенного для РНТ метастазов злокачественных опухолей в костях. При этом оценить повреждающий эффект по картине периферической крови и морфологии красного костного мозга у крыс, получивших эквивалентную человеку дозу для лечения метастазов в костях с «^{153}Sm-ЭДТМФ, раствор для терапии».

В сравнительном аспекте изучалась картина периферической крови и красного костного мозга у 7 испытуемых, получивших эквивалентную человеку радиоактивность «^{153}Sm-ЭДТМФ, раствор для терапии» и 5 интактных контрольных крыс зрелого возраста. Эквивалентную человеку для РНТ радиоактивностью «^{153}Sm-ЭДТМФ, раствор для терапии» 42,86 МБк/кг (4,286 МБк/100г) вводили крысам в хвостовую вену в пределах 10,72-12,86 МБк. Каждую крысу условно пометили и поместили в отдельную клетку до завершения испытания. В испытуемой группе, во избежание внешнего облучения, каждую крысу содержали в отдельной клетке, и клетки располагались на расстояние 1 метра. Интактные крысы контрольной группы расположили в клетки по 2 и 3 шт. Учитывая возможные потери, из-за введеной высокой радиоактивности, в испытуемой группе крыс было больше, чем в контрольной. Однако все крысы успешно выдержали испытание. В течение первой недели уборка клетки испытуемых крыс проводилась каждый день, отходы собирали в пластиковый пакети хранилив специальном хранилище радиоактиных отходов. В последующем, по мере снижения радиоактивности отходов при дозиметрическом контроле, постепенно снижали частоту уборки. Эти меры также направлены для снижения внешнего облучения крыс от собственных радиоактивных отходов. Срок испытания длился 9 месяцев и 9 дней от начала введения короткоживущего радионуклида ^{153}Sm, достаточный для определения выживаемости животных с короткой физиологической жизнью. После завершения испытания забивали обе группы крыс. Перед умершвлением брали кровь из вены хвоста на лабораторный анализ, после забивания – ткань красного костного мозга из нижнего метафиза бедренной кости для морфологического исследования.

Результаты исследования и их обсуждение

В результате экспериментального испытания установлен лучевой повреждающий эффект отечественного «^{153}Sm-ЭДТМФ, раствор для терапии» по показателям периферической крови и морфологическому изучению красного костного мозга крыс. Материалом доклинических исследований «^{153}Sm-ЭДТМФ, раствор для терапии» служили результаты анализа периферической крови, взятой перед умершвлением, а также изучения морфологии красного костного мозга нижнего метафиза бедренной кости, взятого во время забивания испытуемой и контрольной групп крыс.

Определялись разности медианы показателей периферической крови контрольной и испытуемой крыс.Результаты анализа периферической крови испытуемых (И) приведены в левой половинеиконтрольных (К) крыс в правой половине табл. 1 с определением медианы соответсвенно МК и МИ, а также разности между ними МК–МИ, достаточной для малой выборки [5]. Здесь особенно выражена тромбоцитопения, как один из признаков воздействия РНТ на организм, у крыс, получившие радиоактивность ^{153}Sm-ЭДТМФ. Показатели гемоглобина, цветной показатель, нейтрофилы сегментоядерные и лейкоциты были больше, а моноциты и лимфоциты меньше у крыс, получившие радиоактивность. Только содержание эритроцитов были одинаковы у сравниваемых крыс. Следовательно, в период завершения испытания одни показатели периферической крови были еще выраженными, например тромбоцитопения ($P<0,05$), другие менее выражены в виде тенденции увеличения или уменьшения ($P>0,05$), а отдельные, как эритроциты, уже восстановились.

В скелете ^{153}Sm-ЭДТМФ больше всего включается в губчатую кость, чем в компактную. Картина красного костного мозга у каждой испытуемой (И) крысы,которым введен «^{153}Sm-ЭДТМФ, раствор для терапии» в левой части табл.2 и контрольной (К) интактной крысы, приведена в правой части табл. 2. Нами в доступной литературе не найдены показатели нормы красного костного мозга для крыс и для надежности сравнения в последнем столбце табл. 2 приведен референтный интервал (РИ) для человека. В средней части табл. 2 приведено распределение показателей красного костного мозга которыйсоответствовал зоне референтного интервала (РИ) человекаи отклонения в большую (>) или меньшую (<) сторону от него у испытуемых и контрольных крыс. Впредпоследней строке таблицы определена их сумма (∑), последней – средние значения (∑/n). В зоне РИ показатели красного костного мозга уиспытуемых крыс составили 4,3 – меньше всего, чем в отклонении от него в вменшую (<) и большую (>) стороны от него.

Следовательно,у испытуемых крыс из-за воздействия ионизирующего излучения, отклонения изменений в кровтворной системе были в больших пределах. Так, отклонение от РИ у испытуемых крыс в большую сторону (>) было 4,71, в меньшую сторону (<) –5,0.У контрольных крысыпоказатели красного костного мозга чаще находилиь в зоне РИ (5) или в сторону меньшего от него (5,6). Видимо РИ у крыс правее, чем РИ у человека.

Из табл. 2 заметен сдвиг влево у испытуемых крыс, по сранению с контрольными. Все эти изменения характерны для активизации или подавления гемопоэза на воздействие лечебной радиоактивности. Трехстороннее сравнение испытуемых и контрольных крыс, а также референтного интервала для человека показывает повреждающее воздействие радиоактивности на кровотворную систему. Такое сравнение компенсирует отсутствие покаказателей нормы для крыс. Работа была связана с относительно высокой радиоактивностью при отсутствия специальных условий. Например при ранних сроках испытания, когда реакция кроветворной системы на радиацию была выражена, невозможно провести манипуляции, связанные с животными из-за их высокой радиоактивности. Тем не менее цель исследования достигнута. Животные перенесли эквивалентную радиоактивность для РНТ человека, при сохранении тенденции нарушения кроветворной системы до конца срока испытания.

Морфологическое описание костного мозга крыс испытуемой и контрольной групп приведено в табл. 3. При проведении исследования костного мозга крыс выявлены изменения в опытных образцах испытуемых крыс по сравнению с показателями контрольныхкрыс и референтного интервала для человека. Увеличивается клеточность костного мозга (испытуемые И3 и И5) или малоклеточность (И4). У4 испытуемых (И1, 2, 6, 7) крыс клеточность была умеренной, как у 3 контрольных (К2-4) крыс или как в референтном интервале человека в норме,которая должна быть умеренной, а не малой или обильной, У двух контрольных крыс клеточность была малой. Изменяется соотношение ростков кроветворения, например, в опыте И5 и И6 резко расширен красный росток 2,3:1, в норме у человека 1:3 или 1:4. Появляются признаки дисэритропоэза (И3), которых в норме не должно быть; появление их характерно для неглубоких изменений. Тип кроветворения остается без изменения, т.е. нормобластический, как в норме. Количество мегакариоцитов в поле зрения увеличивается, когда в норме они должны отсутствовать или быть не более 1 в поле зрения, тромбоциты отшнуровываются в достаточном количестве, как у контрольных крыс. Атипичные клетки или комплексы недифференцируемых клеток не обнаруживаются, что характерно для нормы. Из выше описанных признаков изменений красного костного мозга – обильноклеточность, дисэритропоэз, расширение зон красного ростка встречаются только у испытуемых крыс. Малоклеточность встречалась у одной испытуемой крысы И4 и у двух контрольных К1 и К5. Признаки нормы – умеренноклеточность, нормобластический тип кроветворения, отсутствие атипичных клеток были характерны для испытуемых и контрольных крыс, что характерно референтному интервалу красного костного мозга человека.

В вышеописанных изменениях возможны доля непосредственного и отсроченного эффекта воздействия РНТ, а также стадии восстановления. На пике воздействия у испытуемых крыс изменения в периферической крови и красном костном мозгу наверняка были выражены больше и глубже, которые наблюдаются в процессе клинико-лабораторного наблюдения при РНТ у больных.

Таблица 1 – Разница средных величин (М) анализа крови у испытуемых (И) и контрольных (К) крыс

№	Показатели	Номера испытуемых (И) крыс							ИМ	Номера контрольных (К) крыс					КМ	КМ-ИМ
		И1	И2	И3	И4	И5	И6	И7		К1	К2	К3	К4	К5		
1	Гемоглобин	125	128	140	110	120	103	113	119,86	135	118	99	101	140	118,6	-1,26
2	Эритоциты	4,5	5,0	5,0	3,7	4,1	4,2	4,0	4,36	4,2	5,0	3,6	4,2	4,8	4,36	0,00
3	Цвет	0,83	0,77	0,84	0,83	0,87	0,73	0,84	0,82	0,96	0,71	0,82	0,72	0,87	0,81	-0,03
4	Тромбоциты	120	400	137	130	270	120	137	168,1	300	160	300	300	350	282	113,9
5	Лейкоциты	4,0	6,0	12,0	10,0	9,0	4,7	7,0	7,53	9,0	5,0	6,0	5,0	4,0	5,8	-1,73
6	Нейтрофилы сег-ментоя-дерныk	60	52	30	20	25	45	70	43,1	35	30	40	40	50	39	-4,1
7	Моноциты	-	4	-	-	1	5	1	1,57	5	10	2	-	-	3,4	1,83
8	Лимфоциты	40	44	70	80	70	50	27	54,43	60	60	53	60	50	56,6	2,17

Примечания: М – медиана, ИМ – медиана показателей испытуемых крыс, КМ – медиана показателейконтрольныхкрыс, КМ-ИМ – их разности

Таблица 2 – Показатели пунктата в% красного костного мозга у испытуемых (И) и контрольных (К) крыс

№	Испытуемые (И) крысы											Контрольные (К) крысы							
	Показатель	И1	И2	И3	И4	И5	И6	И7	Отклонение от РИ или соответствие						К1	К2	К3	К4	К5	РИ
									>	РИ	<	>	РИ	<						
1	Бласты	-	-	4	1	-	-	-	2	5	0	1	4	0	-	-	-	4	-	-
2	Промиелоциты	8	5	5	5	5	4	1	5	2	0	3	1	1	2	18	8	-	5	1-4
3	Миелоциты	2	1	2	2	1	1	4	0	0	7	0	0	5	2	2	2	1	3	7-12
4	Мегамиелоциты	-	1	1	-	-	-	3	0	0	7	0	0	5	2	2	1	1	1	8-15
5	Палочкоядерные	8	5	10	4	1	10	5	0	0	7	0	0	5	8	4	3	4	3	13-24
6	Сегментоядерные	20	23	30	20	10	20	3	1	4	2	0	5	0	25	16	15	25	18	13-24
7	Эозинофилы	7	-	10	8	2	4	48	4	3	0	3	1	1	5	11	15	8	-	0,5-6
8	Базофилы	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	7	
9	Лимфоциты	41	25	10		10	15	2	3	2	2	2	3	0	12	15	18	10	10	5-14
10	Моноциты	3	5	4	5	1	4	-	4	2	1	3	2	0	3	2	5	5	5	1-3
12	Нормобласты базофильные	1	5	14	5	10	2	15	1	3	3	3	2	0	-	-	-	-	-	1,5-5
13	Нормобласты поли-хроматофильные.	-	-	-	30	-	-	4	1	0	6	3	2	0	-	-	-	-	-	9-17
14	Нормобласты оксифильные	-	-	-	-	-	-	-	0	7	0	0	5	0	-	-	-	-	-	-
15	Нормоциты полихромные	10	30	10	2	60	40	-	6	1	0	5	0	0	35	24	28	33	40	-
16	*Нормоциты оксифильные*	-	-	-	-	-	-	-				*2*	*3*	*0*	-	2	-	2	-	***9-17***
17	Лейкоциты/ Эритроциты	8,00	1,80	1,90	1,70	2,30	1,30	-	6	1	0	0	0	5	1,4	2,30	2,00	1,30	1,0	-
Сумма ∑									33	30	35	22	25	28						
Средное значение ∑/n									4,71	4,3	5,0	4,4	5,0	5,6						

Примечания: > – показатель с отклонением в большую, < – меньшую стороны или соответствие с зоной РИ для человека.

У крыс многие показатели постепенно востанавливаются в различные сроки после очищения от радиоактивности за счет выведения и распада радионуклида, как в клинической практике. Выявленные морфологические признаки красного костного мозга у крыс при жизни внешне не проявились. По физическим характеристикам крысы испытуемой группы не отличались от крыс контрольной. Изменения в периферической крови и красном костном мозгу, связанные с введенной радиоактивностью, были совместимы с жизнью и не влияли на физическое развитие испытуемых крыс.

Таблица 3 – Морфологическое описания костного мозга у испытуемых и контрольных крыс

№ крыс	Испытуемые крысы	Контрольные крыс
1	Умеренноклетчный, гранулоцитарный росток расширен, мегакариоциты 0-1-2-3- в поле зрения с отшнуровкой тромбоцитов	Малоклеточный, подсчет произведен на 100 клеток, красный росток незначительно расширен, мегакариоциты единицы в препарате с отшнуровкой тромбоцитов
2	Умеренноклеточный, соотношение ростков и созревание клеток не нарушены, мегакариоциты единицы в препарате с отшнуровкой тромбоцитов	Умеренноклеточный, соотношение ростков и созревание клеток не нарушены, мегакариоциты 0-1-2- в поле зренияс отшнуровкой тромбоцитов
3	Клеточный, дисэритропоэз, соотношение ростков и созревание клеток не нарушены, мегакариоциты 0-1-2-3- в поле зрения	Умеренноклеточный, соотношение ростков и созревание клеток не нарушены, увеличение количества эозинофилов, мегакариоциты 0-1-2- в поле зренияс отшнуровкой тромбоцитов
4	Малоклеточный, соотношение ростков и созревание клеток не нарушены, мегакариоциты 0-1-2- в поле зрения с отшнуровкой тромбоцитов	Умеренноклеточный, резкое расширение красного ростка, мегакариоциты единицы в препарате с отшнуровкой тромбоцитов
5	Обильноклеточный, резкое расширение красного ростка, мегакариоциты 0-1-2- в поле зрения с отшнуровкой тромбоцитов	Малоклеточный, расширение гранулоцитарного ростка, мегакариоциты единицы в поле зрения
6	Умеренноклеточный, красный росток незначительно расширен. Нормобластический тип кроветворения, мегакариоциты 0-1-2- поле зрения с отшнуровкой тромбоцитов	
7	Умеренноклеточный, соотношение ростков и созревание клеток не нарушены, мегакариоциты 0-1-2-3- в поле зрения с отшнуровкой тромбоцитов	
Референтный интервал	Пунктат номального красного костного мозга человека умеренноклеточный, соотношение лейкоциты/эритроциты от 2:1 до 4:1. Тип кровотворения нормобластический. Количество мегакариоцитов 1-2 в поле зрении с отшнуровкой тромбоцитов в достаточном количестве. Отсутствие атипических клеток.	

На рис. приведены качественные признаки изменения картины красного костного мозга у испытуемых крыс в виде дисэритропоэза (а) и расширение красного ростка (б), по сравнению с нормой (в). Эти изменения, вызванные с введением эквивалентного человеку радиоактивности остеотропного терапевтического препарата «^{153}Sm-ЭДТМФ, раствор для терапии», жизненно не опасные, и в последующем могут восстановиться без специально направленных лечебных мер.

Остеотропные препараты накопливаются в прямой зависимости от метаболизма костной ткани. Метаболизм в очагах метастазов и воспаления в костях всегда больше, чем в здоровой костной ткани, за счет чего слагается терапевтический интервал. Следовательно, воздействие остеотропных РФП на патологические очаги будет в большей степени, чем на здоровую костную ткань. Разница накопления РФП между здоровой костью и патологическим очагом должна коррелировать с терапевтическим эффектом.Чем интенсивнее включается препарат, тем больше должна быть доза «внутреннего облучения» очага. В тоже время на терапевтический интервал может внести свои коррективы радиочувствительность опухолевых клеток. Как все виды лечения, РНТ также может подавлять кроветворную систему и вызывать резистентность.



а б в

Рисунок – Дисэритропоэз (а), расширение красного ростка (б), по сравнению с нормой (в).

Заключение

Предназначенный для радионуклидный терапии РФП должен обладать достаточной степенью повреждающим эффектом для патологического очага, а для «органа-мишени» изменения должны быть клинически совместимыми с его жизнедеятельностью. В радионуклидной терапии метастазов злокачественных опухолей в костях и некоторых воспалительных заболеваний суставов применяется остеотропный радиофармпрепарат. Для оценки повреждающего эффекта испытуемым 7 крысам вводили эквивалентную для человека лечебную радиоактивность испытуемого препарата «^{153}Sm-ЭДТМФ, раствор для терапии». Интактные 5 крыс составли контрольную группу. После завершения срока испытания, была изучена картина периферической крови и красного костного мозга из нижнего метафиза бедренной кости испытуемых и контрольных крыс. Повреждающий эффект от эквивалентной для человека дозы радионуклидной терапии наблюдался в виде тромбоцитопении в периферической крови, морфологических изменений в красном костном мозгу в виде увеличения клеточности костного мозга, дисэритропоэза, увеличения тромбоцитов, резкого расширения красного ростка у испытуемых крыс, по сравнению с контрольными крысами и референтным интервалом показателей человека. Эти изменения в кровотворной системе внешних проявлений не имели, и на общем состоянии и физическом развитии испытуемых не отражались. Установлены хорошая переносимость и безопасность для жизни крыс «^{153}Sm-ЭДТМФ, раствор для терапии», введенной внутривенно с радиоактивностью, эквивалентной для лечения метастазов рака в костях у человека.

Выводы

1. Повреждающий эффект «^{153}Sm-ЭДТМФ, раствор для терапии» эквивалентной человеку радиоактивностью проявился в показателях периферической крови и красного костного мозга у крыс.

2. Изменения в периферической крови и красном костном мозгу, связанные с введенной радиоактивностью, испытуемые крысы перенесли без внешних проявлений.

3. «^{153}Sm-ЭДТМФ, раствор для терапии», производства ИЯФ РК можно рекомендовать к клиническим испытаниям.

Литература

1 Цыб А.Ф., Дроздовский Б.Я. Радионуклидная терапия. Опыт, проблемы, перспективы. Атомная стратегия XXI, декабрь.–2003.–14 с.

2 Наркевич Б.Я., Ширяев С.В. Методические основы радионуклидной терапии. // Мед.радиол. рад. безопасность, –2003. –49.–№ 5.–С. 35–44.

3 Радионуклиды для терапии. В кн.: Ядерная медицина. Учебное пособие. I часть. Переводс немец. Под ред. к.м.н. О.Е. Шлыгиной, А.Р. Борисенко. –Алматы, 2008.–С.38-39.

4 Терапия открытыми радиоактивными веществами. В кн.: Ядерная медицина. Учебное пособие. II часть. Переводс немец. Под ред. к.м.н. О.Е. Шлыгиной, А.Р. Борисенко. –Алматы,2008.–С.273-278.

5 Основы статистического анализа и его применения в медицине и общественном здравоохранении. Учебно-методическое пособие по курсу «Общественное здравоохранение». –Алматы, 2003. –60 с.

References

1 Tsyb A.F., Drozdovskii B.Y. Radionuclide therapy. Experience, mail aspects, perspectives. Atom Strategy of XXI, december. –2003. –14 p.

2 Narkevich B.Y., Shiryaev S.V. Methodical base of radionuclide therapy. // Medical radiology and radiological safety, –2003. –49. –№ 5. –P. 35–44.

3 Radionuclide therapy. Nuclear Medicine. Teaching file. Book I. Translated from Dutch by O.E. Shlygina, A.R. Borisenko. –Almaty, 2008.–P. 38-39.

4 Therapy with open source radiation. Nuclear Medicine. Teaching file. Book II. Translated from Dutch by O.E. Shlygina, A.R. Borisenko.–Almaty, 2008. –P. 273-278.

5 Fundamentals of statistic analysis and use in medicine and public health. Teaching file in Public health. – Almaty, 2003. – 60 p.

Төленова Қ.Д., Кулбаева М.С., Тулеуханов С.Т., Швецова Е.В., Атанбаева Г.К., Әбдіғаппар А.Е., Қамзақызы Ш.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы

Бүйрек ауруына шалдыққан жасөспірімдердің биологиялық активті нүктелердің биофизикалық қасиетін зерттеу

Бүйрек жетіспеушілігі кезінде негізінен бүйрек ұлпаларының жұмысы бұзылады, соның салдарынан зат алмасу кезінде іріктелген улы заттардың ағзадан шығарылуы баяулайды. Денсаулық сақтау қауымының негізгі мәселелеріне айналған бұл сұрақ біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігін көрсетеді. Өйткені ағзаның және мүшелердің физиологиялық күйіне диагностика жасауға бионүктелердің биофизикалық, физиологиялық көрсеткіштері жақсы ақпарат көзі болып табылады. Зерттеу жұмысына қалыпты және бүйрек ауруына шалдыққан оқушылар қатысты, олар екі топқа топтастырылды, бұл топтардағы оқушылардың ағза терісіндегі биологиялық активті нүктелердің температуралық көрсеткіштері зерттелді. Температуралық көрсеткіштерді тіркеу «Биотемп-2» аспабында орындалды. Зерттеу нысанына ағзаның тері бетіндегі адамның оң жақ және сол жақ бөліктерінде симметриялы орналасқан стандартты жүрек, өкпе, тоқ ішек, бүйрек, қуық, бауыр, көк бауыр меридиандарының ішінен биологиялық активті нүктелер жинақталып алынды. Алынған нәтижелер бойынша қалыпты жағдайдағы және бүйрек ауруына шалдыққан оқушылардың оң жақ және сол жақ бионүктелердің температуралық көрсеткіштерінде аса айқындалған айырмашылық байқалмады. Қалыпты және патология топтарын салыстырғанда бүйрек, қуық, бауыр, көк бауыр, өкпе меридиандарының бионүктелерінде статистикалық сенімділікпен дәлелденген айырмашылық тіркелді.

Түйін сөздер: биологиялық активті нүктелер, биофизикалық қасиеттер, бүйрек динамикасы, жасөспірім, температура.

Tolenova K.D., Kulbaeva M.S., Tuleukhanov S.T., Shvetsova E.V., Atanbaeva G.K., Abdigappar A.E., Kamzakyzy Sh.

Kazakh National University named after al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

Study of biochemical indicators of biologically active points in adolescents with renal insufficiency

The renal failure is the partially or totally lost ability of the kidneys to form and (or) to allocate the urine and as a result. According to the literature it is known that changes in the biophysical properties of biologically active points of the body is determine of the physiological state, interconnected and dependent on them. The survey involved students aged 15-16. They were divided into two groups: the first - the state of the body is normal and the second - with kidney disease. We investigated the temperature readings ABC on the skin at the school. Temperature readings were recorded on "Biotemp-2" device. Data were collected on a standard 8 biologically active point of the different meridian arranged symmetrically on the right and on the left side of all the participants of the experiment. These values were statistically processed and determined by Student's t-test. Seen little change of temperature indicators of biological active points of the subjects in both normal and with kidney disease. Thus, on the basis of experimental data, it can be argued that kidney failure indicates adverse effects on the physiological state of other organs, as shown by changes in temperature values in biologically active points different meridians.

Key words: biological active points, biophysical property, renal dynamics, teenagers, temperature.

Толенова Қ.Д., Кулбаева М.С., Тулеуханов С.Т., Швецова Е.В., Атанбаева Г.К., Әбдіғаппар А.Е., Қамзақызы Ш.

Казахский национальный университет им.аль-Фараби, Казахстан, Алматы

Исследование биофизических показателей биологически активных точек у подростков с почечной недостаточностью

Почечная недостаточность – это патологическое состояние, при котором частично или полностью утрачивается способность почек образовывать и (или) выделять мочу, и, как следствие, развиваются серьезные нарушения организма. Биофизические и физиологические показатели биоактивных точек могут быть хорошим информационным источником о состоянии организма и его физиологических показателях. В обследовании участвовали школьники 15-16 лет. Они были разделены на две группы: первая - состояние организма в норме и вторая - с патологией почек. Исследовались температурные показатели БАТ на приборе «Биотемп-2» на коже у школьников. Данные были собраны по стандартным биологическим активным точкам из разных 8 меридианов (сердца, легких, печени, селезенки, почек и других), расположенные симметрично с правой и в левой стороны у всех участников эксперимента. Замечены незначительные изменения температурных показателей биологических активных точек у испытуемых как в норме, так и при патологии почек. У школьников с почечным недостаточностью по сравнением с остальными меридианами в меридиане почек, мочевого пузыря, печени, селезенки, легких пониженная температура биологических активных точек.

Ключевые слова: биологические активные точки, биофизические свойства, подростки, почечная динамика, температура.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 612.563

***Төленова Қ.Д., Кулбаева М.С., Тулеуханов С.Т., Швецова Е.В., Атанбаева Г.К., Әбдіғаппар А.Е., Қамзақызы Ш.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: Tolenovakarakoz_92@mail.ru

БҮЙРЕК АУРУЫНА ШАЛДЫҚҚАН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ АКТИВТІ НҮКТЕЛЕРДІҢ БИОФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТІН ЗЕРТТЕУ

Кіріспе

Әрбір адамның денсаулығы оның толыққанды тіршілік етуін ғана емес, сонымен қатар оның мүмкіндіктерінің әлеуетін анықтайтын факторға айналып отыр. Халық денсаулығы жағдайының деңгейі өз кезегінде, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және индустриялық даму шамасын айқындайды. Медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін, сапасы мен сабақтастығын қамтамасыз етуге қызмет ететін бірыңғай дамыған, әлеуметтік бағдарланған жүйені білдіретін денсаулық сақтау саласы халық әл-ауқатының орнықты және тұрақты өсуі тұрғысынан алғанда республикадағы негізгі басымдықтардың бірі болып табылады. Салауатты өмір салты – адамдардың денсаулығын сақтап, нығайтуға, салауаттандыруға арналған мінез-құлқы тәрбиесі, тек медициналық емес, сонымен қатар өндіріс пен өндірістік қатынастардың дамуына байланысты болып келетін әлеуметтік-экономикалық категория, жеке адамның тіршілік жағдайын денсаулығына сәйкес таңдауы, яғни жеке әлеуметтік топтар мен жалпы қоғамның жоғары гигиеналық мәдениеті [1-3].

Қазіргі кезде, жоғарғы сынып оқушыларында бүйрек жетіспеушілігі өте жиі кездесуімен алаңдатып отыр. Бүйрек жетіспеушілігі кезінде негізінен бүйрек тіндері, ұлпалары бүлініп, оның жұмысы бұзылады. Сондықтан зат алмасу кезінде іріктелген улы заттардың ағзадан шығарылуы баяулайды, бірте–бірте ағза улана бастайды.

Әдеби деректерден бүйректердің организм үшін маңызы өте зор екені белгілі. Олар: біріншіден, азот – зат алмасуының ең соңғы өнімдерін бөліп шығарушы негізгі ағзалар болып есептеледі, екіншіден, ішкі орта тұрақтылығын, әсіресе қышқылды-сілтілі тепе-теңдікті реттеуге тікелей қатынасады; үшіншіден бүйрек шумақтарында (юксто-гломерулалы аппараттарында) қан қысымын реттейтін ренин бөліп шығарылады [4-9].

Бұл дерттің пайда болуына тұқым қуалайтын туа-бітті дерттер, гломерулонефрит, пиелонефрит сияқты бүйрек аурулары, қант диабеті, артериялық қан қысымының жоғарылауы сияқты эндокриндік және қан тамырлары дерттері, урологиялық аурулар, уланудан болған ішкі жарақаттар әсер етуі мүмкін.

Бүйрек тамырлы ағза мүшесі болғандықтан тамыр жұмысын бүлдіретін кез келген ауру оның жұмысына зиянды әсерін тигізе алады. Бүйрек жетіспеушілігінің алғашқы кезеңінде ауру белгілері онша білінбейді, ал ол асқына келе ақырында адам өміріне үлкен қауіп төндіреді [8-12].

Жасөспірімдер ағзасынан бүйрек жетіспеушілігінің жедел-өтпелі түрін биологиялық активті нүктелер өзгерісі арқылы дер кезінде анықтап, дұрыс нұсқау жасау арқылы дәрігерге жолдаған жағдайда, айықтыруға болады, керісінше жағдайда ол созылмалы түрге айналады [13].

Биологиялық активті нүктелер – денедегі ерекше нүктелер. Арнайы өзінің анатомиялық құрылымы болмаса да, олар орналасқан ортаның биопотенциалы, электрөткізгіштігі жоғары, ал электрлік кедергісі төмен, тітіркеністерге, жарыққа өте сезімталды келеді. Биологиялық активті нүктелерден оттегі жедел сіңіріліп, көмір қышқыл газы тездетіп шығарылады. Адам денесінде 700-1000 биологиялық активті нүктелер табылған. Олар белгілі бір жүйемен орналасқан, әрқайсысы белгілі бір мүшемен байланысқан [14-16].

Бұл ағзадағы биологиялық активті нүктелерді диагностикалық мақсатта қолдану ең алдымен инвазивті емес, жылдам және зиянсыз, сонымен қатар, залалсыз болып келеді. Сонымен қатар ағзаның физиологиялық күйін тексеру барысында қажетті ақпараттарды алуға, бұл ақпараттарды диагностика мақсатында қолдануға, емдеу процедурасы ретінде ықпал етуге мүмкіндік береді [17-18].

Бүйрек ауруына шалдыққан жастардың басқа мүшелерінің физиологиялық күйіне кері әсерін зерттеу қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ал, ағза терісіндегі биологиялық активті нүктелердің биофизикалық қасиеттері бойынша бұл ауруға шалдыққан жастарда бүйрек жетіспеушілігінің басқа мүшелерге тигізетін әсерін анықтау жұмыстың алғаш рет жасалып отырғанын көрсетеді. Алғаш рет жасалудағы методика өзінің нақты нәтиже беретіндігімен оңтайлы болып келеді.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Ағзадағы тері бетіндегі биологиялық активті нүктелердің температуралық көрсеткішін зерттеуге арналған жұмыс әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның биология және биотехнология факультетінің биофизика және биомедицина кафедрасының «Хронобиология және экологиялық физиология» ғылыми зертханасында орындалды. Зерттеу жұмысына 15-16 жастағы оқушылар алынды. Жалпы 10 жасөспірім болды, олар 2 топқа топтастырылды. Бірінші топта жалпы дені сау, бүйрек жетіспеушілігі жоқ 5 оқушылар және жалпы дені сау, бүйрек жетіспеушілігі бар 5 оқушылар қатысты.

Жұмыс жасау барысында ағзаның тері бетіндегі бүйрек функциясымен байланысы болатын стандартты меридиандардың ішінен сипаттамалары белгілі 8 биологиялық активті нүктелер жинақталып алынды, олар: жүрек меридианынан C7 Шэнь-Мэнь, өкпе меридианынан P9 Тай-Юань, тоқ ішек меридианынан GI4 Хэ-Гу, бүйрек меридианынан R1 Юн-Цюань және R2 Жань-Гу, қуық меридианынан V67 Чжи-Инь, бауыр меридианынан F2 Син-Цзянь, көк бауыр меридианынан RP2 Да-Ду нүктелері. Ағзада осы нүктелер симметриялы орналасқандықтан, оң жақ бөлікте орналасқан нүктелер: 1 – C7 Шэнь-Мэнь; 2 – P9 Тай-Юань; 3 – G14 Хэ-Гу; 4 – R1 Юн-Цюань; 5 – R2 Жань-Гу; 6 – V67 Чжи-Инь; 7 – F2 Син-Цзянь; 8 – RP2 Да-Ду, сонымен қатар, сол жақ бөлікте орналасқан нүктелер: 1 – C7 Шэнь-Мэнь*; 2 – P9 Тай-Юань*; 3 – G14 Хэ-Гу*; 4 – R1 Юн-Цюань*; 5 – R2 Жань-Гу*; 6 – V67 Чжи-Инь*; 7 – F2 Син-Цзянь*; 8 – RP2 Да-Ду* болып белгіленді. Биологиялық активті нүктелердің (БАН) нақты анатомиялық топографиясы жоқ болғандықтан, зерттеуге алынған меридиандардың әрбір бионүктелерінің сипаттамасы беріліп отыр: C7 Шэнь-Мэнь – кәрі жілік-білезік қатпарының шынтақ жағында, алақанды бүгетін шынтақ бұлшықетінің сіңірінің шынтақ жағына жақын; P9 Тай-юань – проксимальді кәрі жілік-білезік қатпарының кәрі жіліктік соңында, кәрі жілік сүйегінің бізтәрізді өсіндісінен сәл төменірек; GI4 Хэ-Гу – I және II алақан сүйектерінің арасында, II алақан сүйегінің ортасына жақын, шұңқырда; R1 Юн-цюань – табан ортасында, терең орналасқан II және III табан саусақтарының бүгілуінен пайда болған, артқы шеткі табанға дейін 1/3 қашықтықта; R2 Жань-гу – төменгі шеттен алға қарай үңілген табан сүйегінің ортасында; V67 Чжи-инь – ең соңғы табан саусағының астыңғы тырнақ бөлімінің сол жақ шетінде; F2 Син-цзянь – бірінші және екінші табан саусақтарының ортасында орналасқан [19-20].

Екі топтағы студенттердің зерттеуге алынған тері бетіндегі биологиялық активті нүктелердің температуралық көрсеткіштері зерттелді, температуралық көрсеткіштерді тіркеуге арнайы «Биотемп-2» приборында орындалды. «Биотемп-2» приборының температуралық датчи-

гінің сезімталды элементі ретінде СТЗ-14 ОЖО.468.215ТУ терморезисторы саналады, температураның өлшеу диапазоны +50°С-ге дейін, өлшеу қателігі 0,1%.

Алынаған мәліметтер статистикалық өңдеуден өтті, Стьюденттің t- критериясы бойынша анықталды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Зерттеу жұмыстарының нәтижелерін сараптамадан өткізе келе, мынадай қорытындыға көз жеткізілді. 1-суретте қалыпты жағдайдағы және патология кезіндегі оқушылар денесінің оң жақ бөлігінде орналасқан биологиялық активті нүктелерінің температуралық көрсеткіштерін салыстыруға мүмкіндік беретін гистограммасы көрсетілген.

Бүйрек патологиясына ұшыраған ағзадағы бионүктелердің температуралық көрсеткіштері: С7 Шэнь-Мэнь – 27,8±0,3°С, С7 Шэнь-Мэнь* – 28,9±1,0°С; Р9 Тай-Юань – 28,9±1,0°С, Р9 Тай-Юань* – 30,0±0,8°С; G14 Хэ-Гу – 29,3±1,0, G14 Хэ-Гу* – 29,0±2,0°С; R1 Юн-Цюань 27,2±1,4°С, R1 Юн-Цюань* 27,8±0,3°С; R2 Жань-Гу 27,5±0,2°С , R2 Жань-Гу* – 27,2±0,6°С; V67 Чжи-Инь – 24,2±2,8°С , V67 Чжи-Инь* 23,7±1,9°С; F2 Син-Цзянь – 26,5±1,7 , F2 Син-Цзянь* – 26,7±1,3°С; RP2 Да-Ду – 26,2±1,8°С, RP2 Да-Ду* – 26,7±1,0°С тең болды.

Қалыпты жағдайдағы және бүйрек жетіспеушілігі кезіндегі жасөспірімдердің ағзасындағы оң жақ бөлігінің биоактивті нүктелерін өзара салыстырғанда, 4 меридианның бионүктелерінде 5 – R2 Жань-Гу, 6 – V67 Чжи-Инь, 7 – F2 Син-Цзянь, 8 – RP2 Да-Ду төмендеген температурасы статистикалық дәлдікпен сенімділікті береді ($p<0,05$), ал қалған бионүктелердің көрсеткіштері бір-бірінен аса қатты айырмашылықты байқатпады (1-сурет). Бүйрек жетіспеушілігіне ұшыраған студенттердің бүйрек ауруы ағзадағы басқа мүшелердің физиологиялық күйіне кері әсерін көрсетеді. Өкпе, бүйрек, қуық, бауыр, көк бауыр мүшелерінің меридиандарынан алынған бионүктелердің қалыпты жағдайдан температуралары төмендегеніне қарағанда, бұл мүшелерде функциялауға қажетті өмірлік Чи энергиясының қалыптыдан төмендегенін көрсетеді. Жасөспірімдер тек қана бүйрек ауруына ғана көп көңіл аударып қоймай, аталған мүшелердің де саулығына назар аударуы керек. Қажет болса емдік процедурасын дер уақытында бастағаны да дұрыс.



1 – С7 Шэнь-Мэнь, 2 – Р9 Тай-Юань, 3 – G14 Хэ-Гу, 4 – R1 Юн-Цюань, 5 – R2 Жань-Гу, 6 – V67 Чжи-Инь, 7 – F2 Син-Цзянь, 8 – RP2 Да-Ду.

1-сурет – Қалыпты жағдайдағы және патология кезіндегі оқушылар денесінің оң жақ бөлігінде орналасқан тері бетіндегі БАН-ның температуралық көрсеткіштері

Қалыпты ағза мен бүйрек патологиясы бар ағзаның сол жақ бөлігінде орналасқан БАН-ның температуралық көрсеткіштерін салыстырып қарағанда кей меридиандардың бионүктелерінде аса қатты айырмашылық байқала қойған жоқ, ал кейбіреулерінде үлкен өзгерістерді көрсетті. Қалыпты жағдаймен салыстырғанда өзгеріске ұшыраған тоқ ішек меридианының GI4 Хэ-Гу* бионүктесі, бүйрек меридианының R2 Жань-Гу* бионүктесі, қуық меридианының V67 Чжи-Инь* бионүктесі, бауыр меридианының F2 Син-Цзянь* бионүктесі, көк бауыр меридианының 8 – RP2 Да-Ду* бионүктесі статистикалық дәлдікпен анықталды ($p<0,05$) (2-сурет). Қуық меридианынан таңдап алынған V67 Чжи-Инь* бионүктесінде статистикалық сенімділік аса жоғары дәрежеде көрсетіліп отыр, яғни бұл меридианның бионүктесі бүйрек патологиясының жағдайымен тығыз байланысты.

Қалыпты жағдаймен салыстырғанда патология тобында өзгеріске ұшыраған бионүктелердің әдеби деректерде берілген сипаттамасына тоқталып өтсек, тоқ ішек меридианының GI4 Хэ-Гу* бионүктесінің көрсетілімдері: бет жүйкесінің невриті, ауыздың мимикалық бұлшықеттерінің парезі, қабақтар птозы; тіс ауруы, жақсүйек қарысуы, бас ауруы; мұрыннан қан кету, құлақтың шулауы, саңыраулық, тамақтың сілемейлі қабатының ауруы мен ісінуі; саусақтардың сіресуі, қардың сыртқы беткейінің ауруы; қатты тоңып қалу кезіндегі қалтырау жағдайы, терлеу; аменорея (етеккірдің тоқталуы). Бүйрек меридианының R2 Жань-Гу* бионүктесінің көрсетілімдері: Ци және Ян бүйрек жетіспеушілігі, импотенция, бедеулік, жатырдың төмен орналасуы, вульва қышымасы, гонорея, зәр шығару жүйесінің функциясының ауырсынуы, зәр шығарудың қиындауы. Қуық меридианының V67 Чжи-Инь* бионүктесінің көрсетімдері: тай-ян қуық каналының ауруларынан болатын бас және бет ауырсынулары, бас ауруы, шүйде және төбе аурулары, бас ауырсынудың болуы, мұрыннан қан кетуі, бельмо, көз ауырсынуы. Бауыр меридианының F2 Син-Цзянь* бионүктесінің көрсетілімдері: бас ауруы, бас айналуы, қабырға астындағы ауырсыну, ауырсыну, көздің ісігі, қызару, глаукома, шөлдеу, тітіркеніштік, эпилепсия, ұйқысыздық, тас кереңдік. Сонымен бұл бионүктелерге емдік немесе профилактикалық әсер беру арқылы жоғарыда сипатталған көрсетілімдердің алдын алу шарасын жасауға болады.



1 – C7 Шэнь-Мэнь*; 2 – P9 Тай-Юань*; 3 – G14 Хэ-Гу*; 4 – R1 Юн-Цюань*; 5 – R2 Жань-Гу*; 6 – V67 Чжи Инь*; 7 – F2 Син-Цзянь*; 8 – RP2 Да-Ду*

2-сурет – Қалыпты жағдайдағы және патология кезіндегі оқушылар денесінің сол жақ бөлігінде орналасқан тері бетіндегі БАН-ның температуралық көрсеткіштері.

Тоқ ішек, бүйрек, көк бауыр меридиандарының биологиялық активті нүктелері қалыпты жағдайындағы бионүктелерден аса қатты ауытқымаса да, статистикалық сенімділікпен қалыпты жағдайдағы температуралық көрсеткіштерден өзгерген.

Бұл жерде ескеретін бір ерекшелік дененің оң жақ бөлігінде орналасқан өкпе меридианының 2 – P9 Тай-Юань бионүктесі қалыпты жағдайдан ауытқыған өзгерісі тіркелсе, сол жақ бөлігінде орналасқан 2 – P9 Тай-Юань* бионүктесінде ол өзгеріс байқалмады. Сонда өкпе меридианының физиологиялық күйіне бүйрек ауруының кері әсері қауіпті еместігін көрсетеді. Оң жақ бөлігінде орналасқан өкпе меридианының биологиялық активті нүктесіндегі сенімділікпен расталған өзгерістің өзінде айтарлықтай ауытқушылық байқалмайды, кішкене ғана температуралық өзгеріске ұшыраған.

Қалыпты жағдайда жасөспірімдердің ағзасындағы оң және сол жақта симметриялы орналасқан тері бетіндегі 8 биологиялық активті нүктелерінің температурасы салыстырып сараптама жүргізетін болсақ, температуралық көрсеткіш оң жақ бөлігінде орналасқан бионүктелер 28,4±0,4 ÷ 30,4±1,8°С аралықтарында, ал сол жақ бөлігінде орналасқан бионүктелердің температуралық көрсеткіштері 28,4±2,3 ÷ 29,8±0,8°С аралықтарында тербеледі (1, 2-сурет). Дененің оң және сол жақ бөліктерінде симметриялы орналасқан бионүктелердің бір-бірінен аса қатты айырмашылық байқалмады, синхронды тербеледі. P9 Тай-Юань, P9 Тай-Юань*, V67 Чжи-Инь, F2 Син-Цзянь бионүктелерде температура кішкене жоғарылаған және G14 Хэ-Гу, V67 Чжи-Инь* бионүктелерде температураның басқалардан төмендеген мәні тіркелді.

Қалыпты жағдайдағы бионүктелердің температуралық көрсеткіштерін салыстырғанда олар мынадай мәндерге ие болды: C7 Шэнь-Мэнь – 28,7±1,32°С, C7 Шэнь-Мэнь* – 29,4±0,75°С; P9 Тай-Юань – 30,4±1,8°С, P9 Тай-Юань* – 29,8±0,8°С; G14 Хэ-Гу – 28,4±0,4°С, G14 Хэ-Гу* – 29,0±1,88°С, R1 Юн-Цюань – 28,9±0,7°С, R1 Юн-Цюань* – 29,8±0,2°С, R2 Жань-Гу – 29,3±0,1°С, R2 Жань-Гу* – 29,1±0,6°С, V67 Чжи-Инь – 30,2±0,4°С, V67 Чжи-Инь* – 28,4±2,3°С, F2 Син-Цзянь – 30,2±0,7°С, F2 Син-Цзянь* – 29,1±0,5°С, RP2 Да-Ду – 29,3±0,4°С, RP2 Да-Ду* – 28,8±1,1°С.

Бұл температуралық көрсеткіштердің нәтижелерінен бір мүшеге жауапты меридианның бионүктелері адам денесінің екі жағында, яғни оң, сол жақ бөліктерінде бірдей орналасқанын көрсетеді, зерттеуге алынған мүшенің физиологиялық күйін бағалау мақсатында нақты ақпарат көзі ретінде екі жақта орналасқан бионүктелердің әрқайсысын жеке қолдануға болады. Өйткені дененің екі жағында симметриялы орналасқан бионүктелердің биофизикалық қасиеттері синхронды келеді.

Екінші топтағы, бүйрек жетіспеушілігі бойынша топталған топтағы студенттердің биологиялық активті нүктелерінен тіркелген температуралық көрсеткіштері мүлдем басқа көрініс берді (1, 2-сурет).

Бүйрек патологиясы кезіндегі жасөспірімдердің ағзасындағы оң және сол жақтарындағы бионүктелердің температурасын салыстырғанда, температуралық көрсеткіш оң жақ бөлігінде орналасқан бионүктелерде 24,2±2,8 ÷ 29,3±1,0°С аралықтарында, ал сол жақ бөлігінде орналасқан бионүктелердің температуралық көрсеткіштері 23,7±1,9 ÷ 30,0±0,8°С аралықтарында тербеледі.

Қуық меридианынан таңдап алынған дененің оң және сол жақтарында орналасқан бионүктесінде төмендеген температуралық көрсеткіштер тіркелді. Зерттеуге алынған басқа мүшелердің меридиандарында ерекшеленген температуралық көрсеткіштер байқалмады. Бұл жерде де дененің оң және сол жақтарында симметриялы орналасқан биологиялық активті нүктелердің температуралық көрсеткіштерінде бір-бірінен айтарлықтай айырмашылық байқалмады, әрбір меридианның бионүктелерінде температура синхронды тербеледі, өздеріне тиесілі мүшенің физиологиялық күйін бағалауда біркелкі температуралық көрсеткіштерді беріп отыр.

Бүйрек жетіспеушлігі кезінде активті бионүктелердің температуралық көрсеткіштерін салыстырғанда олар мынадай мәндерге ие болды: C7 Шэнь-Мэнь – 27,8±0,3°С, C7 Шэнь-Мэнь* – 28,9±1,0°С; P9 Тай-Юань – 28,9±1,0°С, P9 Тай-Юань* – 30,0±0,8°С; G14 Хэ-Гу – 29,3±1,0°С, G14 Хэ-Гу* – 29,0±2,0°С, R1 Юн-Цюань – 27,2±1,4°С, R1 Юн-Цюань* – 27,8±0,3°С, R2 Жань-Гу – 27,5±0,2°С, R2 Жань-Гу* – 27,2±0,6°С, V67 Чжи-Инь – 24,2±2,8°С, V67 Чжи-Инь* – 23,7±1,9°С, F2 Син-Цзянь – 26,5±1,7°С, F2 Син-Цзянь* – 26,7±1,3°С, RP2 Да-Ду – 26,2±1,8°С, RP2 Да-Ду* – 26,7±1,0°С.

Қорыта келгенде, бүйрек патологиясы кезінде жасөспірімдердің ағзасындағы биоактивті нүктелердің температуралық көрсеткіштері қалыпты ағзадағы көрсеткішпен салыстырғанда айтарлықтай айырмашылықтарды береді. Бүй-

рек ауруына шалдыққан жасөспірімдердің бүйрек мүшесімен бірге қуық, тоқ ішек, көк бауыр мүшелеріне де көңіл бөлгендері жөн. Бұл мүшелердің асқынып ауруға шалдығуын күтпей-ақ профилактикалық мақсатта алдын-алу шараларын қолданғаны дұрыс болар еді.

Әдебиеттер

1 Дмитриева Н.В., Бурсикова Н.А., Лаврентьева В.М. (2010) Реализация программы «Здоровый ребенок» в условиях детского дошкольного образовательного учреждения. Российский педиатрический журнал. 3:50-51.

2 Баранов А.А. (2009) Научное направление подпрограммы «Здоровый ребенок» – практическому здравоохранению Российский педиатрический журнал. 2:53-54.

3 Сәтбаева Х.Қ., Өтепбергенов А.А., Нілдібаева Ж.Б. (2009) Адам физиологиясы: оқулық. – Алматы: Дәуір, ISBN: 978-6-10005 6563

4 Robyn Webber, David Tolley, James Lingeman. (2005) Kidney stones. Search date April Clin Evid 205.

5 Акшалова Л.М. (2009) Изучение показателей электропроводности корпоральных биоактивных точек кожи у разных возрастных групп людей. Актуальные вопросы современной биологии и биотехнологии. 59 республик. науч. конф. молодых ученых и студентов. – Алматы. 138-139.

6 Иванов В.И. (2010) Акупунктура: новейший справочник. Эксмо. 448.

7 Тулеуханов С.Т., Ефимов М.Л. (2009) Хронобиология и хрономедицина. Монография. – Алматы: Қазақ университеті. 203.

8 Тулеуханов С.Т. (2009) Хронобиология: теория и практика. Вестник КазГУ, серия биологическая. 2(10):3-7.

9 Шишелова Т.И., Малыгина Ю.С., Нгуен С.Д. (2012) Влияние шума на организм человека. Успехи современного естествознания. 8:14-15.

10 Тулеуханов С.Т. (2009) Биологические ритмы – фундаментальный закон живой природы Известия МО и Н РК. Серия биологическая и медицинская. 6(234):3-16.

11 Торманов Н.Т., Төлеуханов С.Т. (2013) Ағзалардың қызметін реттеу және бейімделу механизмдері Оқу құралы. – Алматы «Қазақ университеті. 38-39. ISBN: 878-05-12005-5

12 Төлеуханов С.Т., Торманов Н.Т. (2010) Адам физиологиясы/ – Алматы. 192 -197. ISBN: 55-0225-99992

13 Сәтбаева Х.Қ., Өтепбергенов А.А., Нілдібаева Ж.Б. (2005) Адам физиологиясы: оқулық. Алматы: Дәуір. 63-69. ISBN: 978-6-100005 626

14 Геккера Г., Стивлинга А., Пьюкера Э. (2008) Иллюстрированный атлас акупунктуры. Биологически активные точки тела, ушей, триггерные зоны. М, АСТ, Астрель. 244.

15 Абылайханова Н.Т. (2006) Қояндардың терісіндегі биоактивті нүктелердің электрөткізгіштік қасиеттерінің жылдың көктем мезгіліндегі қалыпты жағдайдағы және гипоксиядан кейінгі тәуліктік динамикасы ҚазҰАУ. Ізденістер, нәтижелер. 4:304-309.

16 Васильева Г.С., Арзыкулов Ж.А., Гончарова Т.Г., Насырова А.П., Фрязинова Т.С. (2003) Оценка современной структуры электропроводности БАТ у больных со злокачественными опухолями. Проблемы эволюции открытых систем. – Алматы: Эверо.160-168.

17 Мустафин А.М. (2010) Связь между биологически активными точками и психологическими функциями. Бюллетень экспериментальной биологии и медицины. 7:89-110.

18 Hobbs B. (2009) Complementary Ther. Med. The application of electricity to acupuncture needles: A review of the current literature and research with a brief outline of the principles involved. 1:36-40.

19 Төлеусаринова А.М., Дүйсеғалиева Г.И., Құнанбай К., Төлеуханов С.Т., Төлеусаринова С.Т. (2007) Шығыс медицинасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті. 148.

20 Елисеева Ю.Ю. (2006) Иглорефлексотерапия. Полный справочник. Эксмо. 608.

References

1 Dmitrieva NV, Bursikova NA, Lavrent'eva VM (2010) Implementation of the program «Healthy Child» in a preschool educational institution. Russian Journal of Pediatrics. [Relizatsiya programma «Zdorvy rebenok» v usloviyah detskogo doshkolnogo obrazivatelnogo uchrezhdeniya.]. Rossiyskiy padiatrichesky zhurnal. 3:50-51.(In Russian)

2 Baranov AA (2009) Scientific direction of the subprogram «Healthy Child» – practical health. Russian Journal of Pediatrics. [Nauchnoe napravlenie podprogrammy «Zdorovyy rebenok» – prakticheskomu zdravoohraneniyu] Rossiyskiy pediatricheskiy zhurnal.2:53-54. (In Russian)

3 Satbaeva HK, Otepbergenov AA, Nildibaeva JB (2009) Human physiology. Almaty Dauir. [Adam fiziologiyasy: okulyk.] ISBN: Almaty Dauir. 978-6-10005 6563 (In Russian)

4 Robyn Webber, David Tolley, James Lingeman. (2005) Kidney stones. Search date April Clin Evid 205;

5 Akshalova LM (2009) The study of the electrical conductivity performance corporal biologically active points of the skin in different age groups of people. Actual problems of modern biology and biotechnology. [Izuchenie pokazateley elektroprovodnosti korporalnyh bioaktivnyh tochek kozhi u raznyh vozrastnyh grupp lyudey. Aktualnye voprosy sovremennoy biologii i biotehnologii]. 59 respublik. scientific. Conf. molodyh uchenyh i studentov. Almaty.138-139. (In Russian)

6 Ivanov VK (2010) Acupuncture: new reference. Eksmo. [Acupuncture: noveyshiy spravochnik.] Eksmo. 448 (In Russian)

7 Tuleuhanov ST, Efimov ML (2000) Chronobiology and chronomedicine monograph. Almaty: Kazakh University. [Hronobiologi i hronomeditsina. Monograph.] Almaty: Kazakh Universitet. 203. (In Russian)

8 Tuleuhanov ST (2009) Chronobiology: Theory and Practice. biology series. [Chronobiology: teoriya i praktika.] Bulletin of KSU, seriya biologicheskaya, 2(10):3-7. (In Russian)

9 Shishelova TI, Malygina YS, Nguyen XD (2012) [VLIYaNIE ShUMA NA ORGANIZM ChELOVEKA] Uspehi sovremennogo estestvoznaniya. 8:14-15. (In Russian)

10 Tuleuhanov ST (2009) Biological rhythms – a fundamental law of nature [Biologicheskie ritmy – fundamentalnyy zakon zhivoy prirody] Izvestiya MO i H RK. Seriya biologicheskaya i meditsinskaya. 6(234):3-16. (In Russian)

11 Topmanov NT, Tuleyhanov S (2013) [Agzalapdyn kyzmetin pettey zhane beyimdely mehanizmderi] Oky kuraly. Almaty «Kazakh universiteti. 38-39 ISBN: 878-05-12005-5 (In Russian)

12 Toleyhanov ST, Topmanov NT (2010) Human fiziological. Almaty. [Adam fiziologiyacy] Almaty.192 -197 ISBN: 55-0225-99992 (In Russian)

13 Satbaeva NK, Otepbergenov AA, Nildibaeva JB, (2005) Human physiology. Almaty Dauir. [Adam fiziologiyasy: okulyk]. – Almaty Dauir. 112 ISBN: 978-6-100005 663 (In Russian)

14 Hecker G, Stivlinga A, Pyukera E (2008) Illyustrirovannyy atlas akupunktury. Biologicheski aktivnye tochki tela, ushey, triggernye zony / – M .: AST: Astrel. 244 (In Russian)

15 Abylayhanova NT (2009) Daily dynamics after hypoxia and normal spring period, the electrical conductivity properties of biologically active points of the skin of a rabbit. KazakhNU. Search and outputting. [Koyandardyn terisindegi bioaktivti nүktelerdin elektrotkizgishtik kasietterinin zhyldyn koktem mezgilindegi қalypty zhagdaydagy zhane gipoksiyadan keyingi tauliktik dinamikasy] KazNU. Izdenister, natizheler. 4:304-309. (In Russian)

16 Vasiliev GS., Arzykulov JA, Goncharova TG, Nasyrova AP, Fryazinova TS (2003) Evaluation of the modern structure of the electrical conductivity of BAP in patients with malignant tumors. Problems of evolution of open systems. Almaty. Avery. [Otsenka sovremennoy struktury elektroprovodnosti BAT u bolnyh so zlokachestvennymi opuholyami] Problemy evolyutsii otkrytyh sistem. Almaty: Avery. 160-168. (In Russian)

17 Mustafin AM (2010) The relationship between the biologically active points and psychological functions. Bulletin of Experimental Biology and Medicine. [Svyaz mezhdu biologicheski aktivnymi tochkami i psihologicheskimi funktsiyami] Byulleten eksperimentalnoy biologii i meditsiny. 7:100-105. (In Russian)

18 Hobbs B (1999) Complementary Ther. Med. The application of electricity to acupuncture needles: A review of the current literature and research with a brief outline of the principles involved. 1:36-40. (In Russian)

19. Toleusarinova AM, Duysegalieva GI, Kunanbay K, Toleuhanov ST, Toleusarinova ST (2007) Oriental medicine textbook. Almaty: Kazakh University. [Vostochnaya meditsina: uchebnik]. – Almaty: Kazakh Universitet. 148 (In Russian)

20 Eliseeva YY (2006) Acupuncture. Full directory. Eksmo. [Iglorefleksoterapiya. Polnyy spravochnik] Eksmo. 608. (In Russian)

Чередниченко О.Г.

Институт общей генетики и цитологии МОН РК, Казахстан, Алматы

Комбинированное воздействие рентгеновского и γ-излучений на клетки периферической крови человека in vivo и in vitro

Представлены результаты изучения in vivo эффектов хронического влияния рентгеновского излучения на медицинских работников рентгенлабораторий, а также оценена радиочувствительность и способность лимфоцитов их периферической крови к формированию адаптивного ответа под действием дополнительного γ-излучения. Проведены in vitro эксперименты по изучению комбинированного воздействия Х- и γ- излучений на клетки периферической крови здоровых доноров. Изучение спонтанного уровня частоты хромосомных нарушений выявило значительное повышение аберраций как хромосомного так и хроматидного типов у обследованной группы по сравнению с контролем, что свидетельствует о мутагенном эффекте факторов профессиональной среды. Обнаружена высокая радиочувствительность к дополнительному γ-излучению и индукция большого количества мультиаберрантных клеток. В in vitro экспериментах с дробным облучением в адаптирующих дозах крови здоровых доноров рентгеновскими лучами и облучение этой же крови повреждающей дозой γ-излучения показывает, что адаптивный ответ формируется только при однократном облучении адаптирующей дозой.

Ключевые слова: Хромосомные аберрации, радиочувствительность, адаптивный ответ, γ-излучение, рентгеновское излучение.

Cherednichenko O.G.

Institute of General Genetics and Cytology, Kazakhstan, Almaty

Combined effects of x-ray and γ-radiation on cell human peripheral blood in vivo and in vitro

The results of the study in vivo effects of chronic influence of X-rays on rentgenlaboratory medical workers, as well as assessed the radiosensitivity and the ability of peripheral blood lymphocytes in the formation of an adaptive response to additional γ-radiation. Conducted in vitro experiments to study the combined effects of X- and γ- radiation on cells of peripheral blood from healthy donors. The study of the spontaneous frequency of chromosome aberrations level revealed a significant increase in chromosomal aberrations like and chromatid type in the surveyed group of radiologists compared to the control, indicating that the mutagenic effect of factors of professional environment. Correlations between age, duration of work in harmful conditions, and yield of chromosomal abnormalities have been identified. Nevertheless, some individuals retained the ability to form cells of the adaptive response of the reaction, resulting in lower overall frequency of chromosome aberrations, but of the aberrant cells. In in vitro experiments with fractional doses of irradiation in adapting healthy donor blood and X-ray irradiation of the same blood damaging γ-radiation dose it shows that the adaptive response is generated only at a single dose of irradiation adapting.

Key words: chromosomal aberrations, radiosensitivity, adaptive response, γ-radiation, x-rays.

Чередниченко О.Г.

Жалпы генетика және цитология институты РК БҒМ ҒК, Қазақстан, Алматы

Адамдардың перифериялық қан жасушаларына in vivo және invitro жағдайында рентген және γ-сәулеленудің кешенді әсері

Медициналық рентген зертханалары қызметкерлеріне рентген сәулелерінің созылмалы әсер ету тиімділігі in vivo жағдайында жүргізілген зерттеу нәтижелері, сондай-ақ, радиосезімділігіне баға беру және олардың лимфоциттерінің γ-сәулелену әсер етуіне адаптивті жауап түзуі келтірілген. Х- және γ- сәулеленулердің адамдардың перифериялық қан жасушаларына кешенді әсерін in vitro жағдайында тәжірибелер жүргізілген. Рентгенологтарда хросомдық аберрациялардың кездесу жиілігі бақылау тобымен салыстырғанда жоғары болды, кәсіби жұмыс ортасы факторларының мутагенді әсері бар екендігін көрсетеді.Жеке тұлғаларда хросомдық бұзылуларға алып келетін γ-сәулеленуге жоғары радиосезімталдығы мен мультиаберрантты жасушалардың басым бөлігінің индукциясы байқалады. Кейбір тұлғалардың жасушалары адаптивті жауап түзу реакциясын сақтап қалды, бірақ аберрантты жасушалардың емес, хромосомдық аберрациялар жиілігінің төмендеуін байқауға болады. γ-сәулеленуге жоғары сезімталдылық және мультиаберрантты жасушаларының көп болуының индукциясы байқалды, алайда, кейбір тұлғаларда адаптивті жауап реакциясының түзілуіне жасушалардың қабілеттілігі сақталып қалды. In vitro жағдайында дені сау донорлардың қанын бейімдеу мөлшерлі рентген сәулесімен бөлшектеп сәулелендіру және осы қанды γ-сәулесінің қарқынды бүлдіруші мөлшерімен сәулелендіру тәжірибелері жасалды.

Түйін сөздер: Хромосомдық абберациялар, радиосезімділік, адаптивті жауап, γ-сәулелендіру, рентген саулелендіру.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 575:599:539.1.047

Чередниченко О.Г.

Институт общей генетики и цитологии МОН РК,
Республика Казахстан, г. Алматы
E-mail: cherogen70@mail.ru

КОМБИНИРОВАННОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ РЕНТГЕНОВСКОГО И γ- ИЗЛУЧЕНИЙ НА КЛЕТКИ ПЕРИФЕРИЧЕСКОЙ КРОВИ ЧЕЛОВЕКА IN VIVO И IN VITRO

Введение

Как известно, предварительное облучение клеток в диапазоне малых доз повышает их устойчивость к последующей экспозиции большой дозой радиации. В экспериментальных работах на разных биологических объектах показано, что ответная реакция клетки на слабое внешнее воздействие (адаптивный ответ), вероятно, является результатом каскада молекулярных событий, представляющих собой реализацию вариантов генетической программы, определяемой характером и интенсивностью внешнего воздействия [1]. В наших предыдущих исследованиях мы изучали формирование адаптивного ответа под влиянием малых доз различных факторов (радиация, тепловой шок, химические мутагены) и в перекрестных реакциях. Показано, что реакция адаптивного ответа формируется, не только в однофакторных экспериментах, но и в перекрестных реакциях, что может свидетельствовать об общности некоторых этапов, формирования адаптивного ответа. Однако, характер полученных цитогенетических нарушений, определяется природой не адаптирующего, а повреждающего агента. Аналогично, показано, что при изучении формирования адаптации к тепловому шоку и в перекрестных защитных реакциях индуцированных стауроспорином с использованием культур клеток кардиомиебластов крысы (H9c2) и миобластов мыши (C2c12) защитные эффекты адаптации культур клеток специфичны к типу повреждающего воздействия [2]. Полученные результаты согласуются с механизмом формирования адаптивного ответа, предложенным Бондарчуком, который также подтверждает, что повышение радиорезистентности может быть вызвано не только облучением клеток в малых дозах, но и обработкой их малыми дозами других физических и химических агентов. Это связано с тем, что плазматическая мембрана является очень чувствительным компонентом клетки, реагирующим на тонкие изменения окружающей среды, и запускающих в ответ на них каскады ферментативных реакций приводящих к индукции апоптоза, дифференциального деления, репарации ДНК или других клеточных ответов в зависимости от специфики конкретной ситуации [3]. В связи с этим нам показалось ин-

тересным изучить комбинированное воздействие двух видов электромагнитных излучений – рентгеновского и γ-, разделение между которыми весьма условно, т.к. их энергетические диапазоны перекрываются в широкой области энергий. Тем не менее, гамма-квантами являются фотоны с высокой энергией и чрезвычайно малой длиной волны – < 5×10^{-3} нм, а фотоны рентгеновского излучения имеют энергию от 100 эВ до 250 кэВ, и длиной волны 0,005 – 10 нм. При этом, существует некоторое разделение на рентген – обладающий наибольшей энергией фотона и частотой излучения (и наименьшей длиной волны), который используется преимущественно в промышленных целях и по своим характеристикам более близок к γ-излучению; и рентген характеризующийся наименьшей энергией фотона и частотой излучения (и наибольшей длиной волны), используемый как правило в медицинских и бытовых целях. Выбор именно этого типа рентгеновского излучения для своих экспериментов продиктован несколькими причинами – во-первых, именно ему подвергаются люди при медицинских обследованиях и работники рентгенлабораторий, а во-вторых, он по своим физическим характеристикам значительно отличается от γ-излучения.

Для изучения хронического влияния малых доз мутагенных факторов достаточно удобной моделью является когорта людей, профессионально подвергающихся воздействию радиации. В отличие от жителей экологически неблагоприятных регионов, где порой очень трудно вычленить преимущественный тип мутагенного воздействия, в данном случае мы можем даже говорить о типе радиационного воздействия. Ранее нами проведено обследование группы людей, подвергающихся γ-излучению в силу своей профессиональной деятельности [4]. Настоящая работа посвящена оценке хронического влияния рентгеновского излучения на медицинских работников рентгенлабораторий, изучению радиочувствительности и способности лимфоцитов их периферической крови к формированию адаптивного ответа под действием γ-излучения, а также проведены in vitro эксперименты по изучению комбинированного воздействия R- и γ- излучений на лимфоциты периферической крови человека.

Материалы и методы исследования

Проведено изучение частоты и спектра аберраций хромосом у 10 человек, работающих в медицинской рентгеновской лаборатории в возрасте от 25 до 59 лет, стаж работы от 4 до 31 лет. Контрольная группа состояла из двух подгрупп – жители п.Таусугур Алматинской области (41 человек), и г. Алматы (15 человек), не имевшие профессионального контакта с источниками ионизирующей радиации и не подвергавшиеся в последний год рентгеновскому обследованию. Эксперименты по изучению радиочувствительности и индукции адаптивного ответа проведены у 10 человек из каждой выборки. Образцы периферической крови отбирали в стерильных условиях из локтевой вены в гепаринизированные флаконы.

Культивирование лимфоцитов и приготовление препаратов проводили по следующей методике: к 0,5 мл периферической крови добавляли к 4,5 мл среды культивирования, состоящей из 80% среды HAMs с глютамином (2мМ), 20% сыворотки КРС (крупного рогатого скота), пенициллина 100 ед/мл, стрептомицина 100 ед/мл. Деление лимфоцитов стимулировали 2% р-ром ФГА (Панэко, Россия). Клетки инкубировали при 37° С в течение 48 часов. Для накопления метафазных пластинок в культуральную среду за 2 часа до фиксации вводили колхицин в конечной концентрации 0,8 мкг/мл. Для получения цитологических препаратов клетки гипотонизировали 0,075М KCl при 37°С 15 минут, фиксировали смесью метиловый спирт/ледяная уксусная кислота (3/1) и окрашивали 4% раствором красителя Гимза [5]. На каждый вариант просчитывали не менее 200 метафаз. При статистическом анализе определяли число клеток с аберрациями, а также число и тип аберраций на 100 проанализированных метафаз. Использовали стандартные методы статистического анализа [6].

В работе использовали также микроядерный тест в сочетании с цитокинетическим блоком цитохалазином В, который добавляли на 44 часу культивирования, фиксацию поводили на 72 часу культивирования [5]. Учет микроядер осуществляли при подсчете 1000 двуядерных клеток на каждый вариант [7].

Радиационная обработка: – цельную кровь в стеклянных флаконах подвергали воздействию γ-излучения на линейном электронном ускорителе ЭЛУ-2 с номинальной энергией ускоренных электронов 1,5 МЭВ при мощности доз для 0,05 Гр – 0,05 Гр/мин и для 2 Гр – 0,1 Гр/мин; воздействию рентгеновского излучения на медицинской рентгеновской установке в дозах 0,033 Гр; 0,066(0,033+0,033) Гр; 0,099 (0,033+0,033+0,033)

Гр; 0,13 (0,033+0,033+0,033+0,033) Гр при мощности дозы 1 Гр/мин в G_0-фазе клеточного цикла. Суммарную дозу рентгеновского излучения набирали последовательными облучениями образцов крови по 0,033 Гр с 0,5 ч. интервалом.

Адаптивный ответ индуцировали облучением образцов крови в G_0-стадии клеточного цикла адаптирующими дозами (0,05 Гр γ-излучения или рентгеновским излучением (0,033-0,13 Гр), повреждающее воздействие (2 Гр) проводили через 4 ч. на этой же стадии клеточного цикла. Далее клетки стимулировали ФГА и культивировали по описанной выше методике.

Результаты исследования и их обсуждение

Изучение частоты хромосомных аберраций в лимфоцитах лиц, работающих в рентгенлаборатории

